

84.5523.

M 88

Ғабит Мұсірепов

Ой-сезім
сәттері





34876

Фабит Мұсірепов

Ой-сезім
сәттері

Құрастырып, түсініктеме жазғап —
Сәрсенбі Дәуітұлы



АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1996

ББК 84.5 Каз 7-44
М 88

М 4702250202-18
408(05)96 Құлактаңдырылмаған 96

ISBN-5-610-01191-4

ББК 84 каз 7-44
© Ғабит Мұсірепов, 1996

0/2

ІНЖУ-МАРЖАН ҰШҚЫНДАРЫ

Нағыз жазушының негізгі кітаптары көзінің тірісіндегі том-том болып шығып жатады. Ол — романдар, повестер, әңгімелер, пьесалар, публицистикалық мақалалар, эссе-естеліктер, сыны мақалалар. Елеулі дегенің дүшиенің бәрі сол томдарда.

Ғабит Мұсірепов туындылары көп томды кітап болып бірнеше рет жарық көрді. Ол томдар әдебиетсүйер, кітапсүйер әр азаматтың үйінде тұр.

Ал, енді, сол көп томдық шыгармалар жинағына енбей қалған еңбек қапша?! 350 блокнот, яғни қойындастарлер. Міне, көп қазына сонда жатыр. Ендеше олар неге толық жинаққа енбеген?

Ал бұл сырды қат-қат мәселе. Қойындастар — жазушының өзімен өзі сөйлесуі, өзімен өзі сырласуы. Кейде тіпті ең жақын адамыңа айттылмайтын сыр қойындастарге сеніп тапсырылады.

Бір жолы Бәүкец — Бауыржан Момышұлы қатты ауырып, емханаға тұсті. Сейдахмет Бердіқұлов екеуміз алып бардық. Сонда Бәүкец:— Жаман айтпай жақсы жоқ, егер мен олай-былай боп кетsem, бір қапшық жазбаларым бар еді, архивке тапсырылған. Соны мен өлгеннен кейін 15 жылдан соң ашсын. Бұл менің сендерге аманатым,— деді.

Абырой болғанды, Бәүкец ол жолы емханағадан аман шықты. Архивке біздің қуәлігіміз керек болған жоқ.

Міне, қойындастар құпиясы. Ол құпия көбінесе автордың, көзі тірісінде жария бола бермейді.

Сонымен Ғабит Мұсірепов қойындастарлар. Көбінесе араб әртімен жазылған. Тіпті латыншасы да бар. Ал, енді, небір інжу-маржан, асыл ойлар осында. Өмір туралы, адамның болмыс қасиеті туралы, қазақ туралы, қазақтың ұлттық қадір-қасиеті туралы, тарих, әдебиет туралы, өзі туралы, өзінің өмірге құштарлығы, әйелге деген ма-хаббаты.

Әйелге деген, әрине сүйген әйелге деген құштарлық сезім әркімге Ғабеңдегідей бұйырса, дүн-дүние гажайып сиқырлы өуенге бөленіп тұrap еді. Амал не, жұрттың бәріне ондай ұлы сезім бұйыра бермеген. Дүние сондықтан да көбінесе жабырқау.

Інжу-маржан, көп болғанда, асылтас шыгар. Мынау одан ғері қымбат, көп қымбат. Бұл рухани асылдар. Рухани інжу-маржан ұшқындары.

Кұрметті оқырман!

Жылтыңыз жаңыңызды сол нұрлы сәулеге.

Шерхан МҰРТАЗА

ЖАЗУШЫНЫң ЖАН СЫРЫ

КЕЙБІР ОЙЛАР

Құс жоғары үшқанмен, ойы жоғары емес, әрине.

* * *

Бір көзім балада, бір көзім далада, ал болмаса, бір көзім
қорада болса, бір көзім молада деген қазақ не айтқысы
келген.

СЫН ТУРАЛЫ

Табысқа қуанып, кемдікке ренжіп отырар болса!

* * *

Темір кессен қелте кес, соға келе ұзарар,
Ағаш кессен ұзын кес, шаба келе қысқарап.

* * *

— Ертегідей тсңдік, әділдік, жарасымды, байлық,
сүйіспеншілік орнаған ер туралы роман жазу керек. Бұдан
30-ақ жыл бұрын ру жүйесі мен қараңғылық көрпесін қалың
жамылып алып жатқан қазақ елі қазір дүниелік филосо-
фияның ең жоғарысын, ең ақылдысын қолма-қол іске
айналдырып отыр. Бұл ертегі емес пе? Әңгіме осы жайында
булы керек.

Жоқтау — мағынасыз айтыла беретін «Айрылдым, ойбай, айрылдым!» смес. Демек, орны опырылып қалған үлкен адамдарды құрметпен ессе алатын елдің мінезі, елдің салты болуы керек.

Ғылым адамдары жылма-жыл Пушкин қаза болған күнді еске алып, Пушкин үйіне (музейіне) келіп беріктерін алып, бес минет үйыған түрде тұрып қалып, арнаулы күйді ойнатып тарасулары — осы жоқтау болады.

Абайға, Құрманғазыға, Шоқанға, Аманкелдіге, Жамбылға осы жоқтауды, осы мағынадағы жоқтауды салтқа айналдырып жіберуге болар еді. Құрметті адамның өлгсендін белгілі бір ауданда, мәдениет ошағының көлеміндегі, үйім колемінде жылма-жыл ессе түсіретін дәстүргө айналдырса, одан келер ерсілік жоқ.

Әр нәрсені бағалай білуге үйрететін дәстүр, өнсеге бар.

Өлікті көмудің өзі халықтың құрметтейтін бір ісі болуы керсек. Ж. Б.-тың жырқылдақ қатыны өліп еді, үлкен оркестр күні бойы өксіді. Ол қатынның бар қасиеті: магазин, киім тіктіретін жерлерді босатпаушы еді.

Атақты домбырашы Қабиғожин өліп еді, сшкім дұрыстап естіген де жоқ. Толып жатқан оркестрі бар филармония үнісіз ғана көме сапты. Оркестр осы скі өліктің қайсысына лайықтырақ?

К.— ессе большевик, снбегі сіңген адам, оған жаназа маршын ойнау дұрыс-ақ. Ал жырқылдақ жеңгісің қолайлысы «чижик-пышжик» смес пе? Онда да Ж. Б. жолдастың аппаратқа ассеңі барлықтан, мәстком ақша шығармайтына алмайтын болса! Яғни, әркімнің «жаназакүйі» өзінсін лайық болсын.

Күләш өлссө — оркестр «Гәкку», «Ақ толғай», «Дүниес-ай» сияқты күйлер ойнасын.

Жангелдин өлссө — «Жаназа маршын» ойнасын. Ахмет Жұбанов өлссө — ұлт оркестрі халық күйлері мен Ахметтің өз күйлсрін, әндерін ойнасын.

Мұхтар'өлссө — жылма-жыл ойналатын да, жаназа күйін де — Еңлік-Кебектегі — «Қарғама!», «Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім» күйі болу керек.

Маған — Ақ Баян (*Көрпештепе*) жаназа күйім болса, басқаны тілемес едім...

ҚАРАҒАНДЫ АҚЫНЫ ЖОЛДЫКЕЙ НУРМАҒАМБЕТОВТІҢ ҚОШТАСУЫ

Мен жаз бойы Қарағандыда болып, бірнеше айтыс өткізіп, оның ағын республикалық ақындар айтсын өткізумен аяқтап, Қарағанды ақындарымен Семейде қоштасып жатқанымда Жолдыкей ақын былай деді: «Бір торғай отыз жыл бойы бір бәйтерекке үялап, балаларын аман ұшырып-өсіріп жүріп, аяғында орнын ауыстыруға тура келгенде бәйтерекпен былай қоштасыпты:»

Жазы салған сары атан,
Жапырағыңды шалмасын.
Домалақ қара балташы,
Түбінде қонақ салмасын.

Тәбеңнен қысса күн көзі,
Өзегіңе бармасын.
Жылғаң кеүіп бауырыңда,
Тамырың қурап қалмасын.

Бұтағыңды сыңдырып,
Отын етем дегениң,
Жаққан оты жапбасын.
Саған қастық істеген,
Өмір бойы зарласын.

Сонда бәйтерек торғаймен былай деп қоштасыпты:

Тұра құған тұрымтайдан сақтасын,
Жагалай құған жагалтайдан сақтасын,
Алдыңған қырги шалмасын,
Балапаныңды қуып алмасын.
Тісін көрсектеппің тісі сынын,
Саған тісін салмасын.
Күшиң көрсектен күштіге жолықсын.
Бәледен басын алмасын.
Саған да қастық ойлаған,
О да өмір бойы зарласын,
Осының бірі біз, бірі сен бол, қарағым
Бір-бірімізге айттарымыз да осы болсын,—

деп Жолдыкей көзінсә жас алып, теріс айналды.

ДОМБЫРА САЗЫ

Жолдыкей ақыннан (Қарағанды)

Домбырам басы бал қурай,
Басына қонар боз торғай.
Бал қурайы болмаса,
Қайда қонбак боз торғай?

Бал қурайға тимендер,
Ұшып кетер боз торғай.
Ұшып кетсе боз торғай
Лызырап қалар далаң жәй!

Домбырам басы айдын көл,
Айдын көлде көк құрақ,
Көк құраққа көл тұрақ,
Көлге тұрақ көк құрақ.

Көлсіз қалғың қелмесс,
Көк құраққа тимендер.
Көк құрақ өлсө көл өлер,
Өкінген болын соңынан,
Неге тидік демендер.

Домбырам басы қалың боз,
Кара жердің көйлегі.
Ұялып қалар көрі анаң,
Жырта бермес көйлегін.

Үтттан өлер көрі анаң,
Үят білмес үрпағы
Жырта берсе көйлегін.

Домбырам басы қара орман
Қарағайлы, қайынды.
Ұяндай қыскы мекенің,
Құтырған желден панаң сол.
Күн күйдірсе саяң сол.
Балта даусы шыққанда,
Ойбайлайды домбыра,
Орманға тиді арам қол;
Зар қағады домбыра

Тарт орманнан қолыңды
Кара орманға ие бол!

Тегінде жыр мұнымен аяқталмаса керсек. Табиғат бай-
лығын қорға деген ойын халық ақыны, әр саламен ұзақ
жырлағанға ұқсайды. Жолдыкей ақын бұл сөзді кім
айтқанын білмеймін деді. Өзі болуы да мүмкін-ау деп
қалдым.

(ТАБИҒАТ, 1944 жыл, вагон үстінде жазған)

АҚАН — ҰМСЫН

Ұмсын 1917-жылы Тұрсан үйінен қашып кеткен бойы
Ақан серінің зиратына келіп, құшақтап жатып өлген. Үш
күн қарлы жаңбыр, ешкімнің үйіне кіріп жылынуға, тамақ
сұрауға бата алмаған. Кімнің үйіне кірсе де ол оны ұстап
Тұрсанға апарып береді ғой... Жолшыбай көргендері:
Бірінші, құғыншылар... Ұмсын қамысты көлге түсіп кеттіп
тығылды. Екінші, ақ әскерлері дамылсыз өтіп жатыр, тағы
да көл. Үшінші, ылғи түнде жүргуге тұра келді.

...

Қазақстанның сонша биік, сонша кең аспанына қайдағы
бұлт шақ келсін... Жаңбыр аз болатын себебі осы да.

Қазақтың күніне де өкпе жоқ. Жердің түтін өзіміз
қырнап-қырнап, жұлып құртып жатқан соң, Қазақстанға
табиғат есімдігі керек емес екен деп ойлайды да төгеді
келіп отын, төгеді...

ШЫҒАРМА СЫРЫ

Шығарма тек қана мазмұн, тек қана түр смес, ол мазмұн
астары, ол түр астары, теңеу астары. Яғни астарлы ой,
астарлы бояулар, әндер, суреттер, дыбыстар-сыбырлар.
Шығарма сыншылар үшін жазылмайды, кітап оқушылар
үшін жазылады. Мазмұн неғұрлым эмоция арқылы берілсе,
кітап соғұрлым бағалы. Тура айтылған мазмұн қанша сал-
мақты болса да ол көркемдік берілмесе, ол шығарма өтірік-
әдебиетке қосылмайды.

Көркем шығармада желі бар, қазық бар, түйін бар, тәбс бар, ойпат бар т.т. Желінің қазықтары, желі өн-бойына түп-тура болмай, жоғары-төмсн, онға-солға бұрылып отырады. Қазықтар жерге қағылады, яғни желі керекті бір түйінге соға қайтады. Шығарма ауырту керек, сімдеу керек, қуанту керек, ренжіту керек, шығарманың бояулары ак пен қара ғана емес, қызылы да, көгі де, сарысы да бар. Көкорай кемпірқосағын осылай атау керек.

Стиль — жанды сөздердің логикалық құрамы. Бұған ой да кіреді, үн де кіреді, ритм де кіреді, идеяның түспалдамасы да кіреді, теңеу де кіреді, дыбыс ырғағы да кіреді, т.б.

Бес кітап шығарғанымен авторы жазушы болмауы мүмкін, әр түрлі атақ берілгенмен артист те бола алмайсын.

Ленин сыйлығын алғанымен жазушы емес адамдар аз емес (Олар Л.И. Брежневтен басталады).

* * *

Өткен күннің өкілі болып қалудың қасіретін сезбейтін де бір адам болады.

* * *

Киратуға құмарлық — жаңаны жасау құмарлығы.

* * *

Адам құдайға бар үміттен, бар адамнан, бар сенімнен баз кешкеннен кейін сиынатын сияқты.

* * *

Ойынның ұсақ-ұсақ болып, жан-жағына түгел өре жөнелген берекесіз де бір кезі болады.

Ақылыңың көптігінен өзіңе ие бола алмай қалатын кезің де болады.

«Секпіл деген күннің бетінде де бар дейді», — деген әйел дүрыс айтқан.

Ескі өмір — адамның жақсы қасиеттерінен гөрі, жаман қасиеттеріне көбірек сүйенгенін көреміз. Сондықтан жаман қасиеттер өшүдің орнына өсе бермеске амалы қайсы?

Қисық таяқтың көлеңкесі түзу болмайды (монгол мақалы).

Жыртық қапқа тары тұрмайды (монгол мақалы).

Өз тұяғым өзіме ем (Қарабай).

Тағы жұрттар көп ойлап, аз сөйлесіді (Бальзак).

ФАКТИЛЕР МЕН АКТИЛЕР

Байдәulet — Доскейдің атасы, Байдәuletтің қыстауы. Бұқпа онымен аталас, Қареке — Мұраттың жері. Майқұдық — Жұманның жері. Қареке Мойын баласы, Сармантай да Мойын баласы (кіші әйелінен). Байдәulet те сондай.

Сол Байдәuletтің жерін Мұрат баласы Игілік сатады (Спас заводының жері де кіреді).

Бұқпа, Майқұдық деген жерге Игілік пен Жұман арасында талас туып, екі жағы майдандасуға шығады. Арадан төрс айтылып, жекпе-жеккес байлайды. Жұман жағы Сүгірәлі дейтін алыпты шығарады. Он сік ауылды Қареке-Мұраттан адам табылмай, бұлар Мәkkіге кісі жібереді, (ол ағайынымен араздасып, басқа слес отырады скен) ол келмейді. Кенесарының жолдасы болған, тоңмойын адам скен. Одан кейін оның ағасы Досымбекке жалынады. Ол торы шолағымен келіп, сайыста Сүгірәліні жеңеді. Жер Мұратқа тиеді. Ол Ушаковқа сатады.

* * *

Көмірді тапқан суырши Апақ Байжанұлы, оның баласы Оспан қазір көмірші. Апақ шахтыға түсіп, бірінші таяқты сол жейді. Оның әкесі Байжан ізденіп, Омбыға барып, Ушаковтан айына бес сом ақша, бес қадақ керосин, бір пүт үн, бір қадақ шай, он кез мата алып тұратын болған...

Байжан көмір шыққан жерге үй салады. Зерттеуші келгенде сол үйін өртеп жібереді. Жұрт қысылып Апақты «ұстап» береді.

Ол Петербор барып әлгілерді алып қайтады...

* * *

• Қазақ елі Алматыға келіп, жайрандасып қалатын сdi.

Қарағанды — сол қазақ елінің кек кернеген кезінде түйгөн қабағы секілді.

* * *

- Барымта деген именес өзі?
- Ол сіздің қазақтың малын айдал әкететініңіз.

ҰЛКЕН ЖОЛ

Алға ұмтылған елдің ойы мен жүргегі — осы үлкен жолды іздемек, таппак, түспек.

Осы үлкен жолдан онға, солға, ілгері, кейін ұмтылған топтар болмақ.

Жол алыстығынан талай топ шаршамақ. Ол жолдың қайда аппаратынынан шошынған топтар кейін қарай жалт бермек. Иә болмаса, көштің әлдін бөгемек. Ат өлмек, арба сынбақ.

Елдің өзі де бірден түсे қалмақ емес ол жолға. Іздеп таппак, ойланып түспек. Ол жолдың болашағына (1916-жыл) қорыққан топ соған үқсас жол сілтемек.

* * *

Бикен ақын (керсей қызы) мосқал тартып келгендес бір жүттән кейін Еstemір дейтін байдың үйінен сауын сұрауга келіпті. Еstemірдің үйінде жас ақын Шагырай жүреді екен.

Бикенді көрген жерден-ақ Шагырай соқтыға амандасып, әрі-бсрілсн соң бір ауыз, екі ауыз ыңырсы отырып, соз аяғын ылғи Бикенге тигізе береді. Жүдесу екенін нұсқай келіп, «Ескі арбаның қысыны қашып қалған екен», — дейді. Сонда Бикен Шагырайдың домбырасын жұлып алышының атасынан жақын ағайын)

Бұл өлең бізден қалған о басында,
Менимен шең ойнайсың, құрдассың ба?
Бейбастық, қай соқтығу, қай тасуың,
Өлемнің от тастама ордасына.
Аштықтан екі ботам бірдей өліп,
Білесің тыылған жоқ кез жасым да.
Әңгүдік, атың басын кезінде тарт,
Деген бар «байқап соқтық үргашыға».
Сен тоқсың, майға тойған марқа қозы,
Мен жарау, дәм алатын өрге шыға.
Шагырай, аузың бейпіл, қорқам сенен,
Сөз білген ақын деуші ем,
арсыздау ма си?

Ауылның шұбырып жүр көл жағалап,
Өз қарның тоқтығына мәзбісің сен,
Көргеше көзден акқан сораларын,
Асылып жігіт болсам, өлер-ақ ем,—

депті.

Еstemір: «Жә, оның ар жағында айтатын сшнәрсө қалған жок, Шағырай, Бикеннің жолын істс»,— дейді. Шағырай астындағы атын беріпті. Еstemір скі бие, бір сиыр айдатып жібереді.

* * *

«Кетпентүяқ»— Күрең ат, қабажал, қаба құйрық. Бұл Алтай ішінде Қарекеге жақын Қарабатыр деген бай адамның аты. Бұрынғы ру таластарында Қарабатыр Сармантай жағында жүреді де бір таласта Игілікке аудысады. Игіліктің үйіне қонаққа келеді. Қонақ аттанарда Игілік: «Қареке, қалауынды ал»,— дегендеге Қарабатыр Күрең құнанды сұрап әкетеді. Сол Күрең кейін «Кетпентүяқ» атанады.

Шорманның Мұсасы Алтайға жисен екен. Өзі аңшы, қаршығашы. Аң аулап Қарабатырдың үйінде көп жатады екен. Кетпентүяқты сол кісі бәйгегес қосып жүреді. Қаракесек Ерәлі деген кісінің асында Шөрек деген торытөбел атын үрлап орта жолдан қосып, Кетпентүяқтан озып кетеді. Атқа міңген Ербатыр дейтін баладан Мұса сұрап қараса, алдына сшбір ат озбапты. Содан кейін үрлық ашылады.

Мұса ат бәйгені лақтырып тастап аттануға айналады. Жұрт әбіржіп бас бәйгені Мұсаға беріп, нар бастатқан бір тоғыз айып тартады. Бірақ Мұса оны алмай, осыдан барамын да мен де ас бергізем, торытөбелді сөзсіз әкеліндер дейді. Қаракесек қысылып, сөз байлайды. Мұса еліне келіп болмашы біреудің қырық жылғы өлігіне ас беріп, сауын айтады. Торытөбел келеді. Кетпентүяқ бәйгеде алда келеді.

АҚАН ТРАГЕДИЯСЫ

Ақан елу жаста, Ұмысын жиырма жаста.

Екеуі де бірін-бірі айтпай, білдірмей сүйеді, арада отыз жас айрыма бар.

1. Оңашада Ақан мен Ұмысның өзін-өзі айтарғашықтығы, шер сөздері, теңеулері, сөз лептері біреу ғана.

Екеуі де ақын, екеуі де қатты сүйеді, біріне-бірі айта алмайды, жалғыз, онаша шерленеді.

2. Кездессіп қалғанда ортак әңгімслері басқа тақырыптарда. Мұнда көзқарастары бірге шығады, сол арқылы сыр алысады.

3. Көбінесс, біріне-бірі ұрлап қарап, байқамай дене, қол тиіспіп қалғанда дір қағады. Дәлел тауып басқага бұрады.

4. Ұмын Ақанның ән мен өлсі әбенде месін деп ойлайды. Ақан да Ұмынға солай қарайды. Аяғында ақын қосылмауға бел байлайды.

5. Сахнада көрсетпей-ақ ұғындыратын жайлар бар. Адамды өлтіруде бір желінік байламы болса, уақиғаны соған әкеп тіреп, тиісті қылық-қимыл арқылы бірінің өлсерін, бірінің өлтірерін көрсетуге болады ғой. Қайғы иә қуаныш келер сахнаға ауыссын.

6. Бірінің өлтіріп айтқан, жер-жебіріне жеткізіп айтқан сөзіне қолма-қол қайырап жауап алқымға келіп тіреліп қалып, сол күйінде айтылмай қалған кезінде шымылдықты жауып жіберуге болады. а) Кслер сахнада сол күйінде сірекіп, сілейіп қалған адам жауабын сінді беріп жатуына болады. Не болмаса, алғашқы респликаның әрскеттік әсерін енді бір жаңа түйінге айналғаны арқылы андатуға болады.

* * *

Тым жарқырақ өмірсіз нәрсе. Найзагайдан асар жарқыл бар ма, бірақ ондағы өмір қайсы, атақ та сол.

* * *

Елге барғанда кейбір тымақ революциядан бұрын көрген тымағындей, дәл сол баста, дәл солай киілген түрде көргеніндей көрінеді.

Кейде «Елтін жал» ағашының бауырындағы шис-жидектер сол 1916-жылғы көрген жерінде өсіп тұрғандай.

Құдайқүл көлінің ұстінде баяғы бір көрген ақ бұлт әлі сол жерінде тұрғандай...

ЖҮРЕК ӨЛІМІ

Шешс мінезінен сезік алса, бала жүрегі суынā береді, қатулана береді.

Әке-шешенің өтірігі бала жүрәгін сұындыра береді. Бір кезде сол өтірікті бала да айтады.

Әке-шеше ішкен арақ, мақтаныш — бәрі балаға жүғады. Бір кезде бала соны істеуге тырысады, іshedі, темекі тартады, бұзылады. Бала көзінде үлкендер тіпті сақ емес.

Қазақтың билетіні аз емес, істей билетіні аз.

Айып, мадақтау мөлшері барлық ақын-жазушыға бірдей бола алмайды... Ұлы жазушыға жақсы деген баға, орта жазушыға берілген «өте жақсы» деген бағамен бірдей. Шындық, ғашықтық, сұлулық, естілік дегендердің шегі жоқ. Адам арманы кекжиек сияқты, жақындаған сайын алыстай бермсік.

Ақылды адамға ең ауыр жаза — мақтай беру, мақтай беру.

Көрқақтық, ездік, аяңшақтық, көнбістік — құлдықтың ең жаман түрі. Адам арасындағы гармония теңбе-тендіктен емес, келісім жарасымдылығынан.

Үлкен басқаруши бағынышты адамдарының ойыншығына айналса, ол слідің соры. Әр елге бағынышты болған аз халықтарда өзіндік әдеп, салт-сана қалмайды. Тек тілі өзгермеуі мүмкін.

ТҮСІМЕ КІРГЕН БІР ЖЕЛІ

Бір биік тамның екі жағына кесліп, екі жігіт аттан түсіп жатыр, скесуі де жас, екеуі де сымбатты, көрікті. Екеуі бір-біrine қарасып алып, тамға беттеп, тамның екі жағындағы екі есігінен кіріп, бір бөлмеде қарсы ұшырасты. Бұл бөлмес Мәшһүр Жүсіп тамының алдыңғы бөлмесі скен дс, онда көп кітаптар қалған екен. Екі жігіт біріне-бірі тағы да бір жалт етісіп қалып, қабырғадағы кітаптарға барғанда екеуінің қолы бір кітапқа тиді. Екеуі де қолын тартып алды. Бұл жерде тағы бір қарасты.

Содан кейін жаңағы кітапты екеуі де қозғамай, басқа бір-бір кітап алып, скі шеттегі кішкене столдарға отырып, екі жаққа қарап оқи бастады. Сол кезде үйге он шақты жігіт кіріп келіп, олар да қолдарына кітап алып, әркім өз орындарына отыра бастады.

—Бұл менің орным еді,— деп жаңа келгендердің бірі бұрынғының бірін тұрғызды. Стол үстіндегі сызық-чертеждер бұл жігіттің істеп жатқан ісі сияқты.

Жаңа келгендердің тағы бірі:

— Бұл менің орным еді,— деп ана жігітті де тұргызыды. Бұрын келген екі жігіт екі шеттегі екі столдан бір мезгілде тұрып, әр столға отырғылары келіп ыңғайлланған сайын ол столдардың иесі табылып, аяғында ең ортадағы столға екеуі екі жағынан келіп қарсы отырысуға тұра келді. Стол алтау, орындық он екі, жігіт саны да он екі болды.

Біреу сызық сыйады, біреу сурет салады. Енді біреу көзге әрен ілігетін таразыға әлденені өлшеп отыр. Басқалары оқып отыр.

Алғашқы екі жігіт көздері кітапта болғанымен көнілдері әлденеге алаң екендіктерін жасыра алмайды. Жүздері құбылып қояды.

Осы залда түсініксіз бір қозғалыстар, емтихан сияқты бірдемелер болды.

— Кітапхана жабылады,— деп есікten келіп бір адам иілгенде барлығы тұрып тысқа үмтүлды. Енді байқалды, ат байлағыш та біреу екен. Мана тамның екі жағына байланған бұрынғы екі жігіттің екі көк аты басқа он аттың ортасына келіп қалыпты, мұнда да әркім өз атын өз орнына байлаған.

Басқалар тез аттанып кетті де, Бұрынғы екі жігіт көк атты айыра алмай, кезек оқтанып барып, өз аттарын танып мінди. Бірақ бірінен-бірі арқан бойы ұзай беріп, бөтен атқа мінгенін енді біліп, ат басын аз кідіртіп барып, қайырылмастан жүріп кетті. Екеуі екі жаққа кетіп барады.

Осы жай бірнеше күн қайталанып, екі көк те екі жігіттің астына кезек түсіп жүр.

Шұу дегенде сейлеспегеннен кейін, бұдан кейінгі күндерде сейлесе қою, үйір бола қою, енді тіпті қындалап кеткен еді. Ақырында басқа он жігіт тарағ, соң келген екеуі-ақ қалды.

Бұл жолы да үйіне бөтен көкті мініп қайтқан жігіт өз үйінің сыртында атпен тілдесіп тұр:

— Иең кім? Сол жігітпен тілдесем бе, жоқ па? Жоқ, тілдессем,— деп бұл жігіт бел байлағандай. Астына құла ат мініп, қызша киініп, жігіт жүріп кетті.

Қызша киінген бұл жігітіміз күндеңі мезгілінде тамға жеткенде ар жағынан көк ат мінген қыз келіп түсіп жатыр екен.

Енді екі жігіттің басынан өткен оқиға екі қыздың басынан етіп болды.

Ақыры бірі жігіт, бірі қыз екен. Енді осылар не іstemек деп жатқанымда оянып кеттім.

«АЛМА»

1918-жылдың күзі. Мен Бекет Өтетілеуовтөн орысша екі жыл оқыдым. Зерек сдім, Бекет мені Пресногордың жоғарғы бастауыш мектебіне жіберді.

Мұхамеджан Мамеков, Ғабдол Мамеков, бір ақсақ бала (Итбасев), Болатов Хамит, мен — бессуіміз бір класқа экзамен үстәді. Орысша ең нашар білетіні мен екенмін. Экзаменде ең жақсы өткен тағы мен болдым. Орысша сайрап тұрған Мамековтер қайтадан экзамен беруге қалды да, шартпен алынды...

Осы күннен бастап бәсеке басталды: оқуда, класта және қыздармен қарым-қатынаста...

Әкем мені Сағынай деген бақташының үйінс тұрғызып кеткен. Қыс бойғы тамағыма бақташи тай сұрап, әкем бір ешкі мен бес сомға келісken. Және жексенбі күндері мен көлдегі суатты тазаласпақшымын. Сағынайдың кіші қызы Шайзат ете сұлу, уылжыған жас еді...

Бір күні базардан шыға берсем, «Яблочки, яблочки» деп бір қатын қып-қызыл бірдемені сатып тұр екен. Орысша-қазақша переводтан «яблочкиның» алма скенін жақсы білетінмін. Бірақ алманы көрген емес сдім. Шайзатқа бір сыйлық жасау үшін алма дәл келетін сияқты көрінді. Алма екі тыыннан екен. Жиырма тыынға он алма алып, шалбардың қалтасына сықап тұрып салдым. Сатушы әйсл қып-қызыл алманы ернімен ғана үзіп, сұын ағыза сорды да — «ім-ім» дейді. Шайзаттың аузынан да сұын ағызсам деп мен тұрмын.

Жұмсақ, аздап сзілетін де ыңғайы бар қызыл алмаларды шалбардың екі қалтасына сықап алып үтеге қайтсам, дастарқан айналасында он шақты адам шай ішіп отыр екен. (Киіз үйде) Шайзат шай құйып отыр.

— Кел, отыр... — Мен де шайға отырдым. Малдас құрып отыра бергенімдес екі шатымды тіреп тұрған «алмаларым» бырс етс түсті, бұтым көлкіп жүре берді. Амал не, шыдан отырмын. Ұзақ отырған сайын бұтым, астым шылқылдан барады.

Бір кезде шай ішіліп болып, Шайзат далаға шыққанда артынан мен де жөнелдім. Үй сырты ағаш, ымдаپ қызыды ары апарып, сызылып-ұялып тұрып, алмаларымды ұсындым.

Қыз «алма» дегенде сақылдап күле бастады, езіліп ми болып кеткен он помидорды қызыға ұсынып мен тұрмын. Қысқасы, менің «алма» деп әкелгенім помидор екен. Оны ол жердің орысы «яблочки» дейді скен. Қыз оның не екенін біледі де, шын алманы білмейді. Менің шын алмадан хабарым бар да, өзін көрген емен. Помидор дегенді сөтіген де, көрген де емеспін.

Қыз езілген помидорды қолына алып:

— Апа, Ғабиттың маған әкелгсін сыйлығын қара,— деп үйге қарай жүгірді.

Ағаш арасында аң-таң болып мен қалдым.

* * *

Өмірде бір-ақ рет бір адам жалт етіп қалғанда жұлын тамырларым ду ете түскендей болды.

(Ақылшыға)

— Ойнақшыған көілдің
Сағымнаң салған сарайы ма си,
Самал соқты — жоқ болды.
Мойнымды созып қараймын.
Самал қалған — сағым жоқ,
Сенімгे сезім бой бермей,
Арпалысып жүр-жүрлер,
Лұыздық жоқ, тізгін жоқ.

* * *

Көзіңсен бір шоқ түскендей,
Лап етті жүрек жалынға.
Көзді жұма құладым,
Ая, күйдім алдында
Кезін бір түсіп қалғанда.
Лебінмен тартып алғандай,
Құлап келдім алдынға.
Рақым ет мен жазғанға,
Жалынып қолын созғанға.
Кейде көңіл жай таппай,
Рұқсат деп зар етер,
Атынды атап күн бойы,
Риясыз сүйер, жар етер,
Сөнер бір күн, кәз жетер...

Ұзын, биік коридор. Екі ақ бас қарама-қарсы жүгіріп кследі. Жақындастып келе біреуі портфелін лақтырып жіберді. Құшақтастып қалды. Бірін-бірі арқа қағысып, дөңглесенісп җүр.

Біреуі кабинеткес, біреуі кейін қарай қол сілтейді. Осы екі адам зырлап шегінісп қос ноқатқа айналады. Зырлап таулар арасынан, құмдар арасынан етіп барады. Кейде поезд үстінде, кейде түйс үстінде, кейде аспанда, кейде жерде. Бұл арасында, үйінділер арасында, мәшинелер арасында.

Енді, міне, екеуі терен құдықтың түбінде... Бұл — зерттеу құдығы. Жанағы екі ақ бас бұл жерде екі жас инженер. Жер құтын іздел жүр.

- Тұрақты бюро құлап қалмасын.
- Бас жау пәленше делінбесін.
- Өздерің кемістік көрмендер.
- Елімізге тіл тимесін, ондайда келісаппен періндер.
- Шама келгеншес әдебист мәселеңісін бұра беріндер.
- Әңгіме әр көзқарастағы әдебист күштерін біріктіріп, қозғалысты күшайте берудс.

1. Бір қылышың ескес түскенде, молаңның басына барып өлгім кследі. Енді бір қылышың есіме түскенде, теренірек казып, қайтадан көмгім келеді.

2. Милицияға кісі «до свидания» дей мс екен, ақымақ... Оның аты не екенін білесің бс?

3. Домбыраны божылдатып тартып-тартып, «дейді, дейді» дейді тоқтамайтын артист.

4. Жүрек өлімі.

5. Әй, сенің осы күні менімен шалғай-шалғыс жүргенің қарызынды қайтармауга дәлел бола алмайды (Мұхтар).

6. — Бір аяқтар кетіп бара жатты.
 — Идиот, аяқ кетіп бара жатпай қайтушы еді.
 — Бір көздер қадалып бара жатты.
 — Саған ба?
 — Маған болса, болып жатыр ғой... басқаға.
 — Идиот...

Көк, жасыл, зенгір. Меруерт, жаһұт, маржан, лагыл, гранит, мырамыр, темір, металл. Өсімдік аттары...

ШАШУБАЙДЫҢ БІР ҚЫЛЫҒЫ

Сыдық Уәли баласы. Қараөткел саудагері, ногай,
Жамбыл Ғалайолла баласы. Қарқаралы саудагері,
ногай.

Екеуі де Орманбеттің қызы, Мәмбеттің қарындасы
Тауыққа құмартыпты. Екеуі де Шашубайдың жалынып, Ша-
шекең екі ногайды қабаттап соғып, түнде бір әйелді Тауық
етіп әкеліп, екеуіне де жолықтырып, Тауықты өзі басып
қалыпты.

Болыс Тілеш баласы Омарбек тс Тауыққа құмар екен.
Шашубайдың қылығын білген соң ол Шашекеңнің көнілдесі
Сагираны аударып әкетеді. Одан Шашекеңнің өзі құтылғалы
жүр екен.

Шашекеңнің өзгерген түрлері:

Уездің тілмашы, есалан, кекеш, әнші, («Қылпу»),
мырза.

ҚЫРГЫЗ ЛИРИКАСЫ

Жібек оңбас болсайшы,
Жігіт өлмс болсайшы.
Жігіт пenen қыз өлсес,
Жерге көмбес болсайшы.

1. Өліктердің ішіндс тіріден гөрі тірісі де болады.
Тірілердің ішінде өліктен гөрі өлірегі де болады.

2. Жаңа дегеннің ішінде ескіден де ескірегі, ескі дегеннің
ішінде жаңадан да жаңарағы болады. Өңгімс кімнің қалай
түсінуінде, үғынуында да ғана емес, көрсете алуында.

* * *

Әдемі алма көргенде пышақтың да тісі қышиды. (Баль-
зак).

* * *

Тәңірінің тап өз қанатының саясында үйқтап жатқандай
бір жанды бір ғана көрдім де, қайтып көре алмадым. Бар
«құнәм» сол көру ғана, күнәсіз ғана көруім, жоқ, көрудсн
аса алмағаным ғана.

* * *

Улкендер жыласа, өндіріп жібереді екен. (шаншар, тонтай Қалыбектен.)

* * *

Откен омірде болмашы кедергіні ердің ері-ақ бұзып кете алған.

* * *

Данышпандықты түсіне білген де — данышпандық!

* * *

Шоқан айттырған қалындығым мен ағасы Жақып тамыр екенін біліп, басқа біреудің (кедейдің) қызын алам дейді. Әкесі Шыңғыс бұл жайды білмей, өз дегенине басады. Шоқан қызықкан қызды біреуге (Малтабарға) тоқалдыққа ұзаттырып жібереді.

* * *

— Мен ит терісін басына қаптадым.

— Ол сенің басыңа не қаптады?

Шарипов үш трубкамен қатар сөйлесіп, үш кісіні тұтас былықтырады. Үш түрлі істі шатастырады.

— Пай, пай! Боратып кеп берсін бүйірықты! Түсіндің бе деп сұрамайтының-ай, әйтеуір.

МИНЕ, АДАМ МИНЕЗІН ТУЗЕЙТІН ТАҚЫРЫП

Әлгінде ғана (4/V — 1945-ж.) кешкі сағат сегіз шамасында дауыл көтеріліп, менің тереземің алдында есіп түрған үш теректі сындырып кетті. Теректер 1937-жылы ғана отыргызылған, жас болса да, көптен суғарылмағасын сары ала өзектеніп, қуара бастаған екен.

Мен жаңа ғана үйқтап бара жатыр едім. Тағы да анау күнгідей жер сілкінген сияқтанып, астан-кестен, тасыртұсырдан атып тұрып, терезеге барсам, теректерді дауыл сабалап, теректер үйді сабалап тұр екен. Лезде бір терек

орта кезінсін сыйып екі ерек, жиырма шақты бала құлаған, сынған теректерге жабыла бастады. (Көрі ағаштар мен кәрі теректердің шілік бұтақтары үшіп түсे бастаған екен, со-ларды жинамақ). Жаңағы ортасынан сыйып түскен терекке үш әйел, бір ерек таласып қалып сі, әйелдер жалғыз еркекті түріп шығарды. Содан кейін ағашты бір олай, бір былай сүйреп жүріп, тасаға түсіп кетті. Қайсысы әкеткенін мен көре алмай қалдым.

Сынған теректен айрылған еректердің қалған түбірін кесе бастады. Бұл скі арада тағы екі терек сыйып түсті. Бәрі де ортасынан үзіліп, түбірлері ұзын-ұзын болып қалды. Әлгі әйелдердің теректен айрылған бірі қайта оралып келіп:

— Мениң балтам қайда, қайсың алдың,— деп еді, оған басқалары бұтын саптады.

Ерлі-байлы болу керек, бір әйсл, бір ерек бір түбірге тыптырай жармасып жатыр. Еркегі балталайды, әйслі түбірді зыр айнала жүгіріп, бірі өзіне қарай тартып, біресе итереді, әйтеуір, тез құлатып алмақшы. Өйткені дауыл әлі басылған жоқ, тағы да терек құласа, құр қалмағысы келеді. Сөйтіп жүргендегі бір кезде ағашты әрі қарай итеріп жатқанда байының балтасы әйелдің тізесін шауып кетті. Әйсл құлап түсті. Балтаның тұмсығы тобықтан ұрды білем. Байы да жұмысты тоқтатып, құлаған әйслінің қасына барып, боктай жүгіріп, басын көтерді, тізессін ашып қарады. Қан борбайды жуып кеттіп. Бұлар сол әуремен жатқанда балтасын жоғалтқан әйел мыналардың балтасын қағып алып, жүгірс жөнелді. Еркек қуып кетіп еді, аксандай басып, жаралы әйел де солай қарай кетті.

Басқа теректердің түбірін құлатып алып жүргендегі мыналардың түбірін де тез-тез балталап алып, зытып кетті. Жел басылды, байғұс кемпір, қораши кемпір үй маңайын сипырып жүр. Қалған жапырак, бұтақтан бұ да отын жиып алмақшы.

Балтадан айрылған срлі-байлы сксуі қайтып келе жатыр. Балта кеткен...

— Ағашым қайда?— деп скеуі кемпірге тап берді. Кемпір әуелі әқталып қарады да, аздан соң о да кәр көрсетуге көшті.

— Бұл маңайда тұрмайтын адамдарсындар, милицияға айтып штраф салдырысам қайтер едіндер — деді. Әрі ағаштан, әрі балтадан айрылған срлі-байлы ашулы, боктауыш скен, ара түсуге тура келді.

Бірақ қаракөленкеде, дауыл үстінде, бәле тұсында пайда іздеген екі қара ниет балтасынан да, түбірінен де айрылып үйлеріне кетті...

* * *

Өткен күннің жоқшысы жоқ, мойнына арта бср қалағанынды. Жоқшысы жоқтың бәрінің күні сол.

* * *

Қазақ халқы ұлы өзен, теңіз жайламаған, сондықтан бұларға табынбаған. Ал от бәріне ортақ қой, сондықтан От — ана, Жер — аналар бар.

* * *

Жастар туралы «Жас орман» деген роман жазса дұрыс болар еді, осы екеуінің зрасында талай үқастық бар.

* * *

Асылып жатқан етті қазанымен жұтып қоярдай жұтынып жүретін бір адамдар болады...

* * *

Өсектің жыбыр-жыбыры мен күбірі осы Аяздың үйіне қүшіктепті. Шабын анда-санда бір дыр сткізіп қойып, Құлке де иегін бір сыр-сыр сткізіп қойып, Аяздың өзі де ысқырта береді. Ең ғажабы, екеуі де өсек пен өзгенің айырмасын анық біле отырып күйсей береді.

* * *

Шығыста ескілік пен кәрілік өте ұзақ жасайды, ғасырлар бойы жасауға да бар. Сор осында ғой.

* * *

Ақын-жазушы көп пернелі, көп ішекті домбыра сияқты. Құлағын қалай бұрадың, пернелерін қалай түзедің — ол солай сөйлейді. Сөйлеу өз қолында болғанмен бұрау мен

пернелеуін түзеу жазушының өз қолында емес, басқарушылардың қолында.

* * *

Жиналыс болғалы жатыр... Сорлы Қайысбаев келген бастықтардың ыңғайына қарай көшем дес дал болып жүр. Өсіреке М-ның ыңғайын аңғара алмай отыр. Өзі бірдемені айтып келе жатады да М. тамағын қырнаса, былай бұлтарады, қабағын түйсе, екінші жаққа аунап түседі. Жымия толқып барып, алғашқы ізіне оралғысы келеді. Бәрібір дәл баса алмай, әуремен кеш өтті...

* * *

Өлең өндірісін қойып, шын мағынасында поэзия жазар едім.

* * *

Игілік айтқысы келсе, тек қана шының, әділін айтатын адам. Бірақ оның қай уақытта шының, әділін айтқысы келетінін сшкім білмейді. Сондықтан айналасы сенбусуге үйренген.

* * *

«Теріс таңба»— сері жігіт, бәрін сыптырып береді скен. Өзі Жәкешке бәрін беріп, аяғында өзі жүрттап сұрап алған.

Соқыр Жәкештің кедейлігін көріп, ананы, мынаны сұрас-тырып отырып, аяғында жалғыз ескі күміс белбеуді көріп, мынау Абылайдан қалған белбеу екен деп, бес жұз сом ақша мен үстіндегі шекпенін беріп, алып кетті. Ондағысы Жәкешті байытпак.

* * *

Ақылима бұл сырын адамға айтпаспын дес ант еткен еді, байқаса, адамға айтпай шыдай алар смес. Әрбір үлкен ой, әрбір жүрекке сыймас сезім біреуге айтылып ақтарылмаса, ойлыны жынды етер еді де, жүректінің жүргегін жарып шығар еді.

— Бәрібір жер айналып тұрады,— демеске адамның күші жестпес еді.

* * *

1. Ауыр жайда сынға түскен кемпірдің сұрінбей өтуі, іші зар қағып тұрып, көзіне жас алмау! (Тұрмыс, келін, қызы, достық, өлім сындары).

2. Ең елеусіз жанның ең аяғында ең жоғары, ойлы адам болып шығуы. Мысалы, Бекеннің жұмсай беретін Шұбары Бәтішке өзі ғашық, аяғында сол жсткен сді мұратына...

3. Романның көп адамдары аяғына таман келгенде мұлдес өзгеріп кетуі керек.

Салқын қанды — ыстық қандыға, сараң — мырзага, қатал адам — жұмсаққа, жұғымсыз адам — жұғымдыға (тағы-тағы) айналасын.

4. Музыкадағы драматизм деген — іспен берілестін драматизмнің арбасы сияқты. Ол вокальда, ол оркестрде, ол геройдың дауысына қарай операны дұрыс бөлуде.

* * *

Сезім ойдан бұрын туады, әрине. Сондықтан сезімі күшті елдерде ой да терең бола беруі қатар түссе алмайды. Біздің слідің сезімін берудің орнына ойын терең береміз деп, бүлдіріп алып жүрмелік. Әдебиет өзі де сссімнің саласымен келуі керек қой.

* * *

Езу тартқаны қасірет белгісіндей көрінетін бір адамды бүгін көрдім.

АР МЕН АДАМ

Ұмытшақтық молайып келеді. Кейде тіпті ұмытпасты ұмытасың. Таңтеренгіні кешкес дейін ұмытып кетесін.

Жалғыз ұмытпасың жазу-сызыу айналасында. Бір қызығы, кейбір ұмытқандарың жазу үстінде әлденелерге жаңғырығып келіп, қайта есіңс түседі. Тегінде әр өнердің, әр кәсіптің өз «жанғырығы» бар сияқты. Сондықтан нағыз картайған адамдар да өз кәсібін ұмытпауға тиіс яғни өз «шсберлігі» қолы қалтырағанша сақталатын болар?!

Сонда да кейбір керекті нәрселер, ойға келгендер үмітшылмас үшін анда-санда қағазға түсіріп қоюды дұрыс көрдім.

Қайтар, 1970 ж.

* * *

Өткеннен безінсендер, бүгінгіні жек көресіндер, ертеңгі күнгс сижар қарайсындар.

Көпті білдік, көбін істей алмайтын кездеміз. Білу мен істей алу скі мәселе.

* * *

Біреуге бірсү сшір жақсылықты көпсінбес күн қашан келер екен?!

* * *

Адамның ең терен көмгсн жанын оятатын адамдар болады.

Өзінде бола тұрса да әлде неден сөніп бара жатқан қасиеттерді оятатын адамдар болады.

Үнемі қауіп барын сезініп жүретін адамдар болады. Дүнисде не болып жатқанында жұмысы жоқ адамдар болады.

* * *

Адам арды бала кезінде көрмей өскен. Сондықтан танымайды оны. Бала кезінде адамның өзі күнәсіз. Енді кездесіп арды танымай тұр.

Адам ар-ұят дегенді тіршіліктің әусенімен ұғынып келген. Оның басынан күншілдік те өткен, мансапқорлық та өткен, ағайыншылдық та өткен. Қазір ол баспалдақтап шыққан биігінен құлап түсken дс, өкініш кешкен. Ар оған осы кезде кездеседі. Тезис мәлім: «малым жаным садағасы, жаным арым садағасы». Ол осыны ұмытқан.

Ар мен адамның кездесуі, адам бастан кешкен барлық кезендерді түгсл шолып өтеді. Адам көп ұятқа, ұятсыздыққа, әділестіздікке кездескен скен. Қазір солардың бәрі үнсіз алдынан өтеді. Жетім қалған балалар, әйелдер, көтермелес-ген туысқандары құлап түсіп салбырап шыға береді.

Олар, әрине, арды көрмейді, ар әркімнің өзінс ғана көрінеді. Аяғында ар адамды жетелеп әкетеді. Әуслі бүл екеуі жат еді, енді ғана түсіністі.

Уақығаның ішінде басқа-басқа адамдардың жарамсыз қылықтары өтіп жатады. Үрлік, өсек, бұзақылық, тағы-тағылар...

Заң бөгеген екен, бірақ ол қоғамның заңы.

Сен екі рет ескерту, үш рет сөгіс алдың. Сол кезде мен өсетін едім, ескертуді үш күннен кейін, сөгісті үш айдан кейін ұмыттық. Сол кезде мен қайта шектім:

— Тұрсынбай қандай?

— Ол өсекші ғой. Азаматтарды түгел құртып, жалғыз өзі қалса да өкінбес еді. Оның ары 1937-жылы өліп қалды.

— А-ның ары ше?

— Оның ары кенседе отырғанда тіріледі, үйінс келсе өледі.

Қатын басқарған еркек қой ол.

Бала жастан күнәсіз болсан, қартайғанда неніді түзсемексің?!

* * *

Жазушы дүние жүзілік шскарада, жалпы адам баласына ортақ армандардың шегінде болу керек!

* * *

— Сәкенің балалары, Кәкенің балалары әкслерінің жазғандарының қазақша оқи ала ма?

— Жоқ, жоқ, жоқ!

— Мәденист бірыңғай емес, әр бояулы болу керек.

ЕКПІН

Таң атты. Үйқы үзіліп кетті. Күн иыққа келіпті. Шсіргіткес у-шу, көлбақа ма дерсін?

— Өлсем де бармаймын.

— Өлген соң керегің жоқ.

Осы сияқты қысқа да, скпінді сөйлемдермен жазып бір көру керек.

* * *

Бұрынғы шығыстағы арман—қара көз, қиғаш қас еді той. Ендігі арман—қара қас, қиғаш көзде қалған сияқты. Көз қүйрүғын қайда да көтеріп қоятын болыпты.

* * *

Ақылдының да пайдасы тиеді, ақымақтың да пайдасы тиеді. Алғашқысын әркезде күтесің. Соңғысы өзі келіп ұрынады. Мысалы, 1937-жылы Шаяхметов пен Әбдіхалықов саяси бір ұтыс жасау үшін мені партиядан шығартты. Орнынан алды. Қоғамдық жұмыстардан ажыратты. Мен арман етіп жүрген енбектерімді жазып алдым. Одан бұрын талай бастаған нәрселерім қол тимегендіктен аяқталмай қала беріп келіп еді. Екі ақымақтың ақымақтығы маған пайда болып шықты емссペ?!

* * *

Теректің көлеңкесінде ме, қайыңның көлеңкесінде ме бәрі бір, тек көлеңке болсын.

Тұнде көлеңкенің керегі жоқ, тұнде көлеңке іздеген жай іздемейді.

* * *

Балға дауысы қайда да бірдей шығады.

* * *

Қазақ қызында әдел пен ұяндық бірге кездеседі, көбінесе ұяндықты бүркей кездесседі.

АРАБ ТЫҒЫЗШЫЛЫҒЫ

Араб селолары қаз-қатар, иық тірессе салынған, саз балышқ үйлер. Ең аяғы ағаш отырығызуға да орын қалдыру қыын. Ғажап тығызшылық. Селода бір жол бос болды. Өзгесі екі ауыр иық тірессе әрең өтерлік тарғана көше, барлық тіршілік бұл көшеде. Есіктің мандайшасында, үйдің төбессінде. Соған үйренген адам мінсді де төбеден қараганда село қаз-қатар, ығы-жығы салынған пешкес, әсірессе, зиратқа

ұқсайды. Айналасы тілім-тілім көк егіс, әркімдікі екені мәлім.

Атқа мініп, жүртқа ат ұстау қыын-ақ, қымбат-ақ.

* * *

Алданбайық, жазылған түгіл, басылғанның бәрі де әдебиет емес, барлық дөңгелек тұяқты жүйрік болмайтыны сияқты.

* * *

Шиырлап шыққан биігім сол, олақ оймен көктің жүзін кезгенде аспан жерге, жер аспанға жау емес, адам үшін екеуі де бір бесік. Жердің бетін солқылдатса биік аспан гүрслі тазармай ма дүние бір?! Жаңбырдан соң, гүрсліден соң көгергсін жер бетіне қай тазалық, қай сұлулық теңесер! Адам мен адам ойы ұштасып домбыраның қос ішегіндей бірге шығып, үндери ертелі-кеш дүние еңбегін кеңесіп, ешинарсені менікі деп өзімшілдік істемесе ешқайсысы! Жер бетінде бір сұлулық осы да! Біреу күліп, біреу жылап отырмаса бір сұлулық осы да!

Бит шақса, маса шақса, мазаң кетер, қасқыр қапса, қайтерсің?! Мен адаммын, менің ойым, сенің ойың. (Сұлулықты ма, сүюді ме ойлану керек).

Өрбір жиын—елдің қуанышы, оны неге сүймеске?! Өр жиында барлық ойдың, бар жүректің жақсы тілегі бірге шықса, сені неге сүймеске! Оны неге сұлулыққа қоспасқа!

* * *

Тақырып кейде таудан құлардай, кейде өрге ұшардай ойлатады.

Енді бір тақырыптар жорғалауды, аяндауды, жортақылануды керек етеді.

Жазушының өзін табуы осы жүрістің сырын табуда сияқты.

* * *

Жазушы жақсы дүние жасауы керек. Әділст, көркемдік, ой, сезім дүниесі.

* * *

Жерге себілгеннің бәрі өсіп шыға бермейді, ойға сепкенің
өспей қалмайды.

Себу ғана, егу ғана арман емес, сеге білу арман.

* * *

Арабтарға Африканың көсемі болып отыру маңызды
мәселс.

Арабтарға үш континенттің көсемі болу керек.

Арабтарға Азия көсемі болып отыру керек.

* * *

Отаршылықта болған елдердің ұлтына, нәсіліне қарамай,
бүгінгі тағдырында да толып жатқан ортақ жайлар бар.

Үлкен оркестрде кездесетін бас гобой, флейта, скрипка
сияқты бәрі қосылып, үлкен үн, гармониялы үнгс айналуы
керек.

Адам екеніме сенбеймін,
Адам болғаныма үяламын,
Адам boldым ба деп ойланамын,—
деген сияқты сөздерден аттап өтіп, адаммын деген тәкаппар
сенімге тоқталайық.

* * *

Кекшіл адам өз ызакорлығынан қылғынып жүреді. Бүгін
мейірім, ертең ашу. Бүгінгі үәдесін ертең ұмытып кетстін
қскшілдік бәлсі.

* * *

Жыл аяғы. Отыз бірінші желтоқсан еді. Қонақтар келе
bastады. Үй әйслі тынымсыздынып жүр. Сағат сегіз. Үй
қожасы келс алмай жатыр. Студент бала қонақтарды
қабылдап жүр. Үй іші бейжай. Әйел қызылып жүріп әдейі
кулімдеп көніл көтереді. Шахмат ойнаңдар, домино да бар,
қызына ән салғызады.

Қонақтар ала көңілдеу, алдақ күліседі. Үй иесі келеді,
үх. Бірінші, екінші ыстық тамақтар шаймен арада.

Жұрттың бәрінс бірдей ортақ, бәрінс бірдей ұнайтын шындық болмайды, болған смес, сұлулық, әділст, мырзалық дегендерде сондай.

Ай мен күнді қайтессің? Ауаны қайтессің?

Анау ас үйде жүрген кәрі әйелдің екі қызы, бір ұлы, немересі бар. Бәрі он бес метрлік ескі тамда тұрады. Ауаға ортақ болғаны қайсы?

Дүниеде ең қорлықта, зорлықта аяққа басылып келс жатқан нағыз қымбаттымыз — ар-ұят, әділст, шындық, сұлулық.

* * *

Өзіне-өзі проблема, барлық проблемасы өзі ғана болған сорлы ерек, сорлы елдер, сорлы билеушілер бар. Тамак, киім, қызық демалыс бәрінің қымбаты керек. Бірақ бірдебірі өз қолынан келмейді.

Әкс масылы, ерінің масылы, әйелінің масылы, елінің масылы, басқарудық масылы, жердің, дүниенің масылы.

* * *

Ойлап отырғаны басқа, айтқаны одан басқа, сөзі бір басқа, ісі бір басқа адам болады.

Жазушы мінездің осы жағын терен ұғыну керек, көрсетсі білуі керек!

* * *

Елің үшін мақтан, елің үшін қайғыр. Елің бес жылда смес, бір жылдың ішінде шаруашылық жағынан бұрынғы ондаған жылдардың бағдарында өседі. Адам да солай өседі. Өдебиет бұлай өсе алмайды. Дегенмен оқушының өсуін ескес алмаған жазушы амалсыз кейінде қала береді.

ТАҢБАЛЫ ТАС

Ант. Үш жүздің рулатының анты.

I. Бірігу, ел болу, өзінді-өзің билеу.

II. Елің адал қазанына арам сирақ, сұрқиялық, опасыздық-жансыздық, кет бас балық т. т. кіргізбсу. Алтай ала болса..

III. Өзгенікіне қызықсан, қызыққанынды өз қолынмен жасап ал.

IV. Елгс опасыздық — туған атаңа опасыздық.

* * *

1. Еңбек пен талантты қарсы қойып сорлап жүрміз.
2. Талапты талант деп сорлап жүрміз.
3. Шын талант шын еңбексіз отыра алмайды.

* * *

Бір үй, не бір қоғам үнемі бақытты тұра берсе, бақыттылықтың өзі бақытсыздықтай ауыр, сондай қызыраған өмір болып кетпес пе?!

Бұл жерде қоғам сондай болар деп ойлау орынсыз, әрине. Үй тіршіліктің төнірегінде кездесіп қалуы мүмкін. Сонда Толстойдың:

— Барлық бақытты үй іштері бірін-бірі ұқсас келеді. Әрбір бақытсыз үй іштері өздерінше бақытсыз,— дегені осы шенберде ғана өріс болмақ.

Бірақ ешбір үй іші үнемі бір қалыпты бақытты тұра ала ма? Тұра алады, егер бақыт дегеннің түсінігін шама келгенше ұсақ-ұлаңға сая білсе.

ЕСКІ ДӘПТЕРІМНЕН

Өмір дегенің алданыш болса, өлгенің жақсы.

Уақыт әлде ненің ескіргенін, әлде ненің піскенін айта отырады.

Ұтылыс ескіргенді ескірмеді деуде, туарды тумайды деуде. Туғанды туған жоқ десен, бітті халың!

* * *

Бір қазак ең кемі екі ақыл айтып кетседі. Өз қарабасы сол екі ақылдың біреуін орындал жүрген болса әлдеқашан адам болып кетер еді.

* * *

Сөйлем сөзден құралады. Сөйлемнің құрамына кіретін әрбір сөздің өзі тұлғалы болу керек. Сонда сөйлем тұлғалы болып шығады.

Көркем әдебиетте сөз тұлғалы болумен бірге теңмелі, бейнелеулі болсын. Әр сөз әрі тұлғалы, әрі бейнислі болса, көркемдік содан туады.

«Үлпан» не жайындағы повесть?— деп сұрады Снегин.

— «Үлпан» менің монологым,— дедім оған.

— «Үлпанның» идеялық тақырыбы неде?— деп сұрады менің зерттеушілерімнің бірі.

— Адамның жаны мен жүргсінің ізгілігіндс,— дедім мен. Екеуі де түсіне алмады-ау деймін. Өйткені әлі ешнәрсе жазған жоқ.

* * *

✓ Қазақ деген ел — бостандық, азаттықты сүйеттін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйеттін халық. Бұл кезінде ол бұзылмаған ел, бұзыла білмейтін сл смес, бір бұзылса, аяқ-қолын жинай алмай кетуі мүмкін.

Сонша кең дүниеде жүріп, сонша тазалық дүниесіндс жүріп ол елдің жан-жүргегі таза болмаса, таңдануға болар еді. Жоқ, ол кезде ол асқан ақ көңіл, мырза, сенгіш сл.

Отаршыл төрелер үркіте келгенде қазақ қандай айла стерін білс алмай абыржып қалады да барлық адамгершілік табиғатынан жаңылады.

* * *

Адам баласы бірдемеге сенбей, арқа сүйсмей тұра алмайды. Сол сенімнің аты — дін. Ең арғысы саяси сенім дегеніміздің өзі халықтың басым көшпілігі үшін дін. Қадір-қасиет жағынан қарағанда діннен төменшірек, сенімділігі болса, табанды-тұрақты смес нәрсс.

* * *

Абайдың философиялық ойларының ең тереңі, әрі философияға қосқан жаңалығы мынау екі жолда болу керек:

Кірленген көніл өз ішін,
Тұра алмас әсте жуыпбай.

Саналы адам біреуге жәбір-жапа көрсетіп, өз көнілінс өзі дақ салған болса, ол сол дақты жақсылық істсу арқылы кешірмей, тыншыға алмайды, көнілі дауаланбайды,— дейді.

Абай түсындағы қазақ істеген жәбірінс арқаланбаса, қайғырған смес қой. Абайға дейінгі қазақ одан әрі есіре

берген. Абайдан бергі қазақ олардан да әр кетер ме скен, қайтер екен?

Әрбір үлкенді-кішілі өзгеріс-құбылыстың сырт көрінісі бар, ішкі сырты бар.

Ешбір құбылысты қөзіңмен түгел көре алмайсың! Оның мәні сырт көрінісінде емес, скінші оның өзі өзгеріс-құбылыс болғандықтан ол бір ғана хал емес, аз мерзімдегі көп өзгеріс. Оның басталуы мен аяқталуының арасында әлде нешс түрлі хал бар.

Ойға салмақ түсіретіні де осыдан. Көзің көргенді ойың ғана түгел таниды.

Жаны аласаны үлкейткенмен ол өспейді.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ТУРДАЛЫ

1. Заман алдында ақын тұр, ақын алдында заманы тұр.

Ақының түсінбесе заманға сын, заманың түсінбесе ақынға сын.

Бірін-бірі түсіне алмаса, сксуінс де айтарым жоқ.

2. Трагедиялық кризис тұсына кездессе, қоғамдық белгілі жағдайда қалыптасқан сана-сезімнің ақыны қөпке дейін қондіге алмауы, қарсылық білдіруі мүмкін.

Бұл мінез ақынды ақтамайды да, қараламайды да, тек түсіндіреді.

* * *

Ақын-жазушыларын жазалап, сottап, айдатып, атқызып жіберетін өкіметі болған елдің маңдайындағы соры бесс елі ғой. Ақын-жазушыларын жәбірлеген өкімет адамдары ше? Өне, халқының жауы солар, солар, солар! Халқының жүрек отын сөндіріп, ой жарығын өшіріп тастаған хайуандарға рақым болмау керсек.

* * *

Қай халықтың болса да мәденист, көркем сөз, көркем өнерін жоғары көтсіріп, жалындағы жіберуге жүз талант көптік етпейді, он талант аздық етпейді.

Менің атам Кежімбай Мұсіреп баласы бес уақыт намазды қалдырмай оқиды. Отырып-тұруын, оқитын дүғаларының бірін қалдырмай оқиды. Мен молдадан үш жыл оқығаннан кейін атамның оқитын дүғаларын тексерсем, бір дүға білмейді екен. Жығылып-тұрудың бес уақыт намазда қанша екенін біледі, неше рет қол жайып, иек сипағанды біледі. Бірақ, бір дүға түгіл, бір ауыз арабша сөз білмейді.

Дегенмен атам намаз оқыганда мен атамның түсіне ылғи қарайтын әдетім болды. Намаз үстінде атам керемст ажарланып кетеді. Атамның мұндай ажарлы, мұндай мейірімді, мұндай таза кескінін мен құнделікті бір көрген смеспін. Ол құдайға шын жалынып тұр. Құнделікті қандай құнә жасап алғанын мойнына алып, енді кешірім сұрады. Соған бет алғанда-ақ ол тазаланып, ажарланып кетеді.

Дауылда, желде орманның жайқалу-тенселуі тұтасқан бір ырғағын таппаса көп құлайды. Дұрысы — бірге бір ырғақ тапқанша көбірек құлайды.

Үй ішінің демалыс-тынысы да осы қатарға жатады. Үй тіршілігінің бір ырғағы табылмаса, керексіз кикілжің көбейе беріп, аяғында апатқа дейін апарады.

Әр түрлі ызындар да, қозғалыстар да солай, ырғағы, үндестігі, бояулары келіспеген істің бәрі де берекесіз болады.

Адам деген бір ғана мінез, бір ғана бағыт, бір ғана қасист смес. Ол қатал, ол мейірімді, ол айбынды, ол көркем, ол суық. Яғни барлық адам баласында бар срекшеліктер бір адамның басынан да табыла береді.

Сондықтан бір адам туралы екі адамның ойы бір жерден шықпайды. Екесінен бір адамның екі кезеңіне кездескен. Көбінесе осылай, адамның бір мінезінің өзі әр көргенінде бір ренде бола бермейді.

Бір суға екі рет шомылуға болмайды дегендей, адамның басты мінезінің өзі де бір қалыпта ғана көрінбайды.

* * *

Кейбір ақылды деген адамдар орны жоғары болса да өзінен тәмен адамдарға еліктейтіні болады. Атқа отырыснан бастап, насыбай атысына дейін.

* * *

Жер — ата-бабаңың сіңген сіңген жер. Өмірлік тәжірибемен қалдырган жер. Қызы мен жазы, жазғытұрым, күзі қалай өтетіні таныс жер. Панасы қандай, бары не, жогы не белгілі жер. Туған жер! Құлі таныс, желі таныс, сұығы таныс жер. Еліңнің қуаныш-қайғысына ортақ жер!

* * *

Болған мен боладының арасы жақын ба, болады мен боладының арасы жақын ба? Талапсыз үміт — бос, үміт, талантсыз өнер — бос өнер.

* * *

Адамға ақша әбден байығанда көбірек керек болады.

Жұмсауыңа ақшаның аз кететіні де осы кез.

* * *

Шығыс өмірі — ұзак өмір! Бірақ әртүрлі кезеңдері әр түрлі өтеді. Жастық шағы тез өтеді, кәрілік дәуірі тым ұзак. Тезбе-тез қартайып алады да, жасай береді. Даналығы да, көртартпалығы да осында. Кәрі адам ендігі жастар қатарына кіре алмайды да, баяғыны қөксейді. Көпті көрген дана болады, қартайып кетсе, бала болады.

АҚЫН — НАУАНҒА

Жалғыз-ақ жапым күйер
жалаңышым,
Өртеген өзегімді жалыш ішім.
Жетпессем арманымға осы жолы
Өзіммен бірге кетер өкінішім.

Құлақ ас осы жолғы арызыма,
Өрі аға, әрі алғашқы үстазымсың
Таңдаңба, Ақтоқтыдай қыз
тұған жоқ,
Жалғыз сол, күпіз ойым,
түнде түсім.

— Ақтоқты!
— Е, ол біткен сауда.
— Ие, сол арманым, жалғыз бұл
жалғаңда.

Мен өлік, айырылсан наразымын тірі
қалғаңға.

— Алданба, алданба, қыз басы
байланған,
Сен ақын, ол төре,
Үмтүлған қол жетпеске алданба!

ҚАЗАҚ

Ескі әраның соңғы II-ғасырында Үйсін мемлекеті бар. Үйсіннің солтүстік көршісі Динлин, батысында Қаңлы. Осы үш ел қазақ атасы саналады.

Үйсін — ұлы жүздің атасы.
Қазақ тілі орта ғасырлардың бас жағында құралып қалған.

Қазақ жері — осы күнгісіне теңдес.

Үйсін, қаңлы, жалайыр, дулат — ұлы жүз.
Найман, керей, арғын, қыпшақ — орта жүз.
Алшын, шекті, байұлы, жетіру — кіші жүз.

* * *

Әңгіме шіркін қыстығуні оқысан, жылдықандай етпесе, жаздығуні оқысан, самалдай тимесе, жаяу келс жатсан, қанат бермесе, жылап отырсан, күлдірмесе, есерленіп отырсан, есінді жидырмаса, жазып керегі жоқ.

Сөнген үміт оянсын, әлсіреген адамға құш бітсін. Әңгіме сондаған әңгіме.

Сен айтқан ой оқушыны әр түрлі жайда кездестіреді. Оқушы деген бүгінгі де адам, ертеңгі де адам.

* * *

Тарихты жасау дәүірі бар, жазу дәүірі бар. Жасауышы қателесіп, жазушы түзеймін деп әуреленбеске керек!

ЕЗІ АСЫЛДЫҢ БОЛАДЫ СӨЗІ ДЕ АСЫЛ

Y Ай мен Күн айқайламай-ақ шығады ғой.

* * *

Жақсы атағын алдында жүреді, жаман атағың артында жүреді. Кейде керегар келстіні де болады. Оның себебі басқада.

* * *

Басқарушылық сынайы жайдан-жай қатая, қаталдана бастаса, басқарушының санаулы күні қалғаны. Бірақ, екінші, сол басқарудың езі ширай бастағаны.

Өзгеріс керек!

Әр кездес қоғам тіршілігі өнімсіздікке ұшырап, іштей жұттай бастағанда заман әусніне қарай не дінгс, не саясатқа қамшы басады. Осы екесінің қайсысына болса да қамшы басқан слде ішкі жері құрт бар дей берініз. Көбінесе сол жұтаудың себепкері басқарушылар, басшылар болып шығады.

* * *

Тұріктер XIX ғасырдың аяғынан бастап тұріктің қайдан шыққаны жайында ғылыми зерттеуге көшкен. Көп ескі кітаптар, Геродоттан бастап дүние жүзілік зерттеулерді қайтадан бастырган. Кітап аты — «Ажари аслал». Бұл барлық табылған, жарияланған материалдардың жалпы аты, «Ата-бабалар іздері» деген сөз скен.

Негізгі зерттеуші ғалым — Нәжип Асим.

Тұріктің ең соңғы сұлтаны Абдол-Хамед 1918-жылы құлады...

Ескі үйді от жап-жалпақ қызыл алақанымен көтеріп алғандай еді. Өлденеше рет сырмен майланған үй ескі киімдерін тастап от ішінде шешініп жатқандай.

* * *

Бір ақын айтЫПты:

— Тіс щеткасымен (мәсуекпен) ар-ұятыңды тазалай алмайсың,— деп.

* * *

Таң атса ұсақ жұлдыздар азайып, өңкей ірілері ғана қалғандай болады. Осы кезде көл жағасында болсаң, аспанда қалған баданадай-баданадай жұлдыздар жаңа ғана көлге шомылып шыққандай тым хош, таза, көңілді, үлкенірек сезіледі.

Көлге қарасаң, әлі бірталай жұлдыз суда шомылып жатқандай көрінеді.

* * *

Қазақ ойы, қазақ ақылы, қазақ сезімі, қысқарақ айтқанда туған еліміздің сана-сезімі топас емес, тотыққан деуге келінкірейді. Тіршілік жағдайы онынан келіп қалғанда Абай, Сүйінбай, Ұбырай, Шоқан, Жамбыл, Құрманғазы, Дина сияқты ой-ссізім даналары топас ойлы слдсн шықпаса ксерек!

Бірқалыпты жағдайда өткен ұзақ ғасырларда ізденіс, жаңа бірдемеге ұшырасып сергу, қызыну болмаған соң, снжар тартпасқа амал жоқ.

Ой да бара-бара жалқауланбақ, снжарланбақ. Сезім де сол. Қайралған қылыш көп ұсталғаннан кейін топас болып қалады.

Қайрасаң қайтадан өткір болмай ма?! Сол қайрау ғасырлар бойында болмаған күнде ол топырыш саналады.

Адам баласы адам болғаннан бастап ұжмақта тұра бсрсе, дүниедегі сұ топас хайуан сол болар еді.

* * *

Бұл кездегі басты ауру — өз халқына өзі сенбесу. Өз алқының мамындығына, снжарлығына сүйеніп үнемі өтірік

айту. Осы екеуі қисыны келіп тұрмаса да, қайбір басшылардың бірінші құралы. Мұны бұрынғы қазак «Адамның басы бір алла үшін» дейді екен. Ондай басшы бір кездे құламай да қалмайды. Ел оны ішкі қарғысымызбен құлаттық деп өйлайды. Бірақ ондай басшы өз көрін өзі қазып жүреді.

* * *

Туған елімді, туған жерімді жамандай алмаймын, бірақ жаным ашығандықтан ашынған сөз ауызға түседі.

* * *

✓ Жұртқа жұмыс істседі үйретуден гөрі, жұмыс істеуінс бөгест жасамауды үйрену керек.

* * *

Баяғыны көкссей берген елде бүгінгі өмірге үйлесе алмаушылық болады. Баяғының құрметтісін құрметтей білмеген елде болашақ та жоқ.

Көксу мен құрмет — скі тексті түсінік.

* * *

Тарихи тақырыптар.

Бірінші — ескірғенді естен шығарып тастауға жәрдем етеді. Ескірмегенді еске түсіруге көмектеседі.

Мұның екеуі де маңызды мәселе.

Екінші — қарапайым елдің рухани қасиеттері қандай еді? Нені қабылдай алатын қабілеті бар? Неден жиіркенстін ар-ұят тазалығы бар еді? Мұны көрсеткен дұрыс...

Үшінші — жаңалықты қабылдай алуға қандай халі, ойы, сезімі, ақылы, орамдылығы бар еді? Революция дәні құмға шашылды ма? Жоқ, өнімі мол болатын қара топыракқа шашылды ма?..

* * *

...Теке деген ақ сақалды, қызыл жүзді, зор денелі адам жүзге таяп барып, біздің он беске жеткен кезімізде өлді.

Сол кісі жылда жайлауда қасына көп адам ертіп алып, біздің ауылдың өлім-жітіміне бата қылып, келіні түскен

ұйлерге қайырлы болсын айтып кететін. Бір жолы Ботбай деген кісі сол Текеден мына өлеңді жазып алышты:

Уа, дарига-ай, дарига-ай,
Байқалға барып құттыш,
Селенгени жайланаң,
Керей деген ел едік.
Тұрауыл деген ханы бар,
Зарлауымның мәні бар,
Карақорым қаласын,
Тартып алып Шыңғысхан,
Қатындарын ханымның
Бөлісіп алды монғолдар.
Бытырай қашты қайран сл,
Адыра қалды туған жер,
Атымыздан айрылып,
Қысық көз монғол атандық,
Уа, дарига-ай, дарига-ай...

* * *

Адамның басқа тістерімен бірге екі азу тісі бар.

Қай уақытта адам осы екі азудан құтылса, немесе бүл тістер басқа тістерге ұқсап тегістелсе, адам бір кездегі хайуандық қалпынан құтылады.

Сол кезде ғана адам шын магынасында адад, қайырымды, мейірімді, сұлу, көркем, ақылды болуға тиісті.

ҒАБЕҢНИҢ ФИБРATTAPЫ

Жарауы келген жүйрік аттың елпілдеп тұратын бір кезі бар. Тізгіннің әшейін дір етіп қалғанын сезе біледі. Тақымның аз қимылын дәл сезініп... Сенің ғыңғайыңа қарай... жүйрік лып етіп, сылаң қағып көне кетеді.

* * *

Он екі айды шұбыртып ертіп тағы бір жыл етіп кетті, ә?! Тағы бір он екі ай!... Тағы бір үш жұз алпыс бес күн!... Үйде едік, бос едік, ояу едік. Бәрі бір андамай, сезбей қалғандаймыз.

Өмірден сұрылып, жұлдынып кеткен он екі ай оралмасқа кеткенін бүгін ғана ұғынғандаймыз. Сонымен келер жылы да осы өкінішке кездесерінді біле-тұра баяғы бейжай күйде қала бергендейсің!...

* * *

Жалпақ беткес шыққан қара менге ұқсан, жазық далада жалғыз Талтыяқтың қараша үйі қалды.

* * *

Бақыт, Қуаныш дегендердің жыртық-тесіктісі, қолға тұрмас жылжымалысы болады. Өсірессе, бақыттың дсп, қуанышым деп қолдан жасап алған бірдемеге далаңдасаң, опық жейсің, өкініші қалмайды.

* * *

Майдандағы солдат әрекеті де қызық, ә?! Екі жақтың солдаты біріне-бірі жау да, кекті де емес... Соғыстан ол екеуінің ұтары да, олжалары да жоқ. Сонда да екеуі бірін-бірі тез елтіруге, құртуға тырысады.

«Отан үшін» — дегенде бұл қайшылық көзсіз жойылып жатыр. Ал «Америка үшін, Германия үшін, Франция үшін», — дегенде, әділ көзбен қарағанда, сондай мағына шыға бере ме, жоқ па?!

Отаршылықтың әкелер аурулары: темекі, арақ, мерез, оба, кексаулық, тағы-тағылар. Бұрынғы жағдайда мұндаиды көрмейтін, аз кездесетін. Отар елдің кедейлері ең алдымен ауыр жағдайға кездеседі де шетін тұрады, оңай өледі.

* * *

Құранды кім жазса да, меніңше ақын жазғанға ұқсайды. Өйткені, оның ішіндегі терең философиялық ой, құдіретті саз, ғажап үйқастар осының дәлелі болмақ.

* * *

Әйслің серігім деуге жарамаса, тек қана балаларың болғандықтан, сол байланысқа ілегіп, сонымен-ақ тәң жардың орнында болғысы келсе, бұдан артық қасірет қайсы?

Ойың мен жүргөң бір тыншығып, жазарыңа сол күйде бір кіріспегесін арманда да шек жоқ сияқты. Көңілің бір ұшығ көрмеген деген — қасірет басты емей, нс болмақ?.. Көнбістікпен келеміз.

ҰШСУІНІҢ ҚАЙСЫСЫ ЕР!

1. Алматы госпиталында соғыстан кейін аға лейтенант Сейіт Құнтуаров шолақ аяқтың тағы бір сүйемін кестіріп, әбден сынар аяқ болған күні — лейтенант Рұстем Сейіттің көңілін көтерем деп келгенде госпиталыш ҚазГУ-дың студенттерінің келіп кеткенін айтты. Сонымен бірге бір қара көзге қызығып кетіп, Отеллоша бөсіп те жібердім, әнеугі бір сіз айтқан ерлікті де қосып алдым ба қалай, егер сол қызы қолға түсе қалса, той күні өз ерлігінде өзінізгс қайырып берем деді... Қызы тағы келмек.

2. Сейіттің бет-аузы жолбарыс бетіндегі тарғыл, соғыс ізі. Бір аяқ жоқ. Ақылимаға өзінің халиң айта ксліп, әбден істен шыққанын жазып, қош айтқан. Госпитальдың бір кәрі кемпірін ана етіп алғып, жүріп кеткенін жазған.

3. Ақылиманы келер жолы келгенде Сейіт таныды. Ақылима таныған жоқ. Сейіттің даусы да өзгерген, өңеші дс пышақ көрген. Сейіт өз басынан өткен срліктерді түгсл Рұстемгс берді... айтты... Сонымен бірге Сейіт деген капитаның орасан жаралы болып, істен шыққанын сөйледі... Ақылима мен Рұстемді қосуға бейімдеді.

4. Рұстем жазылып шығып, Ақылиманы тапты, келісуге жақын.

5. Шұбә —аға лейтенанттың бір мінезі.

6. Рұстем Сейітті біліп қалды.

7. Рұстем Ақылимаға Сейітті ашып берді.

8. Сейіт — Ақылима.

9. Ақылима қайсысын таңдады (Сейітті)..

10. Ұшсуінің қайсысы ер?

* * *

Көркем әдебиет деген — ең әуслі жанды сөз, тек қана сырты смес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдіреті болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңсен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ. Көркем сөздің сұлулығы сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын!..

Өзгеге өтпес борыштар бар, өзің өтемесен, өтelmес бо-
рыштар бар, осындағы тоғы мәссле.

НЕГЕ ӨКПЕЛІМІН (ӘЛІШЕРГЕ)

Бар ертеңгі күнім айнымай кешегі күніме ұқсай береді.
Содан соң бүгінгі күніме көз салсам, кешегім мен ертеңгім
ұқсап о да шыға келеді. Түске дейін үмітпен қарап, көз
алмай отырып тани қоямын. Тап кешегім! Түстен кейін
ертеңімді күтем де, оным да кешегіме ұқсай бастағасын,
өкпелемегендеге қайтейін?

* * *

Ақыл мен міnez екі нәрсе, жұрт скеуінің қайсысын
артық бағалайтыны уақытына қарай.

* * *

Жарауы жеткен Париж әйелінің қолына срік беріп
жіберсең — ол жиырма төрт сағаттың ішінде бір мини-
стерствоны да қиратып шыға алады.

Бальзак

* * *

Әйел баяғыда бір сүйген адамын келер бір кездे қайта
сүйе ала ма?! Жоқ.

Бальзак

* * *

Әйел қолы сенде болса, аяғымен күнә жасай береді.

Бальзак

* * *

Ойлау мен орындау — көркемөнердің екі беті.

Бальзак

Бір стақан көз жасы бір тостаған сорпаның құнын да
етей алмайды.

Бальзак

Аш қасқыр өзіне-өзі ауыз салмайды, ә?! Өзін-өзі жеп
көйса қайтер еді?

ЗАҢ НЕ!

Заң әрі тар, әрі тапал есік сияқты болса, амалсыз ба-
сынды иіп өтесің. Заң даналығы мен ұлықтығына таң
қаларлық болса, еркінмен, құрметпен басынды иесің.

Тар есік сияқты заңдан басын имей өтушілер болса,
онда ол адам тапалдың да тапалы, қурайдың да қурайы
болғаны. Ұлы заңға бас имеушілер болса, не соқыр, не
ақымақ болғаны.

* * *

Ашу-қуаныш, кек сезімі сияқты халдерін жеңе алмай
қалып, көрнеу көзге теріс басып алатын адам да болады.
Бұл әсіресе балаң мінезі көп дала жағдайында жиі ұшы-
расады.

ҰЛЫ АНА

Сахнада жаңа салынып жатқан, әлі шытырман алын-
баған, ұзын мойындары ғана көрініп тұрған өндіріс көрінісі.

Осы араға, бұрынғы жайлауына, жаңа кешіп келе жатқан
ауыл.

Жабай. (Қарт адам). Уа, шектір түйелерді, шектір!..
Пай, пай, мына Мыңбұлақтың қасиетін біліп орнап жатыр
ма екен, мынаусы? Былтыр күз осы арадан кешер күні
ғана бір ақ шатыр тігіліп жатыр еді, енді тіпті тас ірге
қаланып, тас өңештер көк тіреп қалыпты-ау. Уай! Шектір
деймін түйелерді... Әлгі Ораз осының басы-қасында жүріп,
ауылға тым жақын қондырғанын көрдің бе? Жайылым жай-
ын ойлай білмейді-ау тік аяқ боп кеткен, шіркін. (Атпен
Күлшс келеді).

Күлше. Әке, анау сарайдың қасында ойын көрсетіп
жатыр екен, барайын ба, әке?

Жабай. Ораз келсін де, балам-ау. Қонағымен келе
ме, кім біледі? Сабыр... сабыр...

Күлш. Жоқ, әке, барайын, ә?!

Жабай. Мейлің ендешс. (Күлш кетеді). Өтеміс пен Ораз, Сәлім келеді. — Сәлім шырагым, кешегі Мамырбайдың жаз жайлауын, күз құздігін өз қолыңнан әпергеніңе екі-ақ жыл болып еді... Қақ ортасына мына бір сарай салдырып, жайылым тынысын тарылтып қойыпсың ғой. Біздің Өтеміске жайлау жайы ұқпайтын әңгіме. Дүниедегі жұмаққа сенуді қойғанда жұмақты осы дүниедес орнатамыз дегенге бой ұрман па едік? Мынбұлақсыз жұмақтың сәні болар ма екен? Итарқасы қияннан аунап-қунауға келмеп пе ем... Мен, шырағым, өз тіліммен ғана айта алам ғой. Аудар, төңкере бер, басы төмен, аяғы жоғары кетсін. Жеңілі ғана ұшып кетіп, ауыры мен тістісі қалсын... тістеп алып қалып қоймасын. Құр шайқап, құр үрей салып, сак құлак қып қойма.

Мынау сарайың не, шырағым... мына мойындарыңа тіреліп қалғандай болып тұрмын. Алқымыма тірелгендей болып тұр.

Өтеміс өндіріс бастығы, бұрын азамат соғысына қатынасқан, шаруақорланып кетіп төмсендей бораді.

Жабайдың үнемі айрылмайтын құла торы аты бар, сол ат өлгенде ол жылқы фермасына баруға сұранады.

Екінші баласы Ораз көштен озып, сол ағасына кеткен екен, келс сала әкесінс мен осында кіріп кеттім білсім дейді. Ол Сәліммен кездесіп айтысқан, таласқан, жеңілгсін.

Бұл үш буынның бір дәүірдегі, әр өткелдегі әртүрлі жолы:

1. Бір тобы отыз жылдың әр жағында мығым болып, келер сатыларда баяулау көтеріліп барып тоқтап қалады, құлайды.

2. Екінші топ — өзінің анайы қалпынан жаңаға көшкенде әртүрлі халге ұшырап барып өседі, шегінеді.

3. Үшінші топ негізінде өседі, бұл да тек қана жастар жағы смес, алуан ойлы, әр мінезді, әр буынның адамдары.

Идеяны тұр жағынан ғана, ауызбен айту жағынан ғана жаттаған бір ер адам. (Бұл бір инженер).

Ауыр ойланып, артқы үмітпен қысқай барып, аяғында түгел келіп қосылған тағы бір инженер.

Іні төмендеп аға өскен, аға төмендеп іні өскен тағы бір түйін.

Ерлі-байлы адамдардың, сүйген жастардың іс үстінде келіспей айрылысу, түсініспей керісіп, түсінісіп келісу жақтары.

1) Колхозды жалпы ел.

- 2) Өндіріс.
 - 3) Қала, мәдениет, ғылым, көркемөнер, әдебиет.
- Екі үш толқынның соқтығысқан, жарысқан, озған, қалған драмасы.
Қалбалан... (Көтерілуі, құлауы, биік баспалдак) бар адам бірінші пердеде түгел кездесіп болады. Ортасында Зазумов.

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Қалада, Зазумовтың кабинетінде...

Идея — қазақ халқын талантты, уәдсшіл, бостандық сүйімпаз, әділет сүйімпаз, ер, достықты бағалай біletін ел демек.

Әкс мен бала сахнасы. Көрі әке қызылып келгенде баласына былай дейді:

— Сен орынсыз мақтанасың, балам. Менің сүйегімсінген, сенің сүйегіңе сіңіп болған адам болып, айтysқа содан кейін түссен, сен неліктен жеңіл, неліктен ауыр скендігіміз білінер еді. Бар дейді ғой, ағылшын, француз, американ деген елдер, бәрі де бай, бәрі де оқыған, бізбен бір поезға мінуге де жиіркенеді дейді. Кешегі айранын ішіп, қойын құрттап жүрген қазақ шалы Жабай, соларынан бұрын коммунизмгс бет бұрса, ол да менің кежегемнің кейін тартқаны бола алмайтын шығар!...

* * *

Бақыт деген шаттық, қуаныш арқылы келсе, табылуы да оңай болар еді, сондықтан ол азап, еңбек арқылы келеді.

* * *

Байы мен қатыны ұрысқанда әйслінің даусы қаттырақ шықса, айып қатында болғаны, еркектің даусы қаттырақ шықса, айыпты сол. Әсіресе, ерек даусы қаттырақ шықса, дауды жеңіп, тоқтатқысы келгені. — «Женістің» бір түрі осындай болады...

* * *

Кейбір үйдің барлық шаруасы шамалы екенін адамда-рының дауыстарынан да аңғаруға болады. Мияулағанда да,

ешбір сөзге жан бермей, барлық сөзді ерініп қана айта-тындай, бір үйдің іші түгел бір сарынға көшіп алып, содан айрылмайды! Куаныш, қайғы, қызу, кіжіну дегендердің бір де бірі болмайды ондай үйдс...

* * *

Ең ауыр майдан — надандықпен күресу майданы. Өрі ұзақ, әрі ызасы көп.

* * *

Қой, шырағым, аллатадала Күн деген бір үлкен шамды іліп қоймаса, көрген күнің не болар еді, қазақ даласы қандай қараңғы болар еді, алламен таласпа!

(*Kүрең көз*)

* * *

Қазақ әйелінің ұялшақ, тартыншақтығына қарсы адам Кеікі екен. Бірақ, өз әйелін қамшымен айдаған. Оның әйелі Нұрбала мерген.

* * *

Үлкен бақытсыздықты, иә болмаса үлкен апатты көтсруден ғөрі, ұсақ жәбір, күл-көрне, әділетсіздікті көтеру қиын.

* * *

Біреудің қор мінезге баруы — екінші біреу үшін қорлық бола алмайды.

КҮШІК ПЕН МЫСЫҚ

(*Ertегі*)

Мазмұны

1) Дәу қызды алып кеткен. Күшік күзетті мысыққа беріп, бөдене әкеле қояйын деп жүгіріп кетсе, мысық күннің

көзіне жылның үйқтап кетіпті. Сол кездес Дәу қызды алып кеткен.

2) Күшік пен Мысық Қарашашты іздең келсе, ол байғұс тірі. Жаны Дәудің қолында. Алтын сақинаны аузына салып алып, Дәу үйқтап жатыр. Алтын сақина қыздың жаны ғой. Дәудің демалысынан таулар желпілдеп түр. Мысық Дәудің аузына құйрығымен есіп қалғанда Дәу «бұп» деп қалады. Күшік те кетеді, сақина да ұшып кетеді. Мысық сақинаны тауып алады.

3) Күшік пен Мысық сақинаны алып өзенниң өтугес келгенде, күшік «сақинаны мен алып өтем» дейді. Мысық «ссиң аузың жаман, түсіріп аласың, мен алып өтейін»,— дейді. Күшік «сақина түгіл, өзінді де мен алып өтем судан, сақина жолы менікі»,— деп сақинаны алады. Өзенниң өтіп келе жатқанда төбеден шағала түйіліп, күшік «әу» деп қалғанда сақина суға түсіп кетеді. Сақинаны балық жұтады.

4) Күшік пен мысық қызға келеді. Жайды айтады. Қыз әлсіреген. Қыз ау тоқып беріп, бір шетін күшіккс тістетіп, өзенгс көлдененін керіп ау құрады. Ауга сақинаны жұтқан балық ілігеді. Қыз құтылады. (Сақина қолға түседі). Мұмкін, сақина Дәудің жаны болар...

СОҒЫС БАСТАЛҒАН КҮНІ

Дәл бүгін туған адам да, өлген адам да бар... Үйленгендін адам да, айрылысқан адам да бар... Араздасқан, татуласқан адамдар да бар. Кеше ғана соттасқан, бүгінгі күні әлдес неге уәде байласқан адамдар бар. Соғыс келіп араға түсті.

* * *

Соғыста ата бастаған таң қайта шегініп кеткендей бір кездер де болады екен. Шаң-топырак бүркырап көтеріліп, көп үндерден түн сияқты қараңғы үн естігендей боласың... Табиғи құлаққа сіңген үндер естілмесе, әлі жарық та болмаған сияқтанатын болар.

* * *

Демінен дүние жылынғандай екен...

* * *

Алысқа қарасаң жақындағы көрінбейді, арғыға қарасаң бергі көрінбейді. Бергің қарасаң арғы...

* * *

Қараңғыға қарай берсөң — көз үйренер бір кезде, ойды арши берсөң — тазаланар бір кезде.

* * *

Әрбір адам әрі асқан жақсылықтың, әрі ірілі-ұсақты кемшіліктің нысаналарын ала жүруі керек. Бірі жеңетін, бірі жеңелетін нәрселер. Тартыс осы скеуінің арасында болғаны жөн.

* * *

Әр тақырыптың жазушыға берстін творчестволық әссері: тіл шешіледі, адам мінездері айқын елестейді, уақиға өзінің логикалық қисынын табады. Өзінен-өзі ілгешектеніп өрши береді, алдыңа сол заман келеді. Тақырып өзі дс мылқау болса, сен де мылқаусың.

АҚАН СЕРІГЕ

1) Ақан бір жерде мылқау балуанды құшақтап тұрып, барлық қараңғы, барлық алданған жанның сырын ашатын монолог айтса. Қазір үйқыда, бір оянар жандардың жайы... Одан кейін аң-тан болып қалған мылқауга Серәлі кездесіп, қарама-қарсы бірдеме десс, айтса... (Балуан қараңғылықтан алданып жүретін, әр елде кездесетін топтың образы ғой).

2) Ақтоқтыдан айрылғаннан кейін, әріден қоса өріліп келе жатқан қоғамдық тақырып күшсіе түссе! Қоғамдық тақырып әуелі баюа, содан кейін күшейіп кетсе! (Бұл Құла-гер тақырыбы болар-ау).

Шындық тәңірісі шыңырау түбінде жатса, атак тәңірісі аспанда тұрады. Бұлар орнын ауыстырганша құлышының көзі төртеу болатын сияғы бар.

1) Сынның негізгі мәселелерін көтеру дәуіріне жетсек, ол екі жақсылықтың белгісі болар еді: біріншіден, әдебиеттің өскені, тілегі өскені көрінбек. Екіншіден, әдебиеттің теориялық мәселелерін көтере алатын (шак) туғандыры.

2) Сынды шын көтеру үшін не керек? а) Бұл күнгө дейінгі сыннымыздың табысы мен кемшілігі неде, соны ашу керек! Идеялық жағынан жақсы, иә жаман деген, тұк айтпағанға тең. Идеяны көркем әдебиеттің талап ететін шеберлігімен бере алған ба, жоқ па? Яғни, шеберлік жайын қоса айтпағансын жарымжан.

3) Жаңа шығарма деген бүгінгі дәуірдің тілегінс сай келгенде ғана жаңа бола алады. Атымен емес, затымен.

4) Өр шығарманың өз жаңалығы болмақ: образ, тіл, ішкі өмір, пайымдау әдісі.

5) Шығарманың бай мазмұны, өмір көріністерін мол қамту.

6) Шығарманың мазмұны мен түр тепе-тендігі, иә болмаса, қайшылығы.

7) Автор мен образ тілі.

8) Образ, тіл, логика, сезім, ой, сана.

9) Суретшілер мен жазушылардың бүгінгі адамды көрсету әдісіндегі үндестіктер мен қайшылықтар.

Бүгінге керек: 1) ақын сыншысы. 2) жазушы сыншысы.

3) жұрт сыншысы. 4) маман сынши.

* * *

Не үшін оқушы жастар сіскі бірдемелердің маңынан шыға алмайды? Жұрт айтқанды айтып, өзіндік тілектер қоймайды? Жаңа тілектер жоқ па?!

ФРМЕКШІ ҚАЙДАН ЖАРАЛҒАН?

(Грек мифологиясынан)

Антикалық дәуірде ете шебер тоқығыш әйел болған. Ол Африка Ялладамен бәсекеге түсіп, құдайлардың ғашықтық жүрістерін суретке түсірген.

Африка — Яллада ашуланып, суретті жыртқанда, әйслін өрмекшіге айналдырып жіберген, әйел аты Архана екен.

* * *

Адам Ата мен Хая Анамыз да қу болған. Ең үлкен сырды ашқан солар той. Адам жасаудан асар өнер болмақ емес қой!

Қыс бойы құйрығын шұбатып, құйрықты жұлдыз тұрып алып еді, енді міне, ай тұтылды. Осының үстіне күн тұтылса, оның ар жағынан мұсылман қауымы Мұхамед ғаллайссаламның зиратынан үн шыға ма деп қорқады дегенді Күренкөз Қожа сейлемеп кетіп еді.

* * *

Жұман абызы дауысты адам екен, ол ашуланғанда қымыз құйған қарасабадан басқаның бәрі жаңғырығатын болса ксек.

(Ақылимаға)

Кейде әлсіз жанған от жарығында қарасаң, жылап тұрған әйел көзінің жасы жылт-жылт стіп, ұшқын шашып тұрғандай көрінеді екен.

Бұл үйде неше адам болса, бәрінің жүргегінде де жарадан сау жер жоқ. Бірінен жүққандай, жа阿拉рдың кейбіреуі үқсас келеді де, кейбіреуі соқа артынан жүргізілген бораздадай қосарлана келеді. Соқа терен бір тіліп кеткенде, енді сол жүректі тырма тырналас, кесек қыртысты ұсақ қара топыраққа айналдырмақшы. Ескіртпек, тоздырмақ.

* * *

Ескі бір күміс теңге жылдар бойы қалтадан қалтаға, қолдан қолға өтіп жүріп, бір кездे сенің қолыңа келіп түседі. Бұл әлі сол күміс теңгелік, бірак, баяғы сыны қайда, сиқы қайда?!

* * *

Айтқың келген ойың мен айтқан ойыңның арасында айырма бар! Айтқың келген ойың мен қалай айтқаныңның арасында да сол айырма...

Адам өзінің жарапалуымен, есуімен өркендеуімен, жеңіп, жеңілуімен, күліп, жылауымен нені көрсетеді? Кейде жеңілгені өкініш болса, кейде жеңгені өкініш екендігін, кейде жылағаны өкініш болса, кейде күлгені, жеңіп мәз болғаны өкініш екенін көрсетеді. Сонымен бірге өкініш арқылы жаңылғанын түсінеді, қайтала майды, түзеледі, өседі.

Жекс адамның кінәсі өзі ұғынып дұрыс десмій, кеп айтқанды дұрыс, іә бұрыс деуінде болады. Қоғамның еңбегі — дұрыстықты дұрыс түсіндіруде. Олай болмаған күнде жер жүзіндегі үш-төрт миллиард адамның бір топтары түзеліп болғанша, (өз санасы арқылы) тағы бір топтары бұзылып та үлгереді... Сондықтан адам мінезін де сындырып жіберіп, қайта түзету керек. Дәлірек айтқанда, мінді мінездерді әуелі балтамен-әк долбарлап алып, одан кейін сүргілсу керек. Сылап, сипауың содан кейін болсын...

Басқа адамның жүргегі тұратын жерінде оның шығар көзді мысығы тұратын сияқты. Манадан мияулап, еркелеп отыр еді, сиді «ыс, ыс» деп алып, тырнақтарын салып қалды.

* * *

Екпейді де, сеппейді де... Сондықтан ормайды да.

* * *

Тарлан тартқан кезіміз, былшықтанып көзіміз.

* * *

Торғай жаңбыр жауса — балапаның қорғайды, бұршақ жауса — өз басын ғана қорғайды. (Мақал).

* * *

Бала күнде көргенінді ержеткен соң айтсаң, өзіңсен өзің өсіп, ажарланып шыға келеді екенсің.

* * *

Қысыр жыландаі жүйткіп. (*Eski meңeу*).

I. ШАХТАДА

Кокс осы бірінші шахтадан шығады екен. Айтуларының көмір пластасының қалындығы жарты метр. Әлі алсырақта бұған баратын ешбір жол жоқ. Дөңгелектері жыбыр-жыбыр қозғалатын транспортер ғана бар, сол апарады. Шахта қорасынан транспортерға міндік. Өуелі мені шалқамнан жатқызыды, екі қолың қеудесе кусырулы болсын, скі қалтана салып жатуына да болады. Түшкіріп қалсаң, мұрның төбеге тиіп жұлынып кетеді. Тырп етпес.

Менімен бастаса және біреу, келесі адам онымен аяқтаса сұлады. Осылай аяқтаса, бастаса сұлаған адамдарды транспортер қара жердің астына алып кетті. Қап-қаранды, бөтен иіс жоқ. Қорқыныштылау, үн жоқ. Жыбыр-жыбыр сыйлықтасқан кішкене дөңгелектердің дыбысы ғана естіледі. Үх! Жеттік білем.

Тұрындар! Тұрдық.

... Көміршілер жамбастап шабады, көмірді шанашилар сіңбектеп сүйреп транспортерға артып жатыр. Мен бір сағатқа әрсән шыдадым. Шығып кеттім. Қөп ойлар келеді. Не деген срлік. Соғыс кезі, кокс керсек, сейлсуге де үақыттары жоқ.

СИҚЫМБАЕВ КӨМІРШІ

Жер астында, әсіресс, көмірде отыз жылдан артық өмір сүрген адам өтс аз. Сиқымбаев алпыс жыл көмірде!.. Бұл дүниес жүзіндес бірінші рекорд!

Кішкене ғана қара шал, әлі пысық. Карагандының біраз жайларын мен осы Сиқымбаев көміршіден білдім. Бес-алтыншы шахтада, өз үйінде болдым. (31-шахта).

Патша құлардың аз-ақ алдында Ақмола, Қызылжар түрмесіндес төрт ай отырып, патша құлаған соң босанған: «Он скі адам едік, Кенжебек деген көмірші білімді адам еді. Қорқа білмейтін, көп азапты сол көрді. Ылғи кісендсулі, сің қаранды, ең сасық жер астында болып шықты. Ер жігіт еді. Тұрмаден шыға салып, бізді түгендеді. Өзі аяғынан әрсән басып тұр.»

Біз оны скі жағынан қолтықтап, тұрмас қорасынан алдып шықтық. Кейін, 1937-жылы ұсталып кетті.

Айқай, жігітім-ақ еді...

* * *

Тіл ырғагы, астарлылығы, орамдылығы ең үлкен мәселе.

* * *

Нагыз шебердің қолынан өткен алтынның да, асыл тастандардың да бағасы қымбаттайды. Әдебиет тс солай, жа-зылғанның бәрі әдебиет смес.

* * *

Көркем айтылса ой ұлы, ойландыра алса көркемдік ұлы.

* * *

«Қазақ солдаты» операға да ыңғайлауға келстін сияқты екен. Қайрош, Ақбота екеуінің шешелері, Семен, Толстяк, Самед, Шеген, т.т. соғыс тұсындағы халық... майдан — сінбек... Жайық, Каспий жағасы, Қырым, Новороссийск...

* * *

Біздегі ең үлкен трагедия басшыларымыз әдебиетімізді ана тілінде оқи алмайды, орысша аудармадан оқиды. Орыс-шасы арқылы бағалайды.

* * *

Соқыр көрстіндей, саңырау еститіндей етіп жаз. ✓

* * *

Ұмытшақтық молайып келеді. Кейде тіпті ұмытпасты ұмытасың, таңтеренгіні кешке дейін ұмытып кетесің. Жалғыз ұмытпасың жазу-сызу айналасы. Бір қызығы — кейбір ұмытқандарың жазу үстінде әлденелерге жаңғырып келіп қайта есіне түседі. Тегінде, әр өнердің, әр кәсіптің «өз жаңғырығы» бар сияқты. Сондықтан нағыз қартайған адамдар да өз кәсібін ұмытпауға тиіс, яғни «өз шеберлігі» қолың қалтырағанша сақталатын болар. Сонда да, кейбір керекті нәрселер, ойға келгендер ұмытылmas үшін анда-санда қағазға түсіріп қоюды дұрыс көрдім.

Январь, 1970

* * *

Талантсыздықтан да, талапсыздықтан да көп нәрседен айрылуға болады.

* * *

· Қазақ тілі түрік тілінің төл тумасы. Түрік тілдері совет халықтарының қазақ тілінен басқасында басқа тілдердің әсері, қоспасы бар.

* * *

Меніңшे өнердің ең ауыры:

1. Әдебиетке қалжыңның шектен шығып кетпеуін сақтай білу;
2. Ойынды, идеяны, қорытындынды күн бұрын білдіріп алмау;
3. Тойып отырып нәзік нәрселерге соқтығу.

* * *



Проза — қара сөз емес, ырғағы бар, екпін лебі бар, өз ритмі бар, негізгі ойынды терең бейнелеу арқылы оқушының сезімінс дәп тигізетін көркем сөз.

* * *

Ал өлең дейтін көркем сөз үйқасқа емес ырғаққа, лепке, ритмге құрылады. Оған үйқастың сабі де жоқ, зияны да жоқ.

* * *

Ойсыз сөзде көркемдік те жоқ. Дәл сөз теңеу — бейнелеуі, нысанана аумай тиестін сөз — көркем сөз дегенің сол.

* * *

Р. шашын тарап, бояна бастағалы қашан! Одан кейін неше рет жатып, неше рет тұрып қайта боянды. Оған күн батар емес... Не деген ұзақ күн!..

Маған бүгінгі күн өтс қысқа болып барады. Бір рет жаздым, скінші бетте 4-5 сөз орынсыз тұрганы анық сияқты бола береді. Амал не қайта көшіремін де. Сонда 3-бетті тастай алар ма екенмін? Не деген қысқа күн.

Койын дәптердің 3-беттінде мынандай бір жолдар бар:

Жатпайды қисық ағаш тез басында,
Замаңыңың сырласы сен құрдасындей.
Жарай біл замаңыңың жолдасына,
Ұлы ойдың сен отырсың ордасында.

F. M. август, 80.

* * *

Әрбір сөздің қыры бар, тұрағы бар, жадысы бар, тұрқы бар болуы керсек.

* * *

Адам ойының портреті. Мен көп жылдар бойында адам ойының, әсіресе, бейілінің портреті көзіндегі болар-ау десуші сдім. Көз бала кезіндегі ғана көңіл портреті бола алады екен. Өссек келсе, көз ойнақшиды, адам оны әртүрлі құбылта алады. Өзі алдай алады, ойнай алады, қорқыта алады, т.т. яғни, оның тұрақты қалпына сирек кездесесін. Олай болса көз адамның бала кезіндегі ғана көңіл портреті бола алады. Сонда, адамның рухани сырын бірден, бірден болмаса да көп ұзамай танырлық сыртқы бслігі портреті жоқ болғаны ма?

Мен бар деп ойлаймын: адамның ой-кеңіл, ниет портреті жүзінде! Түгел жүзінде. Адамның жүзі сұрланып кететін, қызырып кететін, коңырайып кететін, бозарып кететін, жадырап кететін кездері болады. Осының себебі нісде?

— Көңіл құбылысында, ойлау өзгерістерінде. Олай болса, адам ойының ниет-бейілінің дәл осы сәттердегі дәл портреті жүзінде.

Адамның бст терісі миы жасаған материалдан жасалса керек. Сондықтан миына (*ойына*), көңіліне, сезіміне келгені қолма-қол бстіне шыға кследі. Кейбір адамның жүзі қарамен таңбаланып та қалады, кетпейді.

Сондықтан мен адам ойының портреті жүзінде десім келеді...

* * *

«Ашу алдында, ақыл соңында» (*мақал*). Барлық адамның сезімі алда, ақыл-ойы соңында болмасқа керек. Және оның өзі де белгілі бір жағдайға байланысты болар. Тегінде адамның ақылы алда, ашуы соңында болғаны дұрыс болар еді.

* * *

!, Қазакта өйсл тұрмай, еркек оянбайды.

* * *

Адамға адам, сөзгс сөз жарығын да, көлеңкесін дс түсіріп тұрады.

* * *

Қысты күні 13 градус жылдыға жатады, жазды күні — сүйкә.

* * *

Үлкен орын кішкентай адамды кішірейтіп жібереді, үлкен адамды үлкейте түседі. 40 миллион Англия 600 миллион адамы бар слесерді билеп отыр. (XIX)

* * *

Адам баласы адам болғаннан бастап «Жұмақта» тұра берсс, дүниедегі ең топас хайуан сол болар еді.

Бір ғасырда ата-әке-бала осы үш буынның өмірі арас-лас отырады. Өмір дана ғой, өмір емес тіршілік заңы да-на ғой.

Немерс дейтін тәртінші буынды тағы қылтитып қояды.

Ата — кәрі тәжірибе, бүрнағы күн.

Әкс — кеше мен бүгін.

Бала — бүгін мен ертеңгі күн.

Немере — запас.

Тіршілік сашнэрсені ұмытпаған.

(Әже, шеше, қыз — бұл саланың заңы да солай).

Қазір (1975 ж.) мен 73 жастамын, қызыым Ғалия 50 жаста, оның баласы Бақыт 23 жаста. Шөберем 1 жаста.

* * *

Мен өзім шашымды тарағанда қылтын-қылтың стіп түсіп жататын шашымның әрбір талына жаным ашитын шал болдым.

* * *

Ирония — қайғылы құлкі, жаны ашырдың амалсыз сзу тартуы, мазақ — сықақ смес. Ирония — Хэмингуэй, Ремарк, Гоголь, Грибоедов...

* * *

Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті сксу-ақ; ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы.

* * *

Баяғыны көксеій берген слде бүгінгі өмірге үйлесс алмаушылық болады. Баяғының құрметтісін құрметтей білмесен елде болашақ та жоқ. Көкссу мен құрмет екі текті түсінік.

* * *

— Талапсыз үміт — бос үміт.
— Талантсыз өнер — үмітсіз.
Көпті көрген дана болады, қартайып кетсе бала болады.

* * *

Бала мектептен келген бетінде әкесінен:
— Өке, Хая анамыз Адам атамыздан басқа еркекпен жүрген бе? — депті.
— Жоқ,— депті әкесі.
— Онда мұғалім: — Адам маймылдан жараган, — деп неге айтады? — депті бала.

* * *

Ғажап нәрсе, бүгінгі қазактың әдет-ғұрпында әруаққа, отқа, суга табынатын әдет сақталған. Мысалы;

а) Жазғытұрым бис байлағанда желі қазықтарға айран құяды.

б) Алғаш күн күркірегенде (көктемде, әрине) ожаумен киіз үйді айнала сабалайды, артынан, жабық тұсынан.

в) Кызды ұзатарда «Отқа құяр» деген кәде бар. Соған құрмандық ретінде мал сойылады.

г) Қазактың әдст-ғұрпана өшпейтін әсер еткен ислам діні. Әдеп, инабаттық, сыпайылық дәстүріне ислам көп нәзіктік қосқан.

* * *

Қысқасы, бір слідің мекні, туысқандығы, тілі, күн көрісі, мінез-құлқы қашаннан бері бір болса, сондай слід ұлт деп таныр болсақ, қазақ та ұлт.

* * *

Шаңырақты еркектер көтеріп бергенмен, үйді әйелдер тігеді. Шидің ішін, үй жиһазын әйелдер жинастырады.

* * *

Қазақ қызы ұзатылғанша негізінде екі-ак түрлі жұмыс істейді. Қөлден су әкеледі, шәй құяды. Жұмыстың басқа түріне қайын ененің қолында жаттығады.

* * *

Қазақ әйслдерінің қолөнсөрі:

1. Кілем тоқу (түкті, тықыр).
2. Ши тоқу (ораулы, ораусыз және талдан).
3. Тымақ, тон, камзол-шалбар, ішкиім — түгел әйел тігеді.
4. Тамақтың бәрін әйел өзірлесіді, малды ерекек сояды.
5. Етік, мәсі, кебіс, калош — аяқиімдерін түгслімсін ерекек тігелі.

* * *

Шіркін, нағыз еврей қызы Мариям Дүсіп тұғілі құдайды да алдап кетстін қатын Кранах Старший салған мадоннағой! Өзгесін байлай қойғанда шешсесі дс, бала да ұлтын айқын айтып тұр.

* * *

Сұлулық, әдептілік, бейімділік, сезімділік, ерлік, даналық — бәрі де жеке адамның меншігі емес, ең алдымен елдің, халықтың еншісі.

Сұлулық, әдептілік, тағы басқалар жұртты сұлу болуға, әдепті болуға шақыра алмаса, қыздыра алмаса — ол шын мағынасындағы сұлулық та, әдептілік те бола алмағаны.

* * *

Жұрт бұрынғы малшы мағынасында қалмауы керек.

1. Жақсы аттар соларда болсын.
2. Жақсы үйлер соларда болсын.
3. Жақсы көлдер жасалсын.
4. Оқу жұмысы, мәдениет істері тұрақты, мәнді мағына тапсын.
5. Малшылар әдемі мылтық, сойыл, садақ, найза ұстасын.
6. Жазғы, күзгі жайлары, бәйгслері, күрестері, кекпарлары болсын.

Қысқасы, табиғаттың тап ортасында жүретін сұң сәнді киініп, ең еркін жүретін күрделі, күшті сұлу болсын, тағы басқалар...

* * *

— Республика қызметкерлері облыс қызметкерлерімен 4-5 айға қызмет орындарын ауыстырып тұрса теріс болмас сді. Тәжірибе ауысар еді, білім, жаттығу ауысар еді.

* * *

— Біреудің қызмет-құдірсті жүргіндс, біреудікі ойында, біреудікі мінезінде, ұнсіз-ұнді көз қарасында.

* * *

✓ Өйел асқақтаса — жылағаны, еркек асқақтаса — құлағаны.

ЖЕТІ ЖОҚ

1. Құста сүт жоқ. 2. Жылқыда өт жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тілдс тиек жоқ. 5. Сұліктс сүйек жоқ. 6. Аспанда тірсү жоқ. 7. Әділ бидс туған жоқ, туғанды бидс иман жоқ.

* * *

«Сипен қорқатын адамнан сен дс қорық».

(Фарси)

* * *

Қазақ тіліндес «мақтау» деген түсініктің қарсы жағында «жамандық» деген түсінік тұрады (кейде «боқтау» болып кететін де бар). «Сынау» дегенде жалғаса «сынасу» деген түсінік тұр. «Айтыс-қа» жалғаса «тартыс» тұр. «Айтыс-тартыс».

* * *

Елінің осынша көп үйиқтағанын, оянса ойсыз болғанын қайғыратын да біреу болады.

* * *

Кір жуып жатқан әйелді Ремарк сонша айқын көрсестендіктен мұрныма жуып жатқан кірдің иісі келді.

* * *

Не тастай алмаған, не қостай алмаған жандайшап — бос қикудан өзі түсінгенше қасарып отырған жан көп артық.

Жаны аласаны үлкейткесмән ол өспейді.

* * *

- ✓ Жақын адамдарыңмен жақын тұрмағаның жақсы (Тағы бір афоризм).

* * *

Низамидің әйелі қыпшақ қызы Аппақ деген кісі скен. Жаугершілік заманда Дербенд правителінің қолына күн ретінде түскен. Дербенд правителі Жаффар қанша қызықса да қыз қөнбекен. Қызды қорлау үшін Низамиға сыйлыққа берген. Аппақ пен Низами бірін-бірі қатты сүйіп, жақсы өмір сұрген, Шырын бейнесін Низами сол әйелінен алған.

* * *

Көпті білдік, көбін істей алмайтын кездеміз. Білу мен істей алу екі мәселе.

* * *

Терезең сынық болса, терезеден түскен күн жарығының да ыстығы бардай көрінеді.

* * *

Қазақтың жершілдік жіктеулері си бір үлкен апаты.

* * *

Наурыз Шығыс халықтарының озық кезіндес, озық гылымға ие болған кезіндес жыл басы боп алынған. Меніңшс гылымның си өзгермес бір табысы осы.

Наурыз фарсы тіліндес. Бұдан кейінгі ои бір айдың қазақ тілінде өз аттары бар: наурыз, көкек, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қантар, ақпан. Бұл атауларда басқа тілден қосылғандары жоқ. Маған соңғы скі айдың аттары ауысып тұрғандай көрінеді.

Қазақ:

Алтай қыстың ағы ақпан, қаңтар,
Мейілің олай жалтар, бұлай жалтар.
Екесүнен құтылған аман-есен,
Ұзын сары келгендे өлең айттар.

Ешуақытта қаңтар, ақпан деп сөйлемейді, ақпан —
қаңтар деп сөйлейді. Есімдс мынандай бір өлсң дс жүруші
еді:

Алтай қыстың ағы ақпан, қаңтар,
Наурыз кіре аяздың зәрі қайтар...

Бұл фольклор екен де, қаңтарда қарға адымы, ақпанда
ат адымы деп күннің ұзаруын бегілеп қойғандық ғылыми
дәлелдерге жатады дерлік екен. Мен дс осыған тоқтадым
дер едім, бірінші ойым ғылымирақ көрінді.

* * *

Қазақ. Шығыстың кай слінде, қай заманда болса да
хандарына, бектеріне, олардың қорлық-зорлықтарына көнс
алмай, кең далада өзінің азаттығын сақтап, азапқа көнбей,
сол билеушілерден шеттеп кеткен адам топырағының аты
қазақ.

Бұл қас, қасақы, қашақ деген сөздердің қорытындысы.

ӘЙЕЛ ТУРАЛЫ

Дүниеде әйелдің көзінен артық қызықтыра алатын, әйелдің көзінен артық сиқырлап қаратып кете алатын құш жоқ қой деймін. Қалайда байлық, бақ, мансап, тіпті қоғамдық дәреже дегендердің бір де бірінде ондай құш жоқ, бәрі бірге қосақталып келіп, мойныма асылады. Мен бәрін сілкіп тастап, оқтай қадалған әйел көзіне қарап тұра берер едім.

* * *

Әйелі жасара берсе, еркегі ескіре береді, бірақ әйелі ескіре берсе, еркегі жасара бермесе керек.

ҚАЗАҚ МАҚАЛДАРЫНАН

Қатыны өлген қызды ауылға қарап жылайды.

* * *

Арам бұқа ұрғашы бұзаудың қасына жатады.

* * *

Әйелдің ақылы көркінде,
Еркектің көркі ақылында.

ЕРКЕК ПЕН ЭЙЕЛ ТУРАЛЫ

Еркектің ашы түске дейін, әйелдің ашы кешке дейін.
Еркектің ашы аспен тарайды, әйелдің ашы тессекте тарайды.

* * *

Әйел боянса бұзылады, көп қиқаңдаса ұрылады.

* * *

Менің байқауымша, сұлу әйелді ит қаппайды. Олай болса сұлулықты ит тесеңді.

* * *

Кейде сұлулық пен ерлікті салыстырып қарасақ, жеңіс сұлулық жағында кетеді.

* * *

Сенің сұлулығынды бөліп берсе, барлық жер жүзіндегі әйелдер сұлу болар еді.

Сенің мейірімділігінді барлық патшаларға бөліп берсс, барлық патша зұлымдық дегенді ұмытар еді.

Сенің әдептілігінді бөліп берсе, барлық адам баласы әдепті болар еді.

* * *

Ант ұрған өлім бата алмапты, әкетуге дүниенің жалғыз ғажабын! Патшалар өлер, басқалар да өлер, сұлулық өлмес, мейірім өлмес, әдеп өлмес, мәңгі қалар.

ЖАНЫШ ДЕГЕН ЭЙЕЛДІҢ ЕРІ ӨЛГЕНДЕГІ ЖОҚТАУЫ

Кара бура қабактым-ай,
Ақ сүңкардай қанаттым-ай,
Жолбарыстай жүректім-ай,
Лрыстандай айбаттым-ай.

* * *

Әйелді естілік женсе сұлулығы да арта түседі. Сұлулығы
женсе естілігі де, сұлулығы да солғындаі түседі.

* * *

Әйелге сенсөң де ұтыласың, сенбесең де ұтыласың. Сен-
бесең әйел кешпейді, сенсөң алдай бастайды...

* * *

Сүйген адамың барлық адамнан сұлу да ақылды болады
да.

ЕКІНІҢ БІРІ

Ойдың биіктігі де, терендігі де, жан-жақтылығы да сорлы
бастың немен толтырылғандығында. Сезімді алсақ ол әрі
бастаң, әрі бес түрлі сезім ошақтарымен қорек алады да
жан-жақты, бұта-тармақты болып тамырлана береді.
Әсіресе, сезімділік әйелде нәзік те мол болады. Осының
қорытындысында әйелдің көбі сұлулық пен естіліктің
қайшылығына ілігіп шерменде болар еді. Илу де бір әйел
әрі сұлулығын, әрі естілігін сақтап қалады. Көбінесе сұлу-
лықты сақтаймын деп көп әйел естілігінен айрылады.
Өмірінің орта тұсина дейін сұлулығы арта түседі, естілігі
солғындаі береді, кейін екеуі де жоқ. Басынан естілік
женсе сұлулығы да арта түседі. Не естілік сұлулықты жсңіп,
аяғында жүрдай, сксуінсін де айрылып қалады.

* * *

... Қыпшақ қызы Аппақпен бірге өткен он жыл өмірім:
өзі де аппақ, аты да аппақ, көнілі де аппақ, жібек мінез
биязы, сөзі әдепті әрі көркем. Не жазсам да көз алдында,
көнілден кетпек смес... Менің жүрегім жұмақтай болып
кетіп еді...

* * *

Әйелді сую үшін білуің ғана жетпейді, сезінуің керек,
ен қерегі осы. Әйелге ше? — Оған да!

* * *

Әйелге — еркектің, еркектердің таласы талай жазылды.
Әйелдің ереккек таласы әлі жазылған жоқ. Бұл тақырыпты
мен етеп сезінсем керек: арнаулы тақырып етпегенмен
бір сүрлеуге қоса кету дұрыс болар.

* * *

Қызық бір тақырып: қазақ қызы күйеуге шыққанда ұзак,
өмірлік сүйіспеншілікті ойлай ала ма? Оны ойлай алса,
күйеуге шыққаннан кейін өмірдің жанышқы жағын ала
беріп, неге құлай береді? Неге жанышла береді екен?

* * *

Әр халықтың өмірлік тарихына қарай әртүрлі іске ше-
берлігі, шеберленуі занды нәрсе ғой. Қазақ әйелдері
қайғыруға, жылауға шебер. Көзінен дым шықпаса да
біреудің өлгенін жоқтап жыласқанда жақсы актрисалар кез-
деседі. Шын егіліп жылаушылар да бар. Керекті уақытында
көзін мөлтілдетіп, жесір қалған әйелге қарағанда сүйегі
еziліп отырғандай көрінетіндері бар.

* * *

Театрда кейде бір кербез басып, әдемі денесін түгел
сипаттап тұратын қара барқыт көйлегімен Шолпан өткенде
арт жағынан айтылған құндеу, мақтау, қызығу сөздері бір
жерде ысылдал, бір жерде күбір-жыбыр етіп қалады...

* * *

Іргедегі соғар тұнгі самал жел, кейде жылы, кейде
салқын лебімен жігіт бойын, қыз көңілін әр неге әкетіп
жатады. Желдей еркіндік, балғындық, алаңұрту, толқындау
еркіндік сездіру, арман шақырулар береді. Тау арасы, теңіз
жағасы, орман іші, ағысты өзен жағасы да сондай.

* * *

Көктемде тыным таппай қыз
жүрегі (бар болса жүректің үлбірегі),

Елеңдеп, дір етіп қап, шым етіп
қап,
Тұрмай ма, лып-лып шығып
сыртқа лебі.

* * *

Әйеліңнің көз алды көкала екен, қазір сол таңба көңіліне
көшіп жатқан кезі көрінеді.

КЕЗДЕСІП ӘДІ СОЛ БЕЙНЕ

Әлжүсса, әңгімемді Э. Хэмингуэйдің сөзімен бастайын. Ол өзінің «Африканың жасыл жоталары» деген шығармасын жазарда «ешкім жазбаған проза жаза қоймаған шығармының» деген екен. Сол сияқты Габең жайлы мен жазған естелік те басқалар жазған естеліктен артық деген ой жоқ. Мен тек ұлы адаммен бірге өткізген аз болса да мәз болған жылдарым жайлы сыр шерттім. Оның ішінде ешбір қоспа жоқ. Тіпті кезінде Габең скеуімізді көре алмаған кейбір жандар бұл естеліктегі менің жазғандарыма өздерінше күмән келтіріп, сөз де етуі мүмкін. Бірақ мен біздің аз жылғы өмірімізде не болды, Габенниң ұлкен адамгершілігін, ұлылығын, азаматтығын сүйікті халқыма барынша жеткізуғе тырыстым. Қашанда ұлының аты ұлы, биіктің аты биік. Егер осыны мен О. Бальзак сөзімен айтсам «Өмірдің өзі ең ұлкен сахна да, адамдардың бірін-бірі қайталамайтын ұлкен, кіші рольдері бар» деген сөздің мәнінің зор екенін осы ғұмырымда біршама көріп білдім.

Габең адам, азамат, қаламгер ретінде де біртуар жан. Мүмкін бұл пікіріме біреулер келісіп, біреулер келіспес. Бірақ оның сондай асыл жан екеніне ана, әйел, жары ретінде менің көзім анық жетті. Олай дейтінім Габен өте мейірімді, кешірімді адам еді. Сондықтан да болар менің жастыққа тән кейбір албырт мінезімे кешіріммен қарап, ақылын айтып отыратын. Өзінің ұнататын тағамдарын өзірletіп, менің көнілім көтерілсін дегендей оны мақтап, жылы-жылы сөздер айтатын. Габең көбінесе ашы қуырдақты, қазы, қартаны, балқаймақты ұнататын. Ауылда туып-өстім емес пе, қазы, қартаны бабымен пісіріп алдына қоятынын. Ал балқаймақты жасай алмаушы едім. Сонда

Ғабен маған өз анасының балқаймақты қалай жасайтынын айтып отыратын. Соның айтқанынан ұғып алып балқаймақ жасауды да үйрәндім. Ғабеңнің ойынан шығуға тырысатынмын. Ол жұмыс бабымен жолсапарға жиі шығатын. Жердің қай түкпірінде жүрсе де телефонмен хабарласып, үй-ішінің, қыздарының амандығын біліп, жеделхат салып, өзінің қай қалада жүргендігі жайлы дерек беріп отыратын. Демалыс орындарына бірге барып, демалатынбыз. Ең соңғы рет бірге Берікқара деген жерге барып демалдық. Сол жерде Илияс Омаров ағай да отбасымен демалды. Онда Ғабен бірер апта болды да, одан соң Алжирге кетті. Мен ол келгенше Гауһар, Гүлнәрмен сонда болдым. Ғабен Алжирден оралған соң Берікқараға келіп, біраз тынығып, бізді Алматыға алыш қайтты. Бұл біздің соңғы рет бірге демалғанымыз екен. Амал не?

Ол жыл мезгілдерінің ішінде көктемді ұнататын. Сол кезде аң аулап, балық ұстаяға құмар еді. Әсіреле, Іле бойына, Қаскелен тауларына баратын еді. Осы бір қызықты сәттеріне мені де күә болсын дегендей өзімен бірге ала баратын. Өзен жағасындағы жасыл желең, маңғаз тау көңілімізді көтеріп, кеудеміз тазарып, табиғат ананың құшағында тербеліп бір жасап қайтушы едік. Театр, киноға бірге баратынбыз. Әсіреле, Ғабен драма театрын жақсы көрсетін. Астанаға келген шетелдік қонақтарды үйге шақырып қонақ етуді ұнататын. Ондайда мен де құрап ұшып Ғабеңнің айтқандарын екі етпей орындал, меймандарымызды риза етіп шығарып салушы едік.

Мениң өнердегі бірінші ұстазым Шәкен Айманов десем, скіншісі өз Ғабем. Ол маған өнерді сүюді, оны бағалауды, құрметтеуді үйретті. Сахнадан гөрі халыққа кино тез жетеді, кинода бір басты бейне жасасаң деуші еді. Сол үшін «Қызы Жібек» фильмінің сценарийін жазды. Маған Жібек өзің боласың деп Сұлтан Ходжиқов екеуі келісіп жүргенде, киноға түсірілер кезде Сұлтан ағамыз үәдесінен тайқып шыға келді. Өмірінде кісіге ренжімейтін Ғабен сол жолы қатты налыды. «Қазақ өнерінде» бірігіп бір дуэт жасасақ деп үнемі айттушы еді, бірақ сол арманымыз амал не, орындалмады.

Қазір сол Ғабеңнің сөзі жадымда, творчествода бір үлкен бейне жасау арманым. Уақыт өтіп жатыр, кезінде Ғабеңнің қас-қабағына қарап мен де білек сыбана қоймадым. Отых жылға жуық киноны жағалап жүріп жатырмын. Қазір мен үшін бір Ғабен ғана жетіспейді. Құдайға шүкір, оның өзі болмаса да кезі бар. Екі қызынан уш немерем бар, бірінің аты Ғабит, екіншісі Мәди, үшіншісі Адэля. Ұлы Ғабиттің

артынан сол ағаштың бүрі, гүлі сәби Ғабит өсіп келе жатыр. Оған да тәубе деймін. Бұларды Ғабен өмірінің жалғасы, ізбасары деп қуанамын. Ішпәллә, бергеніңе де, береріңе де шүкір, қанағат дегеннен басқа не айтамын.

Менде екі қымбат дүние бар. Оның біріншісі: Ғабен жазған хаттар, ал екіншісі: өзім жазған құнделік. Бұл екеуі де Ғабен сыйлаған шағын мүйіз сандықта сақтаулы. Естелік айтардың алдында мен осы сандықты ашып, хаттармен, құнделікпен оңаша отырып сырластым.

Бізді табыстырыған — тағдыр, қосқан — құдай. Ойламаған жерден күтпеген оқиғалар мен небір жаңалықтар болып жататыны өмір заны ғой. Мен де Ғабит Махмұтұлымен ойда жоқта таныстым. Ауылда өсіп, қалаға баруды армандаған өз құрбыларым сияқты мен де арманышыл, қиялышыл болып өстім. Мектеп бітіріп, астанаға келіп, шет тілдер институтының ағылшын факультетіне оқуға түстім. Ауылда өскен дала балаларының қалаға бірден үйреніп кетуі, әрине, оңай емес. Қаланың өз ерекшелігі бар әрине. Сол кезде «Қазақфильм» студиясы «Ән шақырады», атты фильмді түсіргелі жатыр екен. Сонда басты рольде ойнайтын қызға конкурс жарияланды. Сейтіп, көп қыздардың ішінен жүлдым жынып сол фильмде ойнау бақытына ие болдым. Бұған дейін киноға түсем деген ой түсіме де кірмеген. Содан астанаға келгенде алғашқы қадамым киностудиядан басталды. Әрі оқи жүріп, әрі киностудияны жағалап жүріп жаттым. Өнерден хабарым жоқ мені осы фильмде ойнаған басты ролім елге танытып, атағымды шығарды. Біреулер алғашқы өнердегі тұсаукесер роліме қуанды, ал енді біреулер қызғанышпен, құдікпен қарай бастады. Киноға түскеніме мәз болып, өзім өзім разы болып мен жүрдім.

«Қазақфильм» енді атағы жоқ әртісті, яғни мені тағы бір киноға түсуге шақырды. Міне, осы киностудияға келіп жүргенімде Ғабенмен тұнғыш рет таныстым. Себебі түсіріліп біткен соң әр киноның байқауы болады. Оған әдебиет, мәдениет, өнер, баспасөз қайраткерлері қатысып талқылайды, пікір-талас, жетістігімен қоса кемшілігі де айтылады. Ғабен соган үнемі қатысатын.

... Тағы да бір киноның байқауы болатын еді, мен де Кино үйіне келдім. Бірнеше адам президиумда отыр екен, ортада Ғабен. Мен залдың орта шеніндегі орындыққа барып жайғастым. Өзімнің кешігіп келгенімे ыңғайсыздандып біртүрлі қысылып қалдым. Сәлден соң басымды көтеріп айналама қарасам, Ғабен маған тесіле қарап отыр екен. Мен одан сайын ыңғайсыздандым. Іштей: «Қап, ұят бол-

ды-ау, кешіккенім» деп төмен қарай бердім. Кейін білдім той, Ғабеңнің сол қарасы жезқікті нысанаға алған мергендей маған оқ болып тиғенін. Содан кейін-ақ біз Кино үйінде жиі кездесетін болдық. Бірде осында келіп, жаңа бір фильмді көріп отырғанымда қатты шөлдедім. Су ішпек болып Зейнеп апай (киностудия қызыметкері) екеуміз залдан шығып, буфетке қарай келе жатыр едік, қарсы алдымыздан Ғабен шықты. Бізге амандасып, Зейнеп апайды әңгімелеге тартты. Екеумізге су әперіп, сол құнгі кино жайлы пікір алысып, Зейнеп апай екеумізді үйге дейін шығарып салды. Менің кинода жасаған алғашқы рөліме риза болып «мына қара қыздан бірдене шығады» деп көнілімді көтеріп, талағымды қанаттандырып қойды. Сол бір әңгімeden кейін Ғабен маған жақындай түсті.

Алғашында кинофильм, театр-өнерден басталған Ғабен-нің әңгімесі бірде махабbat тақырыбына ауысты. Мен үшін бұл үлкен бір жаңалық көрінді. Тұлғасы да, атақ-абыройы да үлкен адамның махабbat жайлы сез айтып қылуы көнілге де, көкейге де бірден қона қоймайды екен. Мен алғашында оған мән бермедім. «Сезім — от, ақыл — май» деп В. Г. Белинский айтқандай, албырт көніл, жалынды жастықтың әсері ме Ғабенді біраз ренжітіп те алдым. Байқаймын күн өткен саіын ол адам менің ажырамас до-сұма айналғандай. Сабактан шықсам да, киностудияға бар-сам да машинамен кес-кестеп жолымды тосып тұратынды шығарды. Кейде осында ұлы адамды соңымнан жүргізіп қойғаным үшін өзім де ренжіп жүрдім. «Тебірентер сез темір қақпаны да ашады» дегендег ақыры тағдыр табыстырып; екеуміз қосылдық. Мен енді ерекше бір аялы алақан мен жел жағымға ық, күн жағымға көлеңке болатын үлкен бір қорғаным бар деп үқтym. Ғабен екеуміздің қосылғанымызға әрине күйінген құрбылары мен қаламдастары да болды. Бұған қоса сүйініп, екеуімізді қолпаштап құрметтеген тілеулес жандар да кездесті. Егер менен біреу «Есте қалар күніңіз жайлы айтыңызшы?» десе, мен: — Есте қалар ең бақытты күндерім Ғабенмен бірге өмір сүрген жылда-рым,— дер едім. Бұл жылдары мен ана болым, екі сәбі сүйдім. Осы жылдары мен бірнеше фильмге түсіп, үлкенді-кішілі бейнелерді жасап, өзімнің өнердегі жолымды таптым. Сол жол әлі күнге жалғасып келеді.

Ғабен киноны қой деген соң, Жасөспірімдер мен балалар театрына актриса болып орналастым. Киноға түсіп, елге өнеріммен таныла бастаған менің де дүшпандарым шыға бастады. Түрлі сез таратып, жел сезді өкпек желдей гүллетті.

Осындағы өсектің өртін сөндіргісі келді ме, өнердегі менің табысымды көре, біле тұра Ғабен җұмыс істегенімді қаламады. Көңілінс қаяу түсіргім келмей екі ботам Гүлнэр мен Гаунарды аялап үйде де отырдым. Әрине үй тірлігінен қажып, шаршайтын да кездер болады ғой. Сөйтсе де бір Ғабенің көңілін табуға тырыстым. Өйткені Ғабен жолса-парға шықса да телефон шалып сөйлесіп, жеделхат жіберіп үйдегі біздің жағдайымызды біліп отыратын. Ал ол үйде болғанда біз ең бақытты жандармыз. Қыздарымен сөйлесіп, аратұра қағазын жазып қойып, биллиардқа кететін. Бұл Ғабенің ең сүйікті ісі болатын. Биллиард ойнау — спортпен шұғылдану дейтін. Үнемі қимылдау адамға пайдалы деп күн ұзын үйге келмейтін кездері де болатын. Жазатын нәрсесін әбден ойланып-толғанып барып бірақ жазу үстеліне отыратын.

— Раисажан, саған ағылшын, орыс тілінің қажеті не, сені түбі қазақ тілі асырайды, сен ана тілінді үйренуге тырыс,— дейтін. Мектепті орысша бітіріп, ағылшын факультетінде оқыған маған осылай ақыл айтатын. Бүгіндегі ойласам ана тіліміздің мәртебе алышп, дана тілге айналарын үлі Ғабен сол кезде-ақ білген екен ғой.

Ғабенің бір ерекшелігі ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейтін. Маңғаз қалпында, байыппен, асықпай-саспай ойын бір-ақ айтатын. Тіпті карта ойнап отырғанда да кейбіреулер айқайлап өзінің де, өзгенің де басын ауыртып даурықса, Ғабенің қоңыр даусы анда-санда ғана бір естілетін еді. Әр сезін салмақпен асығып-аптықпай айтатын. Тіпті жүрістүрысының өзінде ерекше бап бар еді. Ғабен көп сөзді ұнатпайтын. Әңгімесін әзіл араластырып сөйлейтін. Ғабен үлкенді — үлкендей, кішіні — кішідей бағалап әрқайсысына әділ баға беруге тырысатын. Замандас қаламдастары мен соңынан ерген шәкіртері жайлы біреулер сұрай қалса: «Анау ілгері озды, ал мынау орташа не одан кейін» деген сөздерді ешқашан айтпайтын. Шығарманы бағалайтын оқырман, егер соларға жазғаны ұнап жатса, ол жазушыда бірдене бар болғаны деген пікір айтатын.

«Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сез бұзады» дегемекші соңғы жылдары Ғабенде қызғаныш сезімі пайда болды. Сәл нәрсеге ренжитінді шығарды, реніші сол — сөйлеспейтін, тіл қатудан қалады. Оның мұнысы маған есенгірете тиген соққыдан да ауыр болатын. Ондайда қонаққа баруды да сирететінбіз. Өйткені бірнеше жерде қонақта болғанда қаламdas әріптестері Ғабене менің көзімше: «Жас тоқалың қалай?» десе, F... С... деген ағайлар

«Әй, сол Раисаң сені бір күні аңқыт, аузыңа саңқыт деп тастап кетер» деген сөздерін өз құлағыммен естіп, жаным қатты қүйзелгені бар.

«Ұра берсе құдай да өледі» дегендей, Ғабең күннен күнге салқындағы бастады. Бұрынғыдай «Қара қызы, дара қызы» деп еркелетуді де қойды. Үйге Ғазиза апай жиі келетін болды. Бізді Ғарағаның үйі (Ғарифолла) жіңі-жіңі қонаққа шақыра бастады. Қонақасының соңынан карта ойнау басталатын. Қыздарым жас болған соң, мен таңға ойналатын картаны күтпей-ак үйге қайтып кететінмін. Сейтіп жүріп Ғабен екеуміздің әуелде жарасқан тұз-дәміміз бірте-бірте бұзыла бастады. Сәл нәрсеге келісе алмай қалатын болдық. Ақыры ажырасып тындық.

... Әрине бұл жағдай маган оңай тиғен жоқ. Қайранда қалған ескексіз қайықтай болып екі ботаммен өмір деген үлкен теңіздің арнасына келіп түстім де кеттім. Кешегі бақытты, қуанышты жылдарым бір-ак күнде көрген түстей көз алдынан өте шықты. Адамнан, оның ішінде әйелден төзімді жан жоқ десем артық айтқаным емес. Махаббаттың, бақыттың буына елітіп, Ғабенің қасында жүргенде өзегінді өртер өсек сөзге мән бермеген басым енді, ажырасқан соң сол сөздер қамысқа қойылған өрттей лаулас қайта жанды емес пе?! Қайтейін, соның бәрін де құлағыммен естіп, жүргетімнен өткізіп, жүйкеме жеткіздім. Бізді тағдыр табыстырды, аллатадағалам қосты, адамдар ажыратты.

«Досыңнан көңілің қалса да, кейін одан қол үзбе» деген нақыл сөз бар ғой. Ғабең бізден қол үзген жоқ. Телефон шалып, қыздарыма көмектесіп, қамқорлық жасап тұрды. Адамның жан дүниесі оның саған істеген ісінен-ак көрінеді смес пе? Ғабең Гаунардың үйлену тойына қатысты, кейіннен пәтер алуға көмектесті...

Соңғы жылдары Ғабенің денсаулығы болмай ауруханаға жиі түсетін. Сол кезде де Гаунар мен Гүлнәр үнемі барып жүрді. 1985-жылы Гүлнәрдің үйлену тойы болды. Ғабең мен Ғазиза апай келді. Үшеуміз қатар отырдық. Ғабең қатты ауырып жүр екен. Жағы солып жүдеп қалыпты, қолы қалтырап шанышқыны әзер ұстап отырды. Қозғалынегі де өзгерген. Біраз отырып, жастарға әкелік тілегін білдірген соң, рұқсат сұрап кетіп қалды. Сол күні түнде қатты қысылып, ауруханаға түсіпті. Содан ауруханада 20 күндей жатты. Бір күні үйге Ғабенің туысы Әбділдә Ботбаев телефон соғып, Ғабенің нашарлап қалғанын, ауруханадан үйіне әкелгенін айтты. «Бүгін келмесең көре алмай қаласың»— деп ескерте сөйледі. Қайтейін, жаным қүйзеліп

кетті. Гаунарды ертіп Ғабене бардым. Өзім бірнеше жыл отын жаққан шаңыраққа асыл Ғабен үшін бардым. Бір бөлмеде Мәриям апай (Сәбенің бәйбішесі), Еркеғали Рахмадиев, тағы біреулер отыр екен. Мені көріп олар күбір-сыбырга көшті.

Еркеғали Ғабен жатқан бөлмеге кіріп шықты да, бізге «кіріндер» деген белгі берді. Төсек үстінде Ғабен сұлқ жатыр. Қасында Ғазиза апай отыр. Мен төсекке жақындан бетіне қарадым. Көзі жұмұлы, демалысы ауыр. Ақырын ғана: — Ғаба, қалайсыз? — деп, қолымды қеудесіне апардым, ол сәл көзін ашты да, бұрылып қарады. Сосын қолын маған қарай созғандай болды. Қолын алып үқалап, сипадым, суып барады екен. «Ғаба, мен Рая ғой» деп тағы қайталадым. Сосын менің қолымды ұстап «Рая, сау-сәлемат бол» деді әлсіз ғана көзін ашып. Бұл сөзді естіп тенселіп, құлай жаздадым. Басым айналып, екі тізем дірілдеп кетті. Менің көніл-күйімді байқады ма Ғазиза апай: — Шырақ, оған көп сөйлеуге болмайды, қинамашы, әлсіреп қалады, бара ғой енді,— деп менің кетуімді өтінді. Сөйтсе де мен Ғабенің қимай біраз қасында тұрдым.

... Тағдыр табыстырған осы бір аяулы бейнені қия алмай, нұры тайған көзіне, солған жапырақтай болған қансыз жүзіне ұзак тесіліп қараганнан басқа шарам қалмады. Үні қандай жұмсақ еді. Сол сәтте де ол маған «Қара қыз» деп үн қатқандай көрінді. Амалым не, жан дүнием астан-кестен болып, жүргегім бордай езіліп: «Ұлы Ғаба, құлағымнан ешқашан үнің кетпес! Менің жүргегімде мәңгі сақталар бір асыл бейнесің. Хош!» деп есіктен сүйретіле шығып кеттім. Көп ұзамай асыл Ғабенің суық қара жердің қойнына да тапсырыдық. Әрине Ғабен өлмейді, «жақұты бар жанға жасын түспес» дегендей, халық жүргегінде мәңгі қалады. Өйткені ол өлмес әдеби шығармалары арқылы өзіне мәңгілік ес-керткіш орнатып, үрпағына мол қазына қалдырған жан ғой...

Мен естелігімді Ғабенің өз сөзімен аяқтайын. Ғабен бір қойын дәптеріне былай деп жазған еді. «Қыпшақ қызы Аппақпен бірге өткен он жыл өмірім: өзі де аппақ, аты да аппақ, көнілі де аппақ, жібек мінез биязы, сөзі әдепті әрі көркем. Не жазсам да кез алдында, көнілден кетпек емес... Менің жүргегім жұмақтай болып кетіп еді...» деген Ғабенің осы сөзін өзіне арнап айтсам артық болмас. Өйткені онымен бірге болған әр күнімді мен де дәл осылай бағалаймын.

Ендігі әңгімені Ғабенің хаттары жалғастырады.

Қымбатты ММ, РР!

Әңгімені жер бетіндегі тұнғыш ерек Адам сияқты әйелге сөз айтудан бастайын. Адресің қайда? Менің даусым саған жете ме? Мен саған адресінді толық жаз деп едім ғой. Саған қалай хат жазамын? Әрине, саған бәрі бір, өйткені сені ойлайтын, бір сөт те есінен шығармайтын адам бар, ол сен үшін мәңгілік! Қазір ол сенен қашықта болса да сен туралы ойлап, сені сағынып мазасы кетуде. Сені іздеп таппай жаны жай табар емес. Сен жүрген қаладағы барлық қонақ үйлерге телефон соғып іздесе де таппады. Қайда жүрсін, менің Қара қызы! Кеткелі бір апта болды, хабарың жоқ, жеделхатпен үйге адресінді хабарла, өтінемін. Аэрофото ма, теле-космоспен бе тез хабар бер! Бұл үйде қалған сенің ең қымбат адамың үшін өте қажет. Сенің жаның қандай таза, ММ! (менің махаббатым деген сөз). Тіпті кейде сәбидей томпиып, өкпелеп қалғанда да өте сүйкімдісің. Кінәлі болмасаң да кінәлі жандай мойындай салатын әдettiң ше?! Мұндай қылық кең адамда кездесе бермейді. Әйтеуір мені кінәлаудан қашан да аулақ тұрушы едің. Сенің әр қимылың мен қылығың есіме түсіп, мазам кетіп отыр. Жалғыз адам ойшыл болады еken. Тезірек оралышы ММ. Саған үш нәрсе тілеймін: біріншіден ауырма, екіншіден жұмысынның сәтті аяқталуын, үшіншіден өзіңнің сүйіктіңнің құшагына оралуды.

*Мәңгілік суюші М. М. F.
«Мәңгілік деген сөзді осы уақытқа
дейін ешкімге айтқан жоқ едім»*

Н. М.-ды көргенім жоқ. Олардың сана сезімі тәмен жандар еken, оларды тек жазалау керек. Айтарым ондай қомағайлар аштан қиналсын!

22.09.62 ж.

M. M. K. K!

Қазір біз Индиядамыз. Бір-екі күнде Москвада боламыз, самолет күтіп жатырмыз. Сағындым, жаным сенде еken. Ендігі әрі ешқайда ұзап кетпеуге ант етемін!

Мәңгі сенің Габитің, 26.07.63 ж.

Менің алтын қызыым, Гауһарым!

Папаң бұл хатты Москвадан жазып отыр. Мен сенің күлкінді, мойныма асылып бетінді басыма титізіп иіскелегенінді сағындым. Менің кішкене ботам, хатты мамана бер. Бірақ ол үшін мәндайынан, бетіңен... сүйгіз, әбден жалынсын саған.

Сен мамаңа айт, әкең оны өтсә жақсы көрсіді. Жақсы көргені соншалық оның жүргегі тынымсыз соққан самалдай лүпілдеп тұрады, шамасы сағыныш сезімі болса керек.

Сен мамаңа айт, ол ең сұлу, ең мейірімді жалғыз әйел жер бетіндегі. Папаң сол үшін оны мәңгі сүйеді, ол өмірлік серігім. Сен ренжіме, папаң бірінші Қара қызын жақсы көреді, сосын сені. Жапонияға көкектің 10-да сағат 10-да үшамыз. 8 сағат поезбен, сосын екі тәулік пароходден жүреміз. Ол жерде мен 21 күн боламын, яғни Токио қаласында, Қара қыз, сен кешір, бұл хатым Гауһарыма арналды. Қызымын, сені сағындым. Хатта жазылған сөздерім жүргімнен шыққанын сезерсің. Бәріне сәлем айт. Айт-пакшы, «Ана-Жер-Ана» келесі жылға қалдырылды. Майқанова, Шарипова, режиссер жайлы пікірлер жақсы, Римова — ??

Амансың ба, менің жалғызыым!

Бүгін таңертең Гауһаржанның атына сендерге хат жазып едім. Сейтсе де саған айтам деген бірер ойым айтылмай қалған сияқты болып, күні бойы мені мазалай берді. Мінс, түрлі жиналыстардан қол босап, сол мазалаған ойларымды саған қағаз арқылы жеткізуге тағы отырдым.

Біріншіден, аман-есен жүрмін, денсаулығым ойдағыдай. Екіншіден, қатты сағынып жүрмін, құдайдан сұрайтындым күніміз ерте батып, түніміз мезгілсіз тұтылmasын. Үшіншіден, сен «Ана-Жер-Ана» жайлы білгің келетін шығар. Оны комиссия мүшелері келесі жылға қалдырыды. Сыйлыққа Шарипова, Майқанова, қоюшы-режиссер ілігетін түрі бар. Биыл өтсін деп қақшиып тұрып алатын адам болмады. Серкебаев келмей қалды, ал мен әдебиет секциясындағын. Сейтсе де пленумда келесі жылдың тізіміне кіргізуге күш салдым. Дауыс берерде жазушылар — Смирнов, Симонов, Паустовский А. Кулешов, К. Кулиев, И. Андроников, Ю. Марцинкевичус, театр мамандарынан — Заводский, Мордвинов болды. Кинодан «Гамлет», «Тірілер

мен өлілер» трилогиясы жақсы бағаланды. Кейбір шығармалар бірауыздан қабылданды, ал енді біріне ескертулер, пікірлер айтылуда. Ең соңғы шешім дауыста ғой. Ол көкектің 13-де басталады. Әзірге негізгі жұмыстар бітіп, шешуші түйін 13-не қалды. Әркім өз бақытынан көрер.

Қаламdas достардан Соболевті, Берді-ағаны көрдім. Саған шексіз сәлем айтып жатыр. Олардан басқа Боковты, Татьяничеваны, Штокты, тағы басқаларды кездестіргемін жоқ. Телефон соғуға да уақытым болмады. Оларды I-Май мерекесімн құттықтауды ұмытпа. Сенің дайындыққа барып жүргенінді естіп қуандым. Студияда кешкі жұмысқа қалуға тырыспа. Оның орнына үйге келіп демал.

Ботақаным өсіп келе ме? Ақылы кіріп, жылауды азайтты ма? Жалғыз өзің оның жұпар иісін іскең рапхаттанып жүрсің, ә?! Қымбаттым, саған тапсырма мынау. Май қарсаңында маған ұзақ стіп хат жаз.

Адресім: Москва қаласы,
Воровской көшесі, 52-үй.

ССРО Жазушылар Одагы, Инкомиссия, Мұсірепов F.

Енді сенің жағдайың жайлы. Ақшаң бар ма, қысылып жүрген жоқсың ба? Керек болса Жұматайдан ала тұр, береміз ғой, немесе Мұстафиндерден ал, қиналып қалма. Байқауға бара жатырмын, жұрттың жиналуы қын. Ертең кешкі 9-да телефон соғамын.

Әдеттегідей сүйдім, өзіңнің мәңгілік Ғабитың. 8.04.65 ж.

Үш театрда болдым. Үлкен театрда, Моссоветте жәнс Колонный залда. Сонда әлем-жәлем киінген келіншектерді, не бірде-бір моншақ таққан жас әйслдерді кездестірmedім. Қазір әйелдерде қарапайымдылық модаға айналған сияқты.

Қымбатты Қара К. Қара қызы!

Осыдан Қ-дан басталатын төрт сөзде менің саған деген барлық айттар асыл сөздерім сияды. Ешкімге ешқашан айырбастамас жалғызым, сен менің дәл қазіргі жағдайымды, көңіл-күйімді көрсөң?! Үйге кеткім келеді, ештеңеге зауқым соғар емес. Түсіме жиі кіріп жүрсің, бөпелі боламыз ба? Алыста жүрсем де бар есіл-дертім, жаным сенімен бірге. Самолетпен ұштық, одан түсіп пароходқа келдік. Қазір жағада тұрмыз. Енді 10 минуттан соң пароход жүреді. Бұл

жақ салқындау екен, күздік пальтомды алмағаным ақіндім. Қараша айның ортасында бұл жақта 30-32 градусқа дейін аяз болады дейді.

Гауһарға қара, ол Бота ғой оны ренжітүге болмайды. Беттерінен сүйдім, тағы көп, көп сүйдім, сені... өз Шалың.

31.OX.66 ж. Находка

ЖАН СЫРЫ

Бір данасы саған, бір данасы маған, үшінші данасы — екеуміздің қайсысымыз тұрақсызың істеп, басқа біреуге бұрылып кетсек — соған.

1. -----
2. -----

аіы... күні... жылы...

Сіз «Шошала» романын оқыған боларсыз? Онда құдай осы шіркеуде бес-алты Марокко солдаттарының бір жас қызды қалай басқандарын жазған ғой, есінде шығар? Бұл тағылықты қыздың шешесі өз көзімен көргені де есінізде болар? Иә, ол бір шындық болатын. Бір ауыз қоспасы жоқ шындық еді.

Сіз ұлы Горькийдің «Құс күнәсі» дейтін әңгімесін оқыдыңыз ғой? Онда да барлық жағдайлар өз атымен аталауды емес пе? Шолоховтың «Тынық Донында» Григорийдің әкесін келіні Дария белінен қысып алып, құшақтайды. Алексей Толстойдың «Кек» деген әңгімесінде шпионка әйел Толстойдың соңынан қалмайды. Осының бәрі де шындық, қоспасы жоқ шындық. Бұл жұртты азғындыққа шақыру емес, өмірдің бір шындығы. Мен әйелдің мұндаиды қылышын ерлікке санаймын. Осындаидай нәрселерін жасырган ел есе ме? Жоқ! Өспейді! Ол артта қалған елдің мінезі, үй құлдарының мінезі! Өсу жолы жасыруда емес, шындықты айтуда, етірік ұялуда емес, турасын айтуда.

Сол шындыққа арнап мен өз басымдағы бір жан сырын алдына тартамын...

Мен әлдекімді іздегелі он бес жыл болды. Баладай сағынып, зарығып іздедім. Көшелерден де, жиналыстардан да, онан да, солдан да іздедім. Таба алмадым. Телефон

соғар, хат жазар деп күттім. Тұсіме енер, әлдекалай кездесер деп күттім. Кездеспеді.

Атын білмеймін, тұсін танымаймын. Бірақ тек қана соны сағындым. Он бес жыл іздедім, он бес жыл күттім, ақыры бір жиналыста кездесті.

Қою қара шашын арқасына жайыңқырап жіберген. Мәлдір қара көзді ақ-сұрлаудан гөрі аққубалау қыз екен. Жиналысқа кіріп келген бетінде көзім тұсті де, кірпігіне кірпігім ілігіп қалғандай көзімді басқа жаққа аудара алмай қойдым. Жүргім кеудеме сыймай, тулагай берді. Бұған дейін таныспаған адамдар бір қарастық та, табысып қалғандай болдық. Мен одан көзімді аударғаным жоқ. Туралап қадалмағанымен қыздың көзі де ылғи мені жанай өтіп отырды. Мен солай үғындым. Өрі-беріден соң қыздың адал көздері қаймықпай қарады.

Бұл қыз бос қалжақтың адамы емес. Көздерінен барлық жанжурегінің қалай соғып тұрғаны байқалады. Шын-ақ еліктің баласындағы сергек те сезімтал бір ерке жан екен. Аққұба жүзі жұмыртқадай ғана сопағырақ, кезінің ақ-қарасы айқын да ашық, езу тартқаны естен тандырғандай екен. Адамнан ешбір зұлымдық күтпейтін ерке де нәзік жанды нәресте ме дерсін?

Батыс-Шығыс әдебиетінде мақтаулы сұлу қаракөз, қиғаш қас болып келуші еді, бұл қиғаш көз, қара қас екен. Өрі мәлдір қара көздердің қарашибығы да айырылмайтындағы қара екен...

Мен ол жиналыста сейлемеймін деген едім, тек қана сол қыз үшін сөйледім. Басқа не айтқаным есімде жоқ, сөзім сол қызға ғана арналды. Өзім де ешбір артық сөз, артық мінезге жол бермей, сол қыздың ой-мінезіне бейімделе сөйледім. Мүмкін, соның себебінен жаман сөйлемеген болармын.

Бірақ, ол күні таныса алмадық. Ертеңіне бұл жиналысқа тағы бардым. Қыз төрде отыр екен. Мен оған қарсы отырдым. Ол киноға түсіп жүретін адам екен, бұл күні сол жайы сөз болды.

Үзіліс кезінде сол күні танысып та қалдық. Аты Рая екен. Мен Рая деген атты бірінші естіп тұрғандай қызықтЫМ.

Келер күні Рая түскен картинаны әдейі алдырып көрмекші болдым да, Раяның өзін әдейілеп шақырдым. Рая келді, жақынырақ таныстық: мен оны мәшинемен қызмет орнына апарып салдым да, ертеңіне телефонмен хабарласуды етіндім. Рая уәде етті.

Телефон арқылы сөйлесіп, азырақ бой үйрсніскеннен кейін мен Раяны далаға жүріп қайтуға шақырып едім, Рая қарсы болған жоқ.

Раямен дала жағдайында алғаш кездесуіміз бір көлеңкелі теректің астында сді. Әлде қалай болар деп — палатка ала шығып едім. Көзден таса болғандықтан, еркін отырдық.

Рая тек қана өз өнерімен кітсे берген адам емес, көп нәрселерге өзіндік көзқарасы бар жан екен. Өсіресе, көркемөнер, әдебиет жайларындағы ойлары мазмұнды да қызық болып шықты. Сөз құру әдісі ерке де балаң болғанымен біздің талай ғалымымыздың «езмалтасы» емес, кейді тіпті терендең кетстіні байқалады. Аз өмірінде әртүрлі адамдарға кездескенімен ой алысадар, сыр ақтарысадар калтқысыз досты сирек кездестірген. Өзі өтс үйірсек, достық іздеген. Қарапайым достық емес, жан достығын іздейтін, еркелстер дос іздейтін адам. Бұл сирек кездесетін, қапелімдс түсіне де қоймайтын адамың скені байқалады. Азырақ шампан іштік.

Келер жолы тағы сол жерде, тағы сол палаткада сдік. Құн ыстық. Мен Раяға жсілденіп отыр дедім. Рая іркілгсін жоқ. Көйлегін сыйырып таставы да, суға түсетін жеңіл бүркемелерімен ғана қалды. Мен де жеңілдендім. Бұдан кейін жиі-жій кездессіп жүрдік. Бұл кездеріміз жан сырларын ақтарысып, жан жүрекпен ұғысу айналасында өтті. Сүйісе де бастадық. Ең қымбаттысы — енді бірімізден біріміз ығыспайтын да болдық, жасырмайтын да болдық. Мещандық та жоқ, өрескелдік те жоқ.

Қос анары үшкірленіп, жіңішке белі сұлу бүктеліп, дөңгеленіп біткен сандары спорт денесін байқатады. Қарны ток, көйлегі көк қыздардың көбі соған мәз болып денес мәдениетіне көңіл аудармайтыны бар ғой, Рая ондай емес, денесі тұтас мәдениет көрген, сымдай ширақ бүктетіледі. Қара кездерінен бастап қара бақайларының қара тырнактарына дейін сүйсеп де аузың кір иісін сезінер емес. Барлық әйелдер ең алдымен шашын ғана тәрбиелейді. Раяның бар денесі балғын, жас қыз жастықтың бар сұлулығын дұрыс таныған.

Алтыншы рет кездескенімде Рая өз өмірінде кездестірген адамдарын түгел айтып берді. Талай сенген, көркемөнер

жолында жолдастық үміт еткен адамдары аяқтап келгенде жас үмітті ақтай алмаған екен: жас қызды бауырына басуды арман еткен. Онысына көне алмаган күнәсіз қызыды қызмет жөпінен зансыз бөгеттерге ұшыратқан. Осыған байланысты Раяның бір айтқан әңгімесі мынау еді.

— Мені өздері қалап алып, еркіме қоймай, бір картинаға түсіре бастаған кез еді. Алғашында бірі ұнатып, бірі ұнатпай, бірталай әуреге салды. Кейін картинаға түсे бастаған кезімде киностудияның бас режиссері Ш... деген мені айналдыра бастады. Дағаға, әлдекімдердің үйіне қонаққа шақырды. Алғашында еш нәрсе сезіне қоймасам да, кейін мен де түсіне бастадым — іс аяғы әлденеге соғатын қатер байқала бастады.

Қатер көп күттірген жоқ. Мен институт оқушысымын, жасым он тоғызда, пәтерім болмайтын. Киностудияда батпақтай бір қара қатын, режиссер бар еді, аты — F... Сол әйел мені өз үйінде тұруға шақырды. Мен куанып кеттім. біраз күн бірге тұра бастадық. Бір күні кешке Ш... келді. Конъяк, шампан, колбаса, наан, әртүрлі шоколад, жемістер көтеріп келіпті. F... куанышпен қарсы алып — мені Ш...-ның қасына жақын отырғызып, икемдей бастады. Біраз отырғанинан кейін F... өзі жоғалып кетті де, 'Ш... екеуміз оңаша қалдық.

Осындай отырыстар жиіленіп кетті. Ішімдік ағылып келе берді. F... біраз бірге отырады да, кетіп қалады. Ш... екеуміз оңаша қаламыз. Әрине, Ш... бір күні мені құшақтай бастады, тұзаққа іліккенімді сезіп, тез есімді жидым. Бұл менің білмейтін, білгім келмейтін нәрсс екенін айттым. Мен болашағым алда, қызыбын дедім. Ш... мұныма қарсылық айтты.

— Қыз деген немене! Мещандық! Осы күнгі қыздар баяғының қыздарындағы еркек көрмей жүруі қате. Қөнілінс үнаса болды, сол еркекпен қосыла береді,— деді.

Мен онысына көне алмадым. Ш... бұдан кейін де көп келіп жүрсс де, мені көндіре алмады.

Осы бақытсыздықтың үстіне үй иесі F...-ның арам есебі келіп араласты. Ол Ш... екеуміздің арамызды болды-біттіге есептеп қойған екен. Бір күні ол маған Ш...-дан ақша сұра, спальный алайық, рақаттанып жатасындар,— деді.

Мен сауда-саттықта түскенімді біржола түсініп, F-дан жиіркендім, өзімнен де жиіркендім. Әсіресе, өзімнен-өзім қатты жиіркендім.

— Жоқ, сұрамаймын,— дедім.

Г... мені көп ақша сұрауға бата алмай жүрсе керек деп ойлады ма, келер жолы:

— Гардероб алуға ақша сұра! — деді.

Мен тағы да Ш...-дан ақша алмайтынымды айттым.

Бұл кезде Ш... күнде келіп, ұзақ отырып, аяғында ашуланып, есікті тарс еткізіп қатты жауып кететін болған. Оның үмітін біржола үздіргемін.

Содан кейін мен пәтер іздей бастадым. Маған наразы Ш... мен түсіп жүрген фильмді тоқтаттырып тастанды. Міне, менің көркеменер жолындағы алғашқы үмітім осылай үзілді.

Біздің заманымыздың естияр адамдарының бірі деп жүрген Ш... осыған барғаннан кейін, көркеменер қайраткері деп аталатын адамдарымыздан менің үмітім де біржола үзілді. Күрсіндім де, жас қыздардың басына түскен қауіп-қатердің қанша екенін ойлаңып қалдым...

5

Келесі кездескенімізде Рая маған өз өмірінің әртүрлі кезендерін, көп арқа тұтқан адамдардың жеке бастың құмарлығынан, бұқа мұратынан аса алмағандықтарын айтты. Бұл әңгімесі мені де ұстамдылыққа шақырғандай еді. Мен де көп уақыт өзімді-өзім жүгендеп ұстадым.

Араға әртүрлі жұмыстар түсіп, осымен екі ай өтті. Тек екі айдан кейін ғана екі жағымыз да еркін кеттік.

Біздің еркін кетуімізге бірнеше себептер болды. Ең алдымен Раю менің кездейсоқ құмарлықтан аулақ екендігіме түсінді. Екінші, мен оған көркеменер жолында риясыз дос, айнымас жолдас екеніме сенді. Ушінші, екеуміздің бар дүниеге көзқарасымыз ылғи үйлесіп отырды. Төртінші, менің идеал етер адамым өзі екеніне көзі жетті. Осыдан кейін біз еркін кеттік.

Рая сияқты тым таза, тым нәзік жан өтірік айта алмайды. Идеалым алдаған жоқ, таза күйінде, періште күйінде қалды.

Рая жас, мен жасамыс адаммын. Сондықтан, алғашқы кездерде көпке дейін етім үйренісі алмай, едәуір әурелендім. Жас дene, ыстық дene күйдіріп әкете берді. Қысқасы, он-он бес рет кездескеннен кейін біз ерлі-зайыпты адамдардай болып кеттік.

... Біз өзенге келген бетімізде суға түсеміз. Содан кейін ғана тамақ ішеміз де, палаткада жатамыз. Әуелде біз суға түспеуші едік. Ұзамай өзенге түсетін болдық. Раюны бір қолыммен мойнынан құшактап, су ішінде бірталай толқынға тосасын. Жас дene толқынмен бірге толқып, есіліп ойнайды.

Күнге күйген қоңырқай дene күмістей жарқырайды. Судан шыққаннан кейін Раяны сұртіндіру де жан рақаты. Мөлдіреген су тамшылары мөлдір маржандай сезіледі. Сұртіп тастағың келмейді, сүйіп құрғатқың келеді. Сол кезде сүйсөң басқа адам көріп-білмеген бір сұлулықтың сүйгендей боласың.

Раяның сені құшақтауы бір ғажап. Балғын жас дene бар қызы емес, жанымен құшқандай болады. Мәшинеде келе жатып Рая мені құшақтан алғанда екі адам емес, бір-ақ адам болып қаламыз. Осындаі кезге арнап мен Раяға:

— Сен — мен, — деп едім, Рая маған:

— Мен — сен! — деді.

Қазір біз бір-ақ адамбыз. Бір ғана жанбыз. Бірнеше күн көрісе алмасақ, азырақ өкпелесіп қаламыз. Бұртиып, әлденелерді ренжіп айтқан боламыз. Бірақ мұнымыз да сол сағыныш лептері.

Біз танысқанда жазғытұрғы кез еді, қазір күз болып қалды. Содан бері Раяның қызы-қылаң сұлу қылықтары, сұлу мінезі, сұлу денесі бір өзгерген жоқ. Ерекек тойып кетеді, басқаны іздейді деуші еді, менде ондайдан ешбір белгі жоқ. Жалғыз ғана Раяны, жалғыз Раямды көргім келеді де тұрады.

Тегі ғашықтық деген үлкен идеал. Қыздың жалғыз ажары ғана емес, мінезі мен ойы да, ойы мен бірге бойы да ойдағыдай келсе, ер адам сол қыздың құлы да, әкесі де, ері де, мәңгілік досы да болып қалу керек. Шын сондай қызы ердің де шын жары, өзгермес досы, қайта жасартатын жан-серігі болып, өзгермей бірге жасауға тиісті.

6

Қазір мен Раяның өткен өмірін балалық шағынан бүгінгі күнге дейін зерттеу үстіндемін. Оған бірнеше себеп бар. Ең алдымен екеуміз рухани, мәдени — көркемөнер жақтарынан бір адам болып, тіршілігімізді біржола қосып жіберу үшін Раяның артына қарайлайтыны бар ма, жоқ па, соны мен түгел білгім келеді. Ол сенбеу емес, сенісу жолы — әділ жол. Раяны өз айтуынша, оның соңына көп адамдар түскен. Екі режиссер, бір следователь, бандит бар. Сол режиссерлер әлі де қызмет бабын, коллектив шымылдығын жамылып, соңына түсіп жүреді. Үйіне барып та шақырады, кейде ресторанға, көл басына да алыш кетеді. Ақ көңіл Рая ондайдан бас тарта алмай қалады.

Екінші, мен ендігі жазайын деп жүргөнім, осы Раяның өз өмірі. Сол режиссерлар торына түсे жаздал қалған қызы өмірі өзі бір сценарий емес пе? Ш.., F.., следователь, тагы бір шолак қол режиссер — осылардың бәрі де өз құлқындарының құлы ғой! Егер олар шын-ақ адамгершілік, шын-ақ адад жолмен тәрбиселесе, Рая ендігі үлкен актриса, артистка, кино жұлдызы болатын еді, оның орнына ол әлі болмашы ғана рольдерде жүр. Талантты кейін тартқан адамдарға кешірім болмаса керек. Мен осы туралы жазбақын.

Менің ойымша, Рая сияқты ақылды қыздың үлкен армандары болуға тиісті. Көркемөнердегі арманы — өз өмірі үшін ойлаған армандары — тіпті қосылуға қызыққан адамдары да болу керек қой. Менімен танысқанда әлденеден үміт үзіп келіп танысты ма, болмаса жан жүргегінің қалауы болды ма?

Мен жаз бойы Рая туралы бірталай әңгімелер естідім. Раяны жақын білем деген бір әйел, Раяның Ш-ға шығарған өлеңі деп бір ауыз өлең таратыпты. Ол өлеңнің аяғы былай скен:

— Күшің болса, келе бер,
Кызығымды көре бер! —

деп.

Бұл, әрине, сүмдүк сездер, ұтсыз сездер. Мен нобайлап Раяның өзінен сұрап едім, Рая азар да безер болды. Мен қалтқысыз сендім.

Сұлу қызға сез көп ереді. Рая әуелі бір әнші әртиске құмартып, өлердей жабысып, әртист қызбен біраз уақыт еркін жүріп, аяғында тастап кеткен екен деген өсек те бар. Осының бәрі маган шашшудай қадалған күндер болды.

Екі адамның біріккен өмірі бір тәтті мен бір ашының араласы емес. Өсіреле іштей күйініп, сыртқа шығармаған жаман. Мен Раяның осындайларын түгел өзінен сұрап біліп, крест қойым келеді.

Кейде мен осы жайларды сұрастыра бастасам, Рая өкпе-леп те қалады. Жалғыз сенбеушіліктен туған сұраулар деп қалады-ау деймін. Соңғы кезде үғынысқандаймыз. Миллион кезді, миллион ауызды жұрт бар. Солар арқылы бәрі бір маган жетер сезді Раяның өзі-ақ айтып береріне шегім жоқ.

Өсіреле, соңғы бір далаға шығып қайтқанда екеуміздің байланысымыз уақытша емес — мәңгілік екенін тағы бір уәде еттік. Тағы да сен — мен, мен — сен, біргеміз, бір-ақ адамбыз дестік.

Солай болған соң екеумізде де бүркеп қалған бір сыр болмаса керек. Естілмес, білінбес деу екеумізге де жарамайды. Біз ең алдымен өз алдымызыда, өз ұяттымызың алдында сүттен ак, судан таза болармыз деймін. Менін Раечкам сондай жан, ақ періште!

Мен Раяны біздің заманымызың озық жасы — оның үстіне дарынды жасы деп білемін. Әртүрлі сезім қызыуымен жоғары дәрежелі мектепті әзір бітіре қоймағанымен, ол ұшқыр да алғыр ойлы, өз замандастары біле бермейтін көп нәрселерден хабардар екен. Сөз арасында оның өмірінен алыс бір жайларды еске алғанда да Рая мұдірмей араласады. Әр кезде дұрыс қорытындылар жасайды. Шындал келгенде бізді си алдымен табыстырыған осы ой-өрісіміздің бір бағытта екендігі болуы да мүмкін. Егер ол сезім толқындарына ие болып — ақыл-ой жағын өсіре берсе, мен Раяны үлкен болашақтың адамы көремін. Сондықтан мен оған ойларымды қайталап айтып жүрмін.

Әрбір сұлу қыздың бірнеше жауы бар. Бірінші жауы — оның соңына көп адам түседі де, сұлу қыз дәл кезіндегі таңдау жасай алмай қалады. Өсірсө, талғамы көп, есті қызға таңдау жасау қынға түседі. Осындағы әрі-сәріде мерзімді уақыт көтіп, сұлу қыз бір кезде абыржып қалып, қате жасауы да мүмкін.

Екінші, көркемөнерде талантты бар сұлу қыз жұрт көзіне жарқ етіп ілігеді де, ондан-солдан сапырып соққан мақтаулардан бірде болмаса бірде теріс байлам жасап қалуы мүмкін. Адам қасиетін бағалай білмес надан қоғам — қыздың сырт сұлұлығын дәріптей беріп — ішкі сұлұлығын өсіре алмауы ғажап емес. Мен жоғарыда ескерткен сезімдес Раяның творчестволық тағдырына, сенімді болашағына дұрыс бағыт беру керектігін ескертіп едім, амал ис, ол жағынан ұстаз болғысы келген ой адамы әзір табылмайды. Ұстаз болады-ау деген адамдардың бәрі дс Раяның өзінсөт құрып жүр.

Үшінші, көркемөнер дүниесін ылғи сезім толқыны деп тануымыз керек. Сүюсіз-күюсіз көркемөнер болмайды. Шығарма шын-ақ дарынды болса, жас артистканы ертіп әкетіп, сүймеспін деген адамын еріксіз сүйгізеді. Бұл жас қыздың сезімін ылғи қозғап, ылғи соған шақырады. Ең басты бір қауіп осында. Бұл жөнінде мен Раяның ой-санасының тереңдігіне, тазалығына сенемін. Оның үстіне ол көркемөнердегі сезім дүниесін ой ғана өсіре алатынын жақсы біледі.

Келешегі нені көрсетер, мен әзір ақыл-ойды сезімге жендіретін адам Рая сияқты болмау керек деймін. Жоғары

интеллект, жоғары парасаттың жасы Рая осыны істей алмаса, ондай қызды біз тағы бір ширек ғасыр күтіміз керек.

Жок, мен Раяның бойына кір жұғады екен деп ойлай алмаймын. Ол — тым сұлу жаралған жан. Нені болса да шар айнадай таза көрсететін жұзіне шаң жұқса, онда мен жан танымғаным!

Раяның жұзі адалдыққа біткен жарқын жұз. Оның үлбіреген еріндегі әдемі сүйісуге, әдемі сөздер айтуға жаралған. Оның маржандай тізілген әппақ тістері шебер қолмен бір-бірлеп тізгендей. Денесіне қолың тиғенде атласты сипағандай боласың. Осындай жан шаңнан, кірден, жалған ойдан, сез жоқ, аулақ болады.

Өттен, замандастары, сырластары, сенгіш жасты қапыда қақпанға түсіре ме деп қауіптенемін. Рая тым сенгіш, тым үйірсек, үлкен достықтың адамы. Мен өмірімді осыған арнадым...

Рая маған бір түсіне кірген оқиғаны айтты:

— Екеуміз бірге, бір ресторанда отыр екеміз,— деді Рая. — Халық көп, музыка ойналып жатыр. Жұрт билеп жүр. Әлдекім мені биге шақырып тұр. Менің де билегім келеді. Сізге қараймын. Сіз билемейтін болуыңыз керек. Әйтеуір көңіл соғу мен іркілудің арасында біраз бөгеліс болды. Бір кезде Сіз мені құшақтап алып билеп кеттініз. Үршықтай үйіріп, кейде тіпті көтеріп алып, дөңгелетіп әкетесіз. Мен өзімізді аспанда, басқалар жете алмас біктे сезінемін. Біз ұзақ билеп кеттік. Басқалары тоқтап, бәрі бізге қарап қалыпты. Мен өзімді ұмытқандай, бақытты бір мезгіл құшағында билеп жүрдім. Екеуміздей сұлу билеген бір жан болған жоқ, — деп. Көзін маған қадады. Жауап күтті.

Мен екеуміз өмірден бірге өтсек, қол ұстасып өтсек қана бақытты болады екеміз дедім. Бірақ, айтарым, одан да көп еді, кеуденді толтырып кеткен бақыт әнін сезбей айтып жеткізе алмайтын халде едім.

Осы ойға Рая екеуміз біржола бекіндік қой деп сенемін. Осыған бекінсек, көркемөнерден де, өмірден де, сезімнен де, ойдан да кедей болмаспыз деймін...

F. M. M.

* * *

Ал, енді, тағы да хаттарға көз жүгіртейік.

«Махаббат жоқ жерде, қуаныш та жоқ» деген грузин мақалымен басталыпты. Амансың ба, менің ең қымбаттым, аяулым, жалғызын Раечек! Менің осы хатым Жаңа жыл қарсаңында сениң қолыңа тисе деп едім. Өйткені сениң бар ойың, көңілің, бүкіл назарың менде болсын деген ой. Сениң хатынды алып мазасызданып отырмын. Сөздерің қандай ақылды. Сен күн сайын есейіп, ақылың толысып келесің. Саған жеделхат жіберіп, екеуміз Жаңа жылды Москвада қарсы алсақ деп едім, бірақ сениң жұмыстан босатпас деп ойладым. Дәл осы минутта сениң құшактаң, аймалағым келіп кетті. Бізді Африкаға жіберуге дайындал, дәрігерлер тексеріп жатыр. Безек, сүзек, тырысқаң ауруына қарсы екті. Басымыздан башпайымызға дейін тексеруде. Дәрігерлердің айтуы бойынша әзірге жүрек те, іш-құрлық та жақсы. Мұнда жұмыс көп, ыстық жерге баратын болғандықтан соған өзімді әзірлеп, әрі кітапханаға барып сол елдің мәдениетімен, әдебиетімен кеңірек танысып жүрмін. Осы хатты бүгінгі самолетке үлгерейін деп мәжілістің арасындағы үзілісте жаздым. Сау, сәләмат бол көріскеңше, өз Ғабитың

29.XII.62 жыл.

* * *

Періштем менің! Сениң «Бүркітің» үйде, қанаты талмай ұшып келді. Сен жұмыста екенсің. Үйге тез келуінді тағатсыз күтіп отырмын. Түстен кейін мені самолеттен қарсы алған адамдар үйге келеді. Қонақтарды қарсы алуға дайындық жасау керек болар. Жол жүріп келіп дем алмады деп маған ренжіме, сен бар жерде мен шаршамаймын.

өз Ғабитың, 23.09.63 жыл.

Қара қыз!

Жыл жаңара берсін, бағытымыз өзгермесін де өні кет-песін. Жаңа ғана келдім, телефонға заказ бердім, саған хат жазуға отырдым.

Шалың, 1.01.1964 жыл.

* * *

«Махаббат деген қажеттілік пен сезімнің үласуы» дейді.
О. Бальзак.

Сүйіктім, шексіз, мәңгі сүйіктім! Сенің хатынды алып қуаныштан жылап та алдым. Куаныш жасы тым ыстық болады екен. Қызын өзіңсі тартқан, мұрны, бет-әлпеті турасен. Ембейді, жалқау. Емізуге әкелген сайын үйықтап қалады. Жылағанда даусы жіңішке, әнші болар мүмкін — үні — сапрано. Мұндағы дәрігерлер бәйек болып асты-үстіме түсіп жатыр. Мен ұл күтіп едім десем, олар «жоқ мына қыз әкесіне тартқан, ұлдан да артық болады» деді. Екеуміз ұл болса деп ойлауши едік, ол тілегіміз құдайдың құлағына жетпесе керек. Ештеңе емес, баланың бәрі бір ғой. Енді сенде екі қара қыз болды. Бізді ойлама, бетіңден сүйдік, үлкен-кіші екі Қара қызын.

14.11.65 жыл.

* * *

Қымбаттым менің, Қара қызым менің! Сені дүниеге келген көмекшіңмен құттықтаймын! Денсаулығың, жалпы жағдайың қалай? Сенің қиналмай жеңілденгеніңе қатты қуанып отырмын. Қызымыз қалай, мазалы ма? Қызынды құшақтап сонда біраз демалып ал. Мұнан шыққан соң саған маза болмас, менің жалғызым! Асыға қүтемін ексуіңді, беттеріңнен сүйдім жалғызым! Мен үшін ана шарананың мұрнынан сүй!

Сәлеммен, өз Ғабең, I-көкек, 66 жыл.

* * *

Міне, күнделік осылай жалғаса береді. Бұларға қоса Ғабең архивінде 365 қойындағылері бар. Онда жолсапарда, демалыста жүрген кездерде жазған ой, пікірлері жеткілікти. Біз қойын дәптердегі Ғабеңнің әйелдерге байланысты жазғандарын оқырмандарға ұсынуды жөн көрдік.

АНА ТІЛІН АРЫМЫЗДАЙ АРДАҚТАЙЫҚ

Адам баласы маймыл бауырластарымен ажырасып, өзінсө лайық тіршілік әрекеттерінс ауысуымен бірге тілі де туда бастаған. Ойдан — әрекет, әрекеттен — тіл, әрекет пен тіл ағалы-қарындасты егіздің сынары екенінде дау болмасқа керек.

Батыс елдері христиан дінінің көзқарас, қағидалары бойынша әуелі сөз деп келді. Мұның орайы жоқтығын осы күнгі ғылым біржола дәлелдеп болды. Енді бұл қайта тірілмейтін, жерленген ұфым.

Адам баласының «гомо сапиенс» аталатын дәрежесінен жетуі оның си алғаш көтсірілген қырқасы. Өзіндік әрекеттері бар, қару-құрал жасай алады, отты пайдалана біледі, мұнысна орай тілі де бар.

Содан бері қанша уақыт, қанша замандар өтті, бұл мәселе әлі таласта: спорт тілімен айтқанда қорытынды ойлар мен болжамалы ойлардың ара қашықтығы қырық мың жыл мен екі жарым миллион жыл. Оның үстіне он миллион жылды мензейтін тас күәліктер әлі де табылып жатыр.

1924-жылы Москвада өткен жержузілік ғалымдар конкурсы адам баласы «гомо сапиенс» дәрежесінен жеткелі қырық мың жыл өтті деген байlam жасаған скен. Үстіміздегі XX ғасырдың археологиялық табыстары бұл байlamды теріске шығарып келеді. Ыстық Африка мен мәңгі мұздақты Якутия қазбаларынан табылған адам сүйектері, адам қолынан жасалған қару-құралдар, әсіресе енбек құралдары — тас шапқы, қайралған тас пышақтар — екі, екі жарым миллион жылдарды көрсететін көрінеді. Болжам аралары осыншалық алшақ болғандығы әрине әлі де көп ізденуді, анықтай түсуді керек етеді.

Сонымен бірге сол қазба тастар ыстық-сұық климаттардың қайсысында болса да адам баласы «гомо сапиенс» дәрежесіне бір кезде көтерілгенін толық дәлелдейді. Олай болса, дүние жүзіндегі барлық халықтардың тілдері де, мұның ішінде түркі тілі де бір кезден басталады. Барлық адамзат тілдері сол дәуірден бері есіп-өніп, жасаған сайын жасарып, толығып, байып, ажарланып келеді. Тіл біткеннің ұзақ жолы осы. Енді өзіміздің түркі тіліне оралсақ, соңғы кездегі ғылыми-зерттеулер, әсіресе, Орхон-Енисей, Талас бойларында табылған сын тастарға қашап түсірілген руни-калық деп аталатын жазулар сіз үшін аса маңызды жайларды ашып отыр. Бірінші, бұл жазулар түркі тілінде еken. Екінші, сол жазуларда аталатын Құлтегін, Білке, Тонықөтер қыпшак қағандары, қыпшак қолбасылары болып шықты. Ушінші, қашаннан бері түркі қағанаты деп келгеніміз, дұрыс ашылғанда, қыпшак мемлекеті еken. Орхон-Енисей жазулары тасқа қыпшақ қолынан түсірілген.

Қыпшак мемлекеті жаңа жыл қайырудың VI ғасырында құрылған. Сол кезде оның көркем әдебиетке жататын тілі де бар. Мемлекет құрамында оғыз, қарлұқ сияқты әлденеше тайпалар болғанымен тілі бір. Үш тулы қыпشاқ деп те аталады. Кең шиыр Орталық Азияда қыпшак құрамына кіретін елдер байыған, мал көбейген, бас өскен. Феодалдық қарым-қатынастар толық есейген. «Әрі отыр, бері отыр» сыйыспаушылығы да үдерे берген. Оның үстінен қытай империясының қытықтай берген уасуасысы арқылы қыпшак мемлекеті шығыстық-батыстық деп аталатын екіге бөлінген. Қосқабаттап кірген бүліншілік тұтас мемлекетті екіге бөлумен аяқталады.

Осы жайларды сипаттайтын Орхон-Енисей жазулары былай сейлейді: «Қытайдың тәтті сезіне, асыл дүниеліктеріне алданып, түркі халқы, қырылдың, түркі халқы, жойылдың!»

Қытай қолында қандай ерлеріміз құл болып қалды. Қандай таза, қандай сұлу әйелдеріміз күң болып қалды!

Біз мемлекетті халық едік. Қайда сол мемлекетіміз? Біз қағаны бар халық едік. Қайда сол қағанымыз? Енді бұл қорлыққа шыдап отыра бергенше, өзімізді өзіміз құрттайық, қырылайық!»

Бұл, әрине, жігерлі жүректің тебіренісі, құреске шақырған ердің айтар сезі. Сонымен бірге, бұл өскен тілге тән көркем әдебиет тілі. Әрі шешен, әрі көркем сөйлей алатын халықтың тілі. Будандаспаған, сыртқы әсерден таза тіл. VI ғасырда осындағы дәрежеге жеткен тілдің түп тамыры жаңа жыл қайырудың әр жағында, ой жетпес әріде жатпак.

Біздің кейбір ғалымдарымыз гундар дәуірі, түрік қағанатының дәуірі деп уақыт жағынан бірімен бірін ке-зектестіріп әкеледі. Дұрысында гундар мен қыпшақ тайпалары іргелеп жасаған. Қыпшақ қағанаты гундардың мұрагері емес, заманы бір тұтас елдер деген дұрысырақ болар. Қалайда, тіршілігі, тілі, мәдениет жағынан қыпшақ қағанаты өзіндік традициясы бар елдердің ордасы.

«Білім, және еңбек» журналының 1982-жылы шыққан 9-санында профессор Әуелбек Қоңыратбаев «Сақтар түркі тайпаларының атасы» депті. Көп ұзамай айнала беріп, «шынында гундар түркі тайпаларының атасы еді» дейді еken. Маган ғалымдармен таласқа тұсу оңай емес, сонда да бұл аталған екі «атамыздың» екеуіне де бой ұсынғым келмейді. Жалғыз Қоңыратбаевтан басқа ғалымдар бірауыздан нәсілі бір, тілі бір тайпалар этногенезі «гомо сапиенс» дәуірінің орта кезінде пайда болады дейді еken. Қоңыратбаевтың мақаласының аты «Этнос».

Сол журналда, сол тұста, түрік нәсілдес халықтар Нұқтың үш баласының біреуінен тарайды деген мақала да басылды. Мұндай түбір, тамыры теренде жатқан мәселелерге атағың арқылы емес, білімің арқылы соқтығысың керек дегеннен басқа айтартың болмай қалады еken.

Нәсілдестік, тілдестік деген тарихи ұғымдар бірер мың жылдардың ішіне сыймайды. Түркі тілдес үлкен елдердің бірі көп тайпалы ұлы жұз — үйсін. Үйсін дүние тарихына әлдеқашан кірсе де оның тас куәгерлері енді-енді ашылып келеді. Талас бойынан адам басының бейнесін суреттеген тастың табылғаны ұлы жұз түріктерінің тіршілігіне көркем өнер де кіргенін куәландырады. Бейнеленген бас кімдікі болса да мейлі, оның жүзінен өзімізге таныс біреуді та-нығандай боласың. Бір кеңпейіл, ақылды адам сенің де айтқаныңа сене алмаса да, оныңа кешірім жасап, жымылп, иә, айта бер дегендей тірі пішінде. Осы пішінді негативке алышп, осы күнгі бір шебер суретші портрет жасаса, сөйлеп кеткелі тұр.

Осы сияқты тасқа қашап тұсірілген адам бетінің бей-нелері шығыстық қыпшақ жерлерінен де табылып отыр. Бөрі, аңшы, құс, үй хайуандары да аз емес.

Тарихшы, филолог, ғалым Қаржаубай Сарқытқожаұлы шапырашты елінің жауға аттанардағы ұраны еken деп мынандай төрт жолды өлең келтіреді:

“
Бөрі басы — ұраным,
Бөрі мениң байрағым.

Берілі байрақ· көтерсе,
Козып кетер қайдагым!

Қыпшақ, үйсін тайпалары түгел арғы ата-бабаларын бөріден бастайтын аңыздары бар елдер. Әрине, жауға аттанарда аруақ шақыру керек, бабалар аруағына сыйыну керек.

Академик Әлкей Марғұлан Орталық Қазақстан — Сарыарқа өзендерінің бойынан нақтылы адамдардың кескін-келбетін түсірген тас мұсіндер барын жариялады. Ойлы адам, ел билеген адамдардың киімдеріне дейін, қару-жарқтарына дейін болған күйінде жасалған дейді. Бұлар VI—VII ғасырларда түсірілген.

Сонау көне замандардан бізге жеткен қара сөздер мен өлең жұрнақтары, тасқа түсірілген адам бейнелері бізге не айтады? Сол кездердің өзінде-ақ түрік нәсілдес, түркі тілдес біздің барлық елдеріміз де батырлар жырының бастамасы мен мұсіндік өнердің туа бастағанын айтады. Жалғыз тілі ғана емес, жайлаған жерлері де, шаруашылық түрлерін, әдет-ғұрып, салт-сана, ой сезімдерінің белгілі дәрежеде жоғары болғандығын айтады. Көп жасағыр біздің жас журнальмызы «Білім және еңбек» соңғы жылдарда өткен дәүірлерімізден көптеген сенімді анықтамалар жариялады. Онысина алғыс айтуымыз керек.

Ескерте кеткен дұрыс болар, менің жоғарыда айтқандарым өз зерттеуімнен туған қорытындылар емес. Менде ондай өнер жоқ. Бәрі де сонау Бицурииннен бастап Маловқа, Кляшторныйға дейін созылып келе жатқан орыс ғалымдарының және ертелі-кешті айтылған шетелдік ғалымдардың зерттеулерінен туады. Олардың ойларын қорыта келе, оның үстіне, өз табыстарын жариялай бастаған осы күнгі өзіміздің ғалымдарымыздың сенімді ізденістерінен туады. Академик Әлкей Марғұлан, профессор Алтай Аманжолов, Әйтім Әбдірахманов, Қаржаубай Сарқытқожаұлы, Ізтілеуова, Шетін Жұмағұлов, тағы басқа жас ғалымдарымыз көне заманның көп сырларын сенімді түрдес ашып келеді. Бір қызығы, бәрі де тарихшылар емес, филология ғалымдары.

Біздің бейілді-беделді жазушымыз Мұхтар Мағаун қазақ поэзиясының арғы шегін Шалқиіз, Қазтуған ақындар арқылы XV ғасырға апарып тірсді. Бірақ осымен түйікталады деген жоқ. Оның ар жағында Сырдария бойында қырық шақты қалалар болғанын, ол қалаларда ән-күй, өлең-жыр боларын ескерген болу керек.

Х-ғасырда музика теориясын жазған ұлы ғалым Әл-Фараби тұр. Ол дүние жүзілік көлемде Аристотельден соң екінші ұстаз аталады. Ол біздің Эльбрус, біздің Хантәнірі, біздің Гималай. Осы күні мен қыпшақпен дейтіндердің ғана ұлы атасы емес, барлық түркі тілдес төрт тұстығымыздың бәрінің асқар биігі. Өйткені ол заманда шығыс-батыс түркі хандығына кірген елдеріміздің бәрі де қыпшақ аталған.

XII ғасырда «Құлдар базары» арқылы қолға түсіп, ақырында Әзербайжанның ұлы ақыны Низамидің бірінші әйелі болған қыпшақ қызы Аппак оқымаған адам болғанымен ішкі мәдениеті терең, өз слінің ақыз-сретегілерін, жырларын көп біледі екен. Низамидің атақты бес поэмасына алғы сөз жазған әзербайжан ғалымы Рустам Әлиұлы — қыпшақ қызы Аппак Низамидің өз ақындығы ашылуына да, біздің әдебиетіміздің өсуіне де көп әсер етті,— дейді. Бұл мағынасы терең, үлкен сөз. Ұлы ғалым Әл-Фараби де, бір елдің көркем әдебиетінің көтерілуіне әсер еткен қыпшақ қызы да қара тақырдан шыға алмаса керек.

Біздің бұдан жоғарырақта айтқандарымыз VI—VIII ғасырлардың түсындағы жәйлар болса, X—XII ғасырлар одан бірең бел кейін келестін соның жалғасы болмақ. Шалқиіз ақын мен Қазтуған ақынның арғы жақтары меніреу дала емес. Олардың бергі жақтары батырлар жыры, ғашықтар жыры, Бұқар жырау, Шортанбай жырау, Махамбет ақын, Дулат ақын тағы басқалар арқылы ұлы Абайға келіп тіреледі. Бүгін біздің талқыға салғалы отырған әдебиеттілі жайлар да Абайдан басталуын занды қөрдік.

Ұлы ақын Абай атамыз «қазакқа қара сөзден дес бер-меген» шешен адам. Мектеп арқылы оқығаны көп болмаса да, тоқығаны көп философ. Ой көздері артта қалған алысты да, алда келер замандарды да болжай алған, кертартпа заманың қарғап өткен. Аяқтап келгенде, оның безінгені:

Өңкей қырт,
Несі жұрт,
Бас қаңғырт!—

қазак даласының байлары, сөз ұқпайтын топас басшылары болады. Бұл бағытта Абайдың барлық ой-түйіні атақты «Сегізаяқта» ағыл-тегіл суреттелген. Ұлы ақын қарапайым сөздердің қалай мағыналы боларын, қалай уытты, қалай екпінді, қалай жылы, қалай сұық болар — сыр-сипатын ашып, ана тілімізге жан бітірген адам. Соңдықтан да Әзербайжанның ұлы ақыны Низами сияқты Абайды да

қазақ халқының әдеби тілі ғана емес, барлық мағынасында тілін түзеуші, барлық мағынада сөз қасиеттерін ашуны дегіміз келеді.

Абайдың «қөнілдегі көркем ой ауыздан шыға келе өңінен айрылады» дегені бар. Біз сол көркем ойдың не себепті өңінен айрылатынын сөз еткелі жиналышп отырмыз. Мүмкін озық жазушыларымыздың еңбектері дүние жүзіне, одан қалды бүкіл советтер еліне тарап отырған кезіндег мұндай мәселені қозғау олқы да көрінер. Өйткені біз тіл мәселеісін, этимология, синтаксис деңгейлерінде көтермекпіз. Өйткені біз Абайдың «Кайран тіл, қайран сөз наданға қадірсіз» деген зарлы да зәрлі қайғысына тым-ақ жақындал келеміз. Өзімізді он жыл оқытуға шамасы келетін, оқыған надандарға айтуға тұра келеді. Сондыктан, Абай зарының салмағы бізге он есе ауыр тұсу керек. Жазушы тілсіз, сыншы қырсыз дерлік кезеңге келіппіз. Әншнейінде айтуға аузымыз бармайтын осындай ауыр сөздерді айтпасыңа болмайтын кезеңге келіппіз.

Көркем әдебиет, ең алдымен, қай тілде жазсан сол тілді жақсы білуді талап етеді. Соңғы жиырма жылдың ішінде біздін ана тілімізді жақсы білуден гөрі «білемін» деушілер көбейіп барады. Сөйте отырып, ана тілін менсінбейтін, қалай болса бұралай беретін жауапсыздықтарын жасыра да алмайды. Жауапсыздықтың екінші аты талантсыздық. Талант пен жауапсыздық, етірік пен шындық, көлігресу мен жанашырылғы бір жүректе сыйыса алмауы керек. Жүрек — тазалық мекені. Сұлулық мекені, ерлік мекені, әділет мекені.

Енді біраз дәлелдер келтірейік. Мен бұдан 15 жыл бұрын

Жал-құйрығын түйдіріп жүйріктін,
Жүрексінем сақадай үйіріп тым...—

деген екі жол өлеңін сынап, осындай өлең жазған автордың ақындығына сене алмайтынымды білдірген екенмін. «Жүрексінем сақадай үйіріп тым» деген өлен бола ма екен деппін. Бұдан 11 жыл бұрын, 1974 жылы Бегділдә Алдамжаров деген жазушымыз «өрісті жыр ез аяғына тік мініп кеткен көрінеді» деп жазды. Табиғат дүниесінде ез денесіне өзі мініп алатын жәй қалай болмақ? Цирк акробаттары да көрсете алар ма екен осыны? (Қазақ әдебиеті» 1984,)

Алдамжаровтан екі-ақ жыл кейін Молдахмет Қаназов құлындаған биені «аяқтарына мініп жерден әлдеқайда жоғары көтеріліп тұр екен» деп жазыпты. Тағы да сол

жазушымыз ат туралы — «еш нәрсенің өнбейтініне көзі жетті» деп жазды. Ат солай ойлай мағекен, сірә? «Басын шүлгип-шүлгип жеддіреді». (Иесі емес аттың өзі). «Ашқан ернін соза сермеп ытырына жөнелді».

«Шетте тұрған ақшап бие әукесін созып соған икемдене береді» (бөтен айғырға).

«Сінірі жуантып кетті». («Жұлдыз», апрель, 1984).

Шаба жөнелген ат ернін соза сермейді екен-ау! Бие айғырға икемделгенде әукесін созады екен. Әuke деген бұқада ғана болушы еді. Енді жылқы баласына да пайда болыпты.

Мұндай сөйлем құрылыстарын боршалап жатудың өзі үят, әттең осынша өрескел былықтырмаларды журнал редакторларының сезінбегендері үлкен өкініш.

Біздің сенімді қаламгерлер қатарына келіп қалған Дүкенбай Досжанов та ана тіліне еркіндік жасай біледі екен.

«Ойдағы шағын ауыл тақырдағы асықша шашылды»,— дейді. Ауылды асыққа теңеу келісімді емес-ақ. Екінші, тақырда шашылып жатқан асық болмайды. Асықты ойнаған балалар шашады.

«Терезе сыртына сүйеніп сиыр мөніреді». Сиыр терезеге емес, үйге сүйенген болар.

«Жылқының көзіне,— дейді Дүкенбай — бұратылған сұңғақ бойлы сұңғыла келіншек бейне табаны қара жолға тимей, таңғы аппақ будың бетімен қалықтап жүзіп бара жатқан аққудай көрінеді».

Бұратылған бойы аққуға үқсай қояр ма екен? Жүзіп бара жатқан құс қалықтамайды, қалқиды. Қалықтайтын көл жағасының қамыстарын сағалай ұшып балапан андитын қара құстар. «Табаны қара жолға тимей»,— деген сөздер бұл сөйлемге тіпті де орынсыз кірген. «Қара жолға» демей, жерге тимей десе де сын қоймас еді.

Дүкенбай бір келіншекті «ақ тамағы үлбіреген тік түскен торсық маңдайлы» деп суреттепті. Торсық маңдай тік түсе қояр ма екен? «Сұңғыла», «торсық маңдай» деген сөздердің мағынасы ұнамсыздық. Тағы бір жерде «білмегені бит ішінде жатқаны жездесі ішінен тілеп, өнер ашты» дейді Дүкенбай. «Білмегені бит ішінде» деген сөзге ұшырасқанда, оқырман жұрт неғып жиіркеніп қалмас екен! («Жұлдыз», апрель, 84).

Тегінде ос-бір құйтақандай, титақандай, титтей, биттей деген теңеулер көркем әдебиеттен түгел шығарылып тасталғаны дұрыс па деймін.

Менің бірталайдан бері үміт артып, жақын тартып жүрген жас ақын-жазушыларым бар. Солардың бірі Марат Қабанбаев еді. Биыл ғана басылып шыққан «Қала және қыз бала» деген жинағымен таныса келе недәуір өкпелеп қалдым. Жинақ тым шұбар тілді екен. («Жалын», 84).

Неге екені белгісіз, автор повесінің бас жағына кейіпкерлерін тізіпті: бір шал, бір қыз, бір мысық, бір кептер. Мүмкін кітаптың балаларға арналғаны көрініп тұрсын деген болар. Онысын кінелау, әрине, орынсыз.

Сол бастамасында мысықты былай мінездемелепті:

«Шалдың жұмсағын кертіп жеп, жылдысын жалап жүрген маубасы». «Шалдың жұмсағы» деген жасы үлкендердің қалжындарында қалыптасқан мәні бар сөйлем. Ол жағын жас жазушы білмеуі де мүмкін. Ал енді мысық — барлық жыртқыш андар сияқты — жұмсақты кертіп жемейді, жұлып жейді. Мұны да білмесе, білмеске соқтықпау керек.

«Қас қараймаса да сыйырлап құлаған миллион қырышық көше қолаттарына ақ бозбала шымылдық салбырата-салбырата іліп қойды» депті.

Осы бір сөйлемнен бірнеше сұраулар туады. Қас қараймай тұрғанда қар жаумай ма екен? Қырышық сыйырлап құлай ма екен? Жауған қарды, әсіресе, қырышық қардың жауғанын салбырата-салбырата құрған шымылдыққа тенеу қанша келісімді? Жарамсыз құрылған сөйлем осындаі жармасыз сұраулар туғызады.

Автор бір жерде қызды былай деп суреттепті:

«Бұткіл болмысы, тұрған бойы «о» әрпі екен. Қоңыр тонның дөңгеленген бүрмелі етек-жәні, толған айдай жүзі, түйме көзі бәрі-бәрі «о» әрпі». Автордың бұл жолдарына тексеріс жасамасақ та түсінкті болар. Бірақ күні жақындал қалған жүкті әйел болмаса екі бүйірі бірдей ісініп тұрған «о» әрпін қыз балаға үқсата алмағанымды аята кетейін.

«Қол-аяғы бір тұтам кәрия күнге қасқасын қақтап тұрып...» дегені де жоғарыда айтылған шалдар қалжынының бір түрі ғой.

Реті келіп қалғанда қоса кетейін — менің үш томдық шығармаларыма түсінік жасаған доктор Әбділхамит Нарымбетов қайда, қашан басылғанын көрсеткенде «Қазмембірікбас» депті. Әбділхамит ана тілін құрметтей білетін ғалым. Осы бір төрт сөзден құрастырылып бір атауга айналдырған қосақтамаға келгенде, оның бүрмалауға келмейтінін андамай қалса керек.

«Ашық жатқан қалың кірпік қақ жарылған ашылмалы көпірден несі кем», — депті Марат.

Ашық жатқан қалың кірпік ашылмалы көпірге қалай үқсамак?

Тәғи бір қызды автор былай дең суреттепті:

«Даланың қазы-қартасын, қаланың тортына қосып көртіп жеген қыз бұл нокайбатқа айылын жисын ба?» Бұл сөйлемдегі қазы-қартага тортты қосып көртіп жеп отырған қызға да айналактамай-ақ қояйық. Тоқтамайық... Дегенмен Марат еңбектері кімге болса да үлкенге де, кішіге де қиналышп оқитын шығарма екенін айта кеткен әділет болар.

Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті Қайролла Нұрмұханов өте бір сыпайы адам екен. Ана тілімізге, әсіресе, көркем әдебиет тіліне қос-қостан кіріп жатқан дерпті еппен болса да дәлелді түрде көрсетіпті. («Мәдениет және тұрмыс», апрель, 84.)

Қалыптасқан жазушыларымыздың бірі Қалихан Ысқақовтың «Тұйық» атты романының бір үзіндісінен танау деген сөзді жиырма рет кездестіргенін жазды. Мағзом Сұндетов те «Ескекіз қайық» романына танауды оннан артық пайдаланған екен.

Екеуі де сол екі тесікті былай пайдаланыпты:

«Етігінің танауына шырт түкірді».

«Жинаған отынның танауын бұзып от жақты». Осылай кете береді», — дейді автор.

Елубаев Смағұл бұлардан асырғысы келгендей, есімдік ретінде танау жалғызырап түрған соң, оған үрді деген стістік қосыпты.

«Танауына самалдың кермал исі үрді».

«Танауга жабайы гүлдердің шырын исі үрді»

«Танауына тер исі үрді».

Танаудың көркемдік қызығы басылды-ау деген кезде, Софы Сматаев пен Қарібай Ахметбеков танаудың қосындысы болған «үрдіні» біраз көтеріп әкетіпті.

«Суық ызғар мәндайдан үрды»,

«Алғашқы сәулемен көзге жалтырай үрды».

«Жалаңаш балтыр көз үрды» (Софы)

«Жол үрып шаршаған алып адам».

«Пышақ тиген тыртығы көзге бірден үрады».

«Отырғызылған ағаштардың үлкені көзге үрып тұр». (Қарібай)

Қайролла Нұрманов жолдастың мақаласы жарияланғалы 8 ай болса да сынға алынған жазушыларымыздың бірде-бірі ләм-мим деген жоқ. Мүмкін мойындан отырған шығар.

Мүмкін, көркем әдебиет жайында, тіл жайында не айтылмай жатыр деп елең етпеген болар. Бірақ, бұл мінезіміз жазушыға жараспайды-ақ. Атап айтсак, жазушының өзіне зиян менмендік.

Мақала авторы 44 жасар, 82 жасар, 2500 жасар Самарханд деп жазатындар бар деп дұрыс көрсеткен еken. Тек авторларын атамапты. Мен де таба алмадым. Тегінде жасар деген өлшем жиырмаға дейінгі жастарға ғана айтылады дегені дұрыс. Бес жасар бала деу дұрыс. 80 жасар адам деуге болмайды.

Ірысбек Төгілбаев деген қаламгер «Лениншіл жас» газетінің бірінші бетінде былай деп жазыпты: (IX, 84).

«Төңіректі кәусар бұлақ сыңғырына бөлеп, екеуі қосыла күлді». (Бір қыз бен келіншекті айтады).

«Қыздың іші қу» деген осы»

«Тіпті мұндаға дейін»...

Егер автор жазушылыққа талпыныс жасамаған болса мүмкін елемей-ақ өте берер едік. Ал, енді, теңеулерім бар, тіл көркемдігім бар деп тұрған жазушыларға соқпай өтуге болмайды. Сондықтан азғана тексеріп көрейік.

«Төңіректі кәусар бұлақ сыңғырына бөлеп екеуі қосыла күлді» деген сөйлемді татып көрмеген тәттіміз деуден басқа бағалау таба алмасақ керек. Бұларына «қыздың іші қу», «мұндаға дейін» дегендерін қоссак, бәрі де көркем сөздің бетін күйелесу болып шығады.

Газеттің сол нөмірінде мынандай бір қателік кеткендік бар:

«Жонғарлардың 1923—1927- жылдардағы шапқыншылығы кезінде екі жарым миллионға жұтап қалған қазақ халқы бір миллионнан аса адамдарынан айрылды» депті. «Лениншіл жасты» алдыратын жастарымыз Жонғар шапқыншылығының қашан болғанын білмеулері де мүмкін, білгендері табан астында еске түсіре алмаулары да мүмкін. Сонда бұл шапқын совет дәуірінде болған болып шығады. Газет бұл қателерін әлі түзеткен жоқ. Тегінде газеткс мәлімет алған М. Тәтімовтің «Өркені ескен өлкес» деген енбекін қарап шығу пайдасыз болмайтын сияқты.

Біздің жас ақын-жазушыларымыз әдебиетке біз жастар тақырыбымен келеміз деп еді. «Асыл тастан, ақыл жастан» дейтін халық қағидасы бойынша жасы үлкендеріміз үлкен үміт еткенбіз. Ол үміт әлі акталған жоқ. Саттар, Қасым, Баубек, Төлеген, Мұқағалилар туып-ақ еді-ау, амалың қайсы, өмірлері қысқа болды. Оларды атап мақтамайық. Бірақ, олар сенің жазушылық парыз-қарызының өтемей

кеткен жоқ. Сенің жазушы деген билетің Саттар екеуінде бірге берілмеген, өзінде ғана берілген.

Мұны батыра айтып жатқаным біздің жас жазушыларымыз өз замандастарының ірі бейнелерін жасауға бет бүрмай келеді. Үй ішлік, жеке бастық, әрі кетсе ауылдық ұсақ-ұландарға көбірек айналактай береді. Ал заманымыз болса Ұлы Отан соғысында, бүгінгі еңбек майдандарында да нағыз реалистік ерлерді туғызды. Гани, Әлия, Мәншүк, Төлеген Тоқтarov, Баубек сіздердің тақырыптарың емес пе? Қазақстан энциклопедиясына кірерлік Кәмшат, Үлбаларап ше? Біреуі ауыл шаруашылығында әйел механизаторларының көшін бастаса, біреуі әйел күрішшілер көшін бастап келеді. Бұлардың сонында мындаған шәкірттері бар. Бұл тарихи өзгеріс, тамырлы жаңалық. Бұл тақырыптар өлең, очерктерге кірмей жүрген жоқ, бірақ, сомдалып жасалған бейне де жоқ.

Бұл қатарда өзінше ұзақ өмірлі етіп жасалған бір-ак бейне бар. Ол — мың жасағыр атақты әнші қызымыз Роза Рымбаева жасаған Әлияның бейнесі. Қызымызының дауыс құбылысы мүнша көп болар ма? Әлияның аянышты өмірін, срлерше өлімін түгел баяндап шығады. Розаның «Әлиясы» дүниежүзілік музыка қорына кіріп қалды. Көркем әдебиетімізде жас ерлердің мұндай бейнесі жасалды деп айта алмаймыз.

Прозамыздағы тіл орашолақтығын біраз қазбаладық қой, енді соның мазмұн жағына, идеялық нысана жағына да біраз орала кетейік. Өйткені, түптеп келгенде, көркем әдебиеттің тіл мен мазмұны, идеясы біріне-бірі тірек, бірінсіз бірі өсे алмайды. Орашолақ тілмен маңызызы мазмұн қолдасып жүрсе ондай шығарма елі бүйим. Жоғарыда «ашқан ернін соза сермел, ытырылып кететін» жүйрік (Молдакмет Қаназовтың «Саяқ» деген әңгімесінде) көк құнан үстінде бала-шаға емес, дардай адам — иесі «қышқыртып төбесіне қамшы үйіріп қояды».

Көк құнан үстінде иесі үш рет аламан бәйгеге түсіп, бірінші жүлдегер болған. «Тенбілкөктің басына бақ орнаған».

Содан соң күзге қарай үйіріне түскен.

Осы тұқса азырақ аялдап, есі дүрыс қазақ құнанға мініп аламан бәйгеге түспейтінін, екі жасар құнанды үйірге салмайтынын айта кетейік.

Әңгімені аяқтап келгенде иесі «дода көкпарда» құлап өледі де, көк құнан бір қара ниет шомбалдың қолына түседі. Одан әрең құтылып, құм даланы кезіп жүріп, тенбілкөк ұялы қасқырға жем болады.

Әңгімеде «Айғыр әлдебір үмітпен оқыранып қойған» деген секілді малды адамға тенеятін сөйлемдер де көп.

Әңгіменің мәзмұндық желісі Сетон Томпсонның «Мұстаптандырылған» дегендегіңнен шығады. Ол өте шебер жаңылған. Орта мектеп жастарының елтіп отырып оқитын әңгімесі. Мен авторымызға тұра сол әңгіменің өзін-ақ аудармалы екенсін деуге жақын отырмын...

Тұрысбек Сәукетаев «Екі дос» деген әңгіме желісін былай өреді. Ауыл... Тар бөлме... радио сөйлеп кетті. Әңгімекүлкіні ерін үшінан ағытып отырған ағайлар мен женғейлер секіріп-секіріп кетті. Би... Екі достың бірі — ҚазМУ-ді бітірген студент, музыка басталысымен екі-үш жігіттің шақырғанына бармай қойған бір қызды үйіріп әкетеді. Қыздың кезі университеттің ромбигіне қадалып, қуанып кетеді. Би біткен соң қызды жетелеп сыртқа шығады. Құмдауыт қырға шығып алған соң, бір киер пенжагін аямай-ақ апыл-ғұпты жерге төсей бастайды. Ар жағы айтпай-ақ белгілі жәй... Сол апыл-ғұптың үстінде бір адам ту сырттарынан шошырлық дауыспен ішін тарта шыңғырып қалады. Студентте ес жоқ, тұс жоқ сілейіпті де қалыпты. Қыз етегін қағып, шашын түзейді. Автордың ойынша мұнысы натурализм емес, реализм. Осымен әңгіме үзіліп, шыңғырғаның кім екеніне көшеді.

Шыңғырып қалған Мақсұт деген жігіт әңгіменің бас геройы — студентпен бала жасынан, үй арасында үй жоқ, бірге есken, мектепте бірге оқыған, нағысқой, ержүрек болыпты. Оның шешесі де қайырымды, студенттің үйінің кір-қоңын жуып, үйін ақтап, есік-терезелерін сырлап, ақысыз-пұлсыз жалдап алған адамдай жүре береді екен.

Біреудің үйі өртеніп жатыр. Екі жасар баласы өртеніп жатқан үйдің ішінде қалған. Мақсұт сол оттың ішіне кіріп кетіп, баланы аман алғып шығады. Бірақ, өзінің үсті-басы лаулап жаңған от. Осы көріністі автор былай суреттейді: «Кенет қара тұтінге қақалған есіктің аузы от құсты. Түнектен қарғып шықкан жириен құлышнадай жалы желбіреген жалын бері қарай үшты».

Қысқасы Мақсұттың бет-аузы, барлық денесі күйіп, кейін күйіктен жазылып шыққанда, түсінен адам шошырлық болып қалған екен. Жоғарыда төсей салған пенжакқа құлай кеткен қыздың аты Айша. Мақсұт сол қызды бала жасынан жақсы көреді екен, әлі де ғашық. Бірақ қыз оны «жырық ерін» деп жеркенеді.

Бас геройымыз, студент, бала жасынан бері досы Мақсұттың қандай халге үшырап қалғанына қынжылады,

мұсіркейді, әрине. Бірақ отқа күйіп шыққан кезінде де осы күнгі, он жылдан кейінгі бейшара Мақсұтқа достық қолын созбайды. Аяйды, өзін-өзі тілдейді. Сол небәрі. Оқиға өріміне екі жігіт, бір қыз үшеуі үш жақта жүріп қатынасады. Мұндай шығарманы мақтай алмасам керек. Достық та жоқ, қастық та жоқ. Журналдың жиырма бетін алып жатқан әңгімеде оқиғаға араласа алмаған қайран сөз үйілді-төгілдігө айналып қала барған.

Дүкенбай Досжановтың «Сексуел шоғының қызы» деген повесінде шамалы селкеуліктер кездеседі.

Азамат деген жігіт көрші ауданнан өз еркімен бір қызды алып келіпті. Той болғалы жатыр. Қыздың жездесі Абылай деген адам қызды өз үйінс қайта алып кетуге келіп, жанжал салып жатыр. Неге дейсін гой? Қыз: «Ата-анамның қарғысы мені ондырмас, менікі қате болған екен», — депті. Осы «әрі тарт, бері тарттың» түсінда ауылға бір этнограф Уәкіл деген жігіт келген. Дел-далға үшырап отырған ауыл сол Алматыдан келген төрениң әділетіне жүгінгілері келседі. Уәкіл бас тартқан жоқ, араласа кетті. Қызды шақырды, қыз келмепті.

Сол екі арада ет келді, конъяк келді. Қыз жездесі этнографтың сұрауы бойынша сол маңайда тұрган «Келіншек тәбе» деген ескілік ескерткішінің азызын айта бастады.

Баяғы заманда бір сұлу келіншек болыпты. Өзі күндік жерден көретін қырағы екен. Күйеуі аң аулап жүріп итіне алдырған қарақүйрықты атына өнгеріп жатқанда, сапысы жерге түсіп кеткенін байқамағанын қырағы келіншек көріп тұрыпты. Сапыны тауып әкелуге жіберген қайнышының қайда жоғалып кеткенін қырағы келіншек көре алмапты. Асығыс атқа мініп, іздел шықса ескі бір ғимараттың қасында қайнышы өліп жатыр. Келіншек оны көмеді, әрине. Келіншек сол әүремен жүріп аулына жау шапқанын көреді. Ауылды шапқан Қоқан begi екен. Амал жоқ, келіншек бекпен келісім сөзге келеді. Бек келіншекте ғашық екенін айтады. Аяғында келіншек өзі еріп жүрсе, ауылна тимейтінін айтады. Келіншек осыған келісіп, бектің қолына еріп кете барады. Келіншектің киесі ұрып, жау қолы бегімен Үргенішке жетпей құм астында қалыпты. «Келіншек тәбе» соның ескерткіші.

Шәй үстінде агроном екінші азызды бастап еді, бірақ оның айтарын сыртта гүжілдеген машина даусы бұзып кетті де, шәй құйып отырған әдемі келіншек өз естігенін айтты:

— Ол өзі қол бастаған қыз екен. Аты Апақай, Сауран қызы. Қалдан-Серенмен алғаш кездескенде, азғана қолмен-

ақ көп ерлік көрсетіп, жеңілмепті. Қара қалмақ ханы қызыды онашалап алып қанша қуса да жеткізбеген. Қалдан-Серенниң жебесі қызының дулығасын қақ айрып кетсе де құламаған. Қалжыраған Сауранның елші келді. Барлық бай-лығымызды өзіміз артып-тартып берейік, қаламызды қиаратпасын,— депті Сауран.

— Ақбоз атты қатынды қоса бермесендер, қаланды жермен тендеймін!— деді Қалдан-Серен.

Алақай қыз қаланың қазынасын алып Қалдан-Серенге өзі келіпті. Қалдан-Серен қасындағыларын «әрмен» қуып тастап көсілтіп келіп «қыпшақ сұлуының сауырынан қақты, сар даланың бетімен сырғи сүсіп сағымға жұтыла берді».

«Содан соң сары шатырын оқшашау тіkkізіп, қасына қыпшақ сұлуын алып, түзге шықпай ошарылып жатып алды».

Онынши күні күзетші шатырдан рабайсыз үн естіп, кіріп барса, жолбарыс терісінің үстіндегі қос дене жұбын жазбай апалаң-топалаң болып жатқандарын көреді. Біреуі сыңып жылап жатқандай естіледі.

— Тәүіпті шақыр!— деді.— Қыз ауырып қалды.

Тәүіп келіп қызыны тамырын басты. Быртық бар-мақтарымен отаулы кеудесін мытыды. «Мал болмайды»— деді. Ақырында батыр қыз бақи дүниеден фәни жалғанға жөнеле берді». «Келіншек тәбе» соның ескерткіші.

Өлген адам фәни дүниеден бақи дүниеге жөнелуші еді, Дүкенбай керісіншे келтіріпти.

Келіншектің әңгімесіне этнографтың көңілі бұзылып кетті. Баяғы сұлу Алақай осы болмасын, Алақай өлмей-өшпей осы келіншекке айналып жүрмесін деп елти отырып, алдындағы қымыранын төгіп алды. Келіншек оны түсіне қалып:

— Үлкен бөлмеге тесек салып қойдым. Дем алыңыз,— деп жүзін ашып жымысып, шығып жөнелді».

Бұл кезде Азамат пен оған көңіл қосып, өз ризалығымен еріп берген Әтіргүл, енді ерлі-зайыпты деуге келіп қалған екі жас, кешке қарай дем алып қайтуға бір тебешіктің басына шығып еді. Қыз, қыз емес-ау енді келіншек болған Әтіргүл жайдан-жай жылай бастады. Есіне бұдан бүрін танысқан, қайда шақырса да бара беретін жігіт, сот тер-геушісі түсті.

«Жигули» машинасымен шомылып келейік деп, Сырдарияның жағасына да апарған. Жалқындаған ма-саты үстінде жатқан қызының көйлегіне күннің алауы қан болып жүққан...

Ертеңіне әке-шешеден рүқсат сұрауға келер деп дәмеленіп еді, жігіт келмеді. Қыз телефон соғып еді, жігіттің қазір сөйлесуге уақыты болмай шыкты. Сол зәбірге шыдай алмай Азаматтың етегінен ұстап қашып келіп еді, ол моянтопай маубас түйенің өзі екен...

Бұлардың әңгімелері осы негайбыл жайға тіреліп, тағы үзіледі дс, сөз кеше айтайын дегенін айта алмаған агрономға тиеді:

— Менің әкемнен естігенім былай,— деп бастайды агроном,— бір қуанышылық жылы ел жаман ашығыпты. Сонда қасында бидайдай меңі бар, шекесі торсықтай, жүзі ашаң Апақай деген қыз: арық қазайық, дариядан су тартайық депті. Ауыл мақұлдайды. Диқан баба — «Ауыз батыр, қол қорқак», әйда, кірісейік,— дейді.

(Дүкенбай қазактың «көз қорқақ, қол батыр»— деген мәтелін де теріс қаратып пайдаланыпты. Егер мұнысы бір жаңалығы болса, өзі дәлелдей жатар).

«Былайғы дилы дүрмек,— дейді Дүкенбай — Апақай сенен бәріміздің де дәмеміз бар. Қайсысымызды қалайсың?»— депті.

«Апақай» аумақты жанарын ашып-жұмып:— Мақұл,— депті — әрқайсына қырық қадамнан жер өлшеп берем. Күншілік жердегі Найзатебеге кімнің кетпені бұрын тисе, мен сол жігітке бұйырамын!

Бұдан кейін де осындаі сөздер көп. Ақырында арық бітіп, су Найзатебеге жетеді. Бірақ, асая Сырдария бір тасығанда бұрма арықтың сағасын бұзып кетеді. Арық қаңып қалыпты. Енді жаңа саға ашу керек.

Ол үшін тасып жатқан дарияға беліне қырық құлаш арқан байлан алып Апақай түседі. Саға ашылды. Арыққа долдана құлаған су Апақайдың өзін де сүйрей кетеді. Арқанның бір ұшын ұстап тұрған аңқау жігіт арқаннан айырылып қалады. Тәулік өте Найзатебеге жетіп өлген Апақайдың денесі табылады. Этнографтың ізден жүрген «Келіншек төбесі» осы Апақайдың ескерткіші екен.

Бұл кезде Азамат пен Әтіргұлдің арасы былай бұзылыпты. Әуелде Әтіргүл бұзылды-ау деп қалсақ, енді көрші жігіт бұзылыпты. Үй іші неге екені белгісіз тас-талқан, Азамат жұмысқа кетіп қалған. Араққа тойған, сыйлығын алған жездесі енді балдызын Азаматтан айырмауға жантасып жүр. Агроном қашып жүрген Азаматты ізден кетті.

Тойшылар мәз-мәйрам, ішерін ішіп, жерін жеп, қонақтап жүр... Сұлу келіншек жібектей есіліп, жайрандап жүр. Жоғарыда айтылған ақыздардың бір сілемін этнограф ғалым

да біледі екен, енді сол сөйлеп кетті. Оның айтуынша, Ақ-аба деген кілем тоқитын, ши орайтын, көркемдік тілін билетін асқан шебер қызы болыпты. Жұрт оның өнеріне таңданып-талығып қарайды екен. Бар өмірін сол шеберлігіне беріп, опасыз дүниеге көз салмай, ойын-күлкіге бой ұрмай өтіпті. «Келіншек тәбе» сонықи болуға мүмкін.

Автордың бүл повесі «Жұлдыз» журналының қырық бес бетін алышты. Төрт аңызға араластырыла берілген бүгінгі екі жастың үйленуіндегі бұралан-бұрыс мінездері әшейін ат үсті, мағынасыз бірдеме ретінде берілген. Бүгінгі жастардың бейнесі де емес, үлгісі де емес, қызықтыра да алмайды, бездіре де алмайды. Дәмсіз де тұзсыз келске сияқты. Айналасы екі кейіпкер — қызы мен жігіттің бетпе-бет кездесіп, не ұнатқан, не жек көріскен жүрек арпалысы да жоқ. Олардың не болып жатқанын басқалардың аузынан естіміз. «Келіншек тәбені» зерттеуге, бірдеме жазуға келген этнограф келіп түсken үйінен бір адым шықпайды. Тек әркімнің аузынан аңыз естіді де қайтып кетті.

Тегінде ескі аңыздар мен бүгінгі жастар үйленулерінің қабаттасуы ешбір жағынан үйлесіп тұрған жоқ. Мен осы екі жастың әңгімесін алып тастап, «Келіншек тәбе» жайындағы аныздарды бөлек сібек етіп бастыр деген кеңес берер едім Дүкенбайға. Әсіресе, «Оғызнамәні» үзіп-жұлып алмай, оқырман оңай ұғынардай етіп берген дұрыс болар.

Повестің аты — «Сексеуіл шоғының қызы». Осы ат өткен заманды мензей ме, жеке кейіпкерлерді тұспалдай ма, әлде болмаши қызуға шыдай алмайтын бүгінгі жастарды бейнелей ме? Мұнысын мен ажырата алмадым.

Автордың тілінде толып жатқан ақау бар. Жоғарыдағы келтірлген мысалдарға тағы да ондаған олақ сейлемдерді қосуға болады.

«Үні іріді».

«Қарып отырып жүрек басы мұздады».

«Қараашығы еткір, жанарының алмасы бар».

«Дили дүрмек».

«Қоқан бегі, тұнемессі денесі қызып...» (тұні бойы дегені)

«Күйектей салқын шаң тұрып...»

«Тарғыл дауыс отырғандардың құлағын тесті».

«Соңына жалт қайрылды...» т.т.

Әсіресе, фразеологияға айналып кеткен, мағынасы айқын, логикасы дұрыс «Көз қорқақ, қол батыр» деген сейлемді «ауыз батыр, қол қорқаққа» айналдырып жібергені жаңына бататын жаңалық! «Фәни дүниеден баки дүниеге кешті» дегенді қара қазақтың өзі дұрыс аударып алған:

«өлген тірілмейді»— дейді. Дүкенбай оны «өлгендер дүниесінен тірілер дүниесіне көшті»,— деп аударыпты.

Фәни — арабша жалған дүние, осы дүние. Бақи — о дүние, мәңгілік дүние. Қазақ мәңгібақи деп те айтады.

Кәкен Хамзин ана тілін теріс қақпайға салып қорламайтын, өзіндік жатық почеркі бар жазушы. Бірақ, әңгіме желісін тым созбаққа салып идеясын шашып-төгіп алады. Мысалы үшін «Тіршіліктің төрт мезгілі» деген новелласын тексеріп көрейік. Әңгіме тақырыбынан философиялық толғаныс күтесің. Оқи келе, ол умітін ақталмайды, жастар арасындағы тәртіпсіздікке кездесесің де жазушыға екпелеп қаласын.

«Қауынның жіңішкелеу бір тіліміндей жүдеу Ай аспан өресінде қабыршықтала кеуіп бара жатқандай». (Қандай дәл теңеу, қандай сұлу құралған сейлем) «Жер мен кек іңір қараңғылығына басын сүйей тынши қалыпты». (Қандай поэзиялық тіл) Осыдан кейін әңгіменің сюжеті басталады.

Ерте есею (акселерация) кезеңінің орта мектебіндегі оқитын үл-қыздарды да ерте есейген. Әнуар мен Оля теректің бұтағында отыр. Шөптеуден қайтқан Богдан деген оқушы мәшинеден түсеге сала Ламара деген қызы шақыруға жұмсайды. Өзінсөзін сүзіп келіп түрған Аниута деген қызға «арага түспеші, әзәзіл болмашы»— деп қауып тастайды. Ламара да кешіккен жоқ, тез жетті. Енді Богдан екеуі қолтықтасып алып кетіп барады. Әнуар мен Оля да солардың соңына түсті. Аналар кірген үйдің терезесінен қараса, Богдан Ламараны тізесіне қондырып алып, сүйеді-ай келіп! Ламараның денесі былқ-сылқ... О-хо-хо!..

Оля солқылдап жылап жіберді.

- Неге жылайсың?
- Мен ананы жақсы көрдім.
- Кімді?
- Богданды... О, aho, aho, Соны!

Әнуарға үнсіз еріп жүретін Оля Богданды сүйетін болып шықты. Әнуар жүгіре жөнелді... (Бұл оқиға желісінің бірінші бабы).

Әнуар ностальгия күшімен ауылға келді. Ламара Ақмолада, ауыл шаруашылық институтында, Богдан Барнауылда, Аниута Талдықорғанда, техникумда. Яхия Семей мал дәрігерлік институтында. Оляжан, сен қайдасың?

Ламара Яхиямен қосылып кетті. Богдан жанжал сала келді: «Тыншындар, ғаріп пенделер!» Менен өткен сорлы жан жоқ. Ламарадан алданған екенмін деп бүкіл дүниені мансұқ етпеймін. Мен Аниутаға үйленемін»— деп түр.

— Мен ше? Біздің Аньота екеуміздің уәдеміз бар ғой! — дейді Әнұар.

— Жоқ, ол мені сүйеді. Саған амалсыздан уәде берген, Аньота менікі.

Баяғы мектептен бірге оқыған жастар тойға жиналыш келіпті. Ақмоладан, Семейден, Барнауылдан, Талдықорғаннан... Аньота мен Богданның тойы.

Бұл да бола бермейтін бас қосу. Бұлардың алғашкы көрінүлерінен бері он бес жыл өтіпті. Ламара мен Яхияның бес баласы бар. Сонымен жинақтап келгенде, Богданның сүйген қызы Ламараны Яхия жеңіп алды. Әнұардың уәделескен қызы Аньотаны Богдан тартып алды. Әнұарға Оля қалды. Ол оның сүйген қызы емес. Таңдаудан өте алмай қалған қызы.

Сонда осы әңгімeden қандай үлгі-өнеге қалды? Ештегеде қалған жоқ. Әңгіменің аяғында автор «Жылымықты қүтейік» — деп тоқтайды. Бұл баяғыда Эренбург айтқан сөз... Оның үстінен осы күні қандай жылымықты қүтпекпіз?.

Осы ойларымды Кәкеннің өзіне бетпе-бет айтып едім, автор қарсылық жасамай қабыл алды. Мен сонысына риза болып қалдым. Шын-ақ жазушы боларына шубәм қалған жоқ.

Енді аздал драматургия тіліне тоқталайық: Әуелі ескерте кететін бір жалпы жаңалық — біздің ақын-жазушыларымыз шығармаларына ат қоюға шебер. Шығарманың мазмұнымен қанша шалғайласып жатса да мейлі, аты әйтеуір көз тәртады, көңіл аударады. «Шоқ жұлдыз», «Замандастар», «Жасампаздар» деген кітап аттары кімді болса да қызықтыра алады.

Осы үш кітапқа жиырма төрт драмалық шығармалар кірген. Біреуін «Жалын» баспасы, екеуін «Өнер» баспасы шығарған. Көпшілігі өлкелік, облыстық театrlарда қойылып жүрген көрінеді. Жақын арада аяқталған мәдениёт министрлігінің бәйгесіне елуден астам драматург қатынасқан.

Сонда ең кемі елу драматургымыз бар деп айта аламыз ғой! Бұл кедейлік емес, әрине. Бірақ шығармалардың іштеріне үңіліп қарасаң байлық та емес екен. Үш кітап болып басылып шыққан драмалық шығармалардың басым көпшілігі орташа, орташалау десек, әділеттен аттап кеткен болмасақ керек, біразы өлі бүйымдар.

Міне, Амантай Сатаевтың «Жас қайраты елімнің» деген пьесасын алып қарайық. Бас кейіпкері Ғани Мұратбаев, атакты Ғани, күні кеше басына ескерткіш орнатылған Ғани. Ғани реалистік өлшемде алсаң да, романтикалық өлшемде

алсаң да көтере алатын ірі тұлға. Сол Ғаниды драматург қалай көрсеткен?

Ғани газет гранкасын қарап отырады, Ғани аш-арық балаларға жәрдем беру үшін солармен қарта ойнап ақша үткіздеді, бір жетім қызды екі саудагердің сауда-сатығынан босатқысы келеді, босата алмайды. Қу саудагерлер оны адастырып кете береді. Аяқтап келгенде, алысып жүрген саудагерлермен айдалада кездесе соқ ұшырасады да ұстайды. Қорғап жүрген қызы оққа ұшады. Ғани басмашылармен күресуге шығады. Бірақ ол күресте не істеді, женді ме, жеңілді ме, ол былай тұрсын, кездесе алды ма солармен, мұның бәрі белгісіз қала береді. Мен осы шығарманы өлі бүйим деймін. Автордың өзге орашолақтығын былай қойғанда, пьесада Ғанидың өзі жоқ. Оның орнында екінің бірінің қолынан келе беретін ұсақ лаңың адамы бар.

«Жасампаздар» жинағындағы бір «жасампаздық» келбеті осы.

«Жасампаздар тобындағы тарғы бір пьесаның аты — «Кімнің тойы?» Авторы — Шәрбану Құмарова.

Пьесада төрт пенсиянер шал, төрт күйеуге шыға алмай сарылып отырған қыздар бар, төртеуі де Бегалы деген шалдың қыздары. Бір қызы, Жағыпар қолы ұзын жігіт, Бегалының үйін молшылыққа толтырып жүретін еді, сінді ол бұлақ бітелді. Бегалы қатты қысылып қалды. Сейтіп отырғанда ең кіші қызы біреумен қашып кетті.

Бегалы шал қайтып келген қызын алпысқа келіп қалған адамға өзі ұсынады. Ол азар да безер жолағысы келмейді. Жүргім қысып барады деп қашып жөнеледі. Бегалының тарғы бір қызы қандай оймен келгені белгісіз, төрт пенсиянердің әйелі қартайған біреуінің үйіне келіп, сонымен қалжындасады. Пенсиянер шалда қызбен қалжындастың қандай қауқар болмақ, ол өзінің жас кезінде, белсенді кезінде қалай үйленгенін айтады. Осымен шымылдық!

Ал біз осыдан қандай қызық, қандай жасампаздық көрдік? Өзгесін былай қойғанда осының пьесаға қай жері үқсап тұр? Автор пьесасын «Экцентрикалық музыкалық күлдіргі драма» депті. Экцентрикасы қай жерінде, күлкілі драмасы қай жерінде? Мен күле алғаным жоқ, осындағы құнсыз, ұсқынсыз бірдемелерін баспаға ұсынуға ұлмайтын авторлар өлі де бар болғанына мұңайдым, өкпеледім, ренжідім.

Жоғарыда прозамыздағы жайлар сөз болғанда жазушы Дүкенбай Досжановпен бір кездескен едім, драматургияда тарғы кездестім. Алдын ала айта кететін бір жайлар туып

қалды. Не мен Дүкенбайды түсінбеймін, не Дүкенбай әр жанрдың өзіне тән тілі, сөйлем құрылсызы, идеялық жүктепі, талаптары болатынын елегісі келмейді. Бұл күнге дейінгі әдеби тілімізге де, жанрлық жөн жосығымызға да жоғарыдан қарайды. «Шоқ жұлдыз» жинағында Дүкенбайдың «Кісі ақысы» деген драмасы басылып шығыпты. Өуелі оның тіл жағына тоқталғым келеді. Дүкенбай пьесасын былай бастапты:

«Мал қоздап жатқан боз қылышқ қөктем кезі. Қой сарыны»,— деді. Қазақ тілінде қой ғана қоздайды. Сиыр бұзаулайды, жылқы құлышнайды, түйе боталайды, т.т. Боз қылышқ қөктем де бола қояр ма екен! Қойда қандай сарын болмақ? Тегінде осындай үйлесімсіз, тіл кемістерін Дүкенбай жаңашылдық деп ойлайды-ау деймін.

Жалпы алғанда жатқы сөйлейтін райком секретары Ақбота бір ретте:

— Көп құдайдың басы қашан піскен,— деп қалады. Мұнысы біріңе-бірің бағынбайды екенсіндер, бірліктерің, тізе қосып қимылдауларың жоқ дегені. Арғы жағы қазақтың «екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» дейтін сөйлемінің ит сілікпесі ғой!

— Жарқынның, әзірейілдің жаналғышы құсан құлақты жеп қойдың ғой!— дейді совхоз директоры Жолбарыс. Әзірейілдің қасында тағы бір жан алатыны бар болып шығады. Сөйлемнің дұрысы — «жан алатын әзірейілдей» болатын.

Зоотехник кеменгер «желкемізді тулақ, жүйкемізді жарғақ стіп бітті»,— дейді. Желкең тулақтай, жүйкен жарғақтай бола алмайды, әрине.

Бұл «жарғақ құлағымыз жастыққа тимей жүргеніміз» демекші болғаны.

«Күйекті күйлі саулыққа салдым»,— дейді директор. Саулыққа күйек салайық деп бұған дейін бір пендे айтты ма екен сірә?! Саулыққа күйекті былай салады деп автордың өзі де көрсете алмас деймін.

«Өне, міне» дейтін екі ашық дыбысты әріптермен тұратын сөздерді Дүкенбай «Өні, міні», деп тұншықтырып тастанапты.

Жә, жетер... енді пьесаның құрылсынына келейік. Совхоз құрылған күннен бастап қылмыс ортасында. Совхоздың директоры — Жолбарыс деген коммунист аудан орталығынан бір сұлу қызды ала келген екен. Сұлу келіншек Айша койды бағып-қағуда жұмысы болған емес. Солай бола тұрса да биыл, міне, үшінші жыл «озат қойшы» деген атаққа ие болыпты. Логика қайда дейсіздер ғой? Логика мынада: жыл-

да басқа отарлардың қозыларын Айшага қосып беріп, директор Жолбарыс Айшаны «озат қойшы» атағына жеткізіпті. Биыл Айшаны жоғары наград, депутаттықта өткізуге өзірлік жүргізіп жатыр. Мұның аты қылмыс па, жоқ па? Өттең, Айшаның атына жазылып жүрген комплексті шаруашылықта биыл күй жоқ; койлар көтерем, іш тастау көбсіл барады. Жұз қойдан жұз отыз қозы алу түгіл, жұз қозы алынары да шұблар! Енді қайту керек?

Айшамен бәсекелес Мамырай деген қойшының отарын апатқа ұшырату керек. Жемшөп бермеу керек. Ол пайдаланылатын скважинаны бұлдіріп тастау керек. Айтылды — болды. Мамырайдың құбырын таспен толтырып тұншықтырды да тастады. Енді үні өшкен скважина, таспен тұншықтырған мың метр теренедігі бар құбыр аршылмайды. Мұның аты не, қылмыс па, жоқ па?

Мамырай қойшы зар қағып жүр. «Су... су... су! Үнемделген жемшөп түр. Қой қоздап жатыр. Тым болмаса, жас қозыларға жемшөп бер...» Жолбарыс директор Мамырайдың мұң-зарына міз бақпайды.

Мамырай отары қырылып қалса да, Айшаның отарына одан келер ұтыс жоқ скені анықталып келеді. Енді қайтпек? «Қайтсең — өйт, маган наград керек!»— деп, Айша зорығып жүр...

Директор Айша сұлуды Мамыраймен «достасуга» жұмсайды. Қайтсе де Мамырайдың табыстарын Айшага аударып беру керек. Бұл — Жолбарыстың ылғи қолданып келе жатқан әдісі.

Айша көнді. Мамырайға келіп ойнақыланды, бестінен сүйді. Момын Мамырай сеніп қалды. Бір сүйгізсөң болады, — деді.

Айша оны түнде бірге болуга, қонаққа шақырды. «Одан да тәттісін татарсың!»— деді. Мамырай бәріне риза. Наград та, депутат па, қайсысына болса да Айшаны ұсынуға бел байлады. Уәде етті. Кейін уәдесін орындал шықты.

Мораль қайда, ар қайда, ұят қайда деп сұрағыларының келсе, оны автордың өзінен сұраймыз.

Жолбарыс директор мен Айшаның айла-шарықтарын райком секретары Ақбота бұзып жіберді. Скважинаның адам қолынан тұншықтырылеанын ашты, директордың Мамырай отарын өз қолынан апатқа ұшыратқысы келгенін түсінді. «Озат Айша» деген қойшы жоқтығын да білді. Оның аргы жағы белгілі ғой...

Сонымен қылмыстар ашылды. Арам қылықтардың жолы да кесілер-ау, тыйылар-ау. Дегенмен көңілде бір күдік те

қала береді. Совхоз болған соң, онда партия, комсомол үйымдары да болмақ. Адал адамдар да болмақ. Бұғінгі жағдайымызда осынша жүгенсіздік болуға мүмкін бе деген сұрау қоюымыз орынды ғой деймін.

«Халық айтпайды, айтса қате айтпайды» деген мәтеліміз барын еске алсақ, мал өсірушілер арасында төл ауысып, кезектесіп озық атағын алады деген қауесет көптен бері ауызға алынып жүргені рас. Жеке бір жағдайларда шын да болар. Дегенмен, бір совхозда осынша қылмыс, осынша бассызың жылдар бойында гүлдене беріпті дегенге ішің сене алмаса керек. Автор көзбояуышылықпен, өтірік ақпараттармен құресу керектігін қатал түрде, тереңнен қамтып қойғысы келген идеясын мен барынша қатты қолдағым келеді. Бірақ, қандай идея болса да шенберден шығып кетсе, оның аты — шындыққа қиянат, екінші түрде айтсақ, оқырман да, көрермен де оныңа сене алмайды. Дәріні көп салсан, бытырап кетеді. Нысанана оғың тимейді. Драмалық жағдай да тумайды.

Игорь Саввин мен Жұмабай Тәшеновтың «Студенттер» деген құлдіргі пьесасын оқығанда таң қаласың. Уақыға жоғары дәрежелі мектепте өтеді.

Комсомол үйымының мүшесі, «семіз сумка» асынған Айнагұл деканға келіп:

— «Біздің факультетте чепе! Басымыз кететін болды, басымыз! Кошмар!»— дейді. Не болған сонда? Шарапат — группорг екен. Өзі сұранып босанып, орына Архимед студентті ұсынған. Кошмар!!! Кошмар!

Өуелі недәуір енжар отыrsa да, Архимедтің группа-порг болғанын естіген соң, деканның да көзі бақырайып кетеді:

— «Бағынбайтын банда» атанған группа тағы басын көтерген екен ғой. Апат басталмаса игі еді. Өткен жылы неге пенсияға шығып кетпедім!— деп өкінеді. Бұл группа бірінші курста «Долой питекантропа, да здравствует гомо сапиенс» деген құпия қоғам құрған. Қазір Архимед іскे кірісіп, «икс плюс игрк» деген операцияның жоспарын жасапты. Кошмар! Айнагул қорқынышты қобырата түседі. Бірақ ешбір үйым, ешбір операция жок.

Декан әлденелерді анықтау үшін бұрынғы группорг Шарапатты шақыртып еді, оған ере Темір, Мәдина келді. Ұзамай Ғыли, Үлтарақ деген студенттер келді. Сұрау біреу-ак: «Шарапат неге босанып кеткен?» Ол сұрауға ешкім жауап бермейді де, сөз Архимедке көшеді.

Архимед неге группорг бола алмайды.

— Соңғы сессиядан кейін оның құйыршығы екеу болды,— дейді Айнагул. «Құйыршығы екеу болды» дегенді көрерменді күлдіру үшін-ақ қолданған болар, бірақ құйрық дегенді құйыршық депті деп оқырман жұрт авторларға құлулері де мүмкін. Дегенмен, құйыршық деген сөз кітаптың бір бетін алады. Архимед келеді. Ол да группорг болмау үшін «менің құйыршығым бар»— депті. Құйыршығы бар кісі группорг бола алмайды деген заң жоқ депті оған. Құйыршығынды құрт депті жолдастары, тағы, тағылар, бірақ құйрық (хвост) құйыршық еместігін ешкім білмей айта берген.

Архимед жұмысты қайта құрмакшы, ән айтамыз, би билейміз деп, деканның кабинетінде гитара тартып, билеп кетеді.

Деканды да, деканатты да студенттер басынып кеткен. Оларды сырттан жамандаса да, декан мен куратор, көздерінше ауыз аша алмай, ықтай береді.

«Жаңашыл Архимед» деканға: «Ушинскийдің системасы, Макаренконың системасы дейміз, тағы бір система керек емес пе?»— дейді.

— Мүмкін, мүмкін... Сіз осы жаңа системаны таптыңыз ба?— дейді декан.

— Ие, таптым. Қазір түсіндім, отырыңыз. Шарапат пен Темірдің тобын әзірлеп жатырмыз. Тойға төмен бағасы жоқтарды, лекцияға қатынасып жүретіндерді ғана шақырамыз. Төмен оқыса шақырмаймыз. Біз осындағы эксперимент жасаймыз, бес студентті эксперимент қып көрдік.

Қысқасы, декан студентінен қысылып, Архимедтің құйыршығын кесіп, кітапшасына баға қойып береді.

Осылай кете береді, жастар үйленеді...

Декан үйленгендеге жол болсын айтады.

Жоғары оқу орындарында кемшілік жоқ деп айта алмаймын, әрине! Әсіресе, жоғары білімдері болғанымен, тіл білмейтін жазушылар сол орындардан келеді. Жоғарылытәменді оқу орындарына айтылар сын, қойылар талап жоқ емес. Бірақ, мына авторларша оқу орындарын сықақ, келемежге салуына қарсылық білдіргім келеді. Қазіргі бүкіл оқу, оқыту системасын қайта құрып жатқан кезде ойланарлық мәселе көп, бірақ келемежге орын жоқ. Ойнамаспен ойнамайық. Қадірлей білуді қадірлейік.

Соңғы жылдардағы драмалық еңбектерден мен екі түннің оқыту орындарындағы табыстардың ретінде атап өткім келеді: Қалмұқан Исабаевтың «Сапар сыры», Дулат Исабековтың «Мұрагерлері» қатал сын көтере алатын бағалы шығармалар.

Қалмұқан Ертіс-Қарағанды каналы сияқты өте маңызды, әрі ауыр тақырыпқа батылдық жасаған. Ауыр тақырыпты женілдетпей, бар салмағымен көз алдына әкелудің кілтін тапқан. Каналды мындаған механизмдер арқылы қазып бітірсек те, драмалық шешімі адамдар арқылы сенімді түрде берілген. Уақыға көз алдынан кете бермейді. Қелденен қосындылары жоқ. Ақыл-ой, білім майданы үздіксіз де үздіксіз. Жас ғалым, совет жасы, инженер Қабылан басқа ғалымдармен бірге өз әкесінің қателіктерін де толығынан ашады.

Бұдан кейін канал құрылышының жас ғалымның жаңа жоспарымен аяқталарына сенесің. Осымен шымылдық.

Біздің жас драматургтеріміз уақығаны тоқ етер жеріне жеткізбей аяқтайтын, кинода көп қолданатын әдіске көшіпті.

«Арғы жағын айтпаймын,

Ішің білсін... әлу-ай!»— дейтін өлең болушы еді, бәрі де соны істеп жүр.

Ал мұның екі жақты мәні бар! Екеуі де шартты шешім. Біреуі көрерменнің ойлауына орын қалдырады, бірақ, автордың өзі қалай шешкені көрінбей қалады. Шебер аяқтаған ба, жоқ па? Кейде олай емес, уақығаның өрімі бар да түйіні табылмағандығын да көрсетеді. Қалмұқаның «Сапар сырында» ол қашқалактау жоқ, түйіні айқын, көрерменнің ойлауына уақығаның өрісі жеткілікті материал береді. Осындаид туындының Әуезов атындағы бас театрының осы күнге дейін неге жүрмей келе жатқаны маған ете түсініксіз.

Дулат Исабековтың «Мұрагерлері» бүгінгі ең басты мәселе мізді қозғайды. Ол — жаңа адам жасау мәселесі. Жаңа адам жасаушы мәселесі. Жаңа адам жасаушы өзі де жаңаған адам болу керек. Бұл бір. Екінші, жаңа адам дегеніміз тек қана келесі буын емес, соның ішіне бүгінгі буын да кіреді. Өзімшілдіктен, өтірік-есектен, жерлестік-жікtestіктен, өкіметті алдаудан, партияны алдаудан, мемлекет қалтасына түсуден, дүниекорлықтан бүгінгі қауым түгел арылып болды ма? Қорлық-зорлық, қылмыс құрып бітті ме? Жоқ! Ендеше, жаңа адам жасаудың бірінші бабы — жаңаған адам жасау болады. Дулаттың «Мұрагерлері» жаңаған адам жайында.

Естеріңізде болар, жалғыз қалған, жәрдемсіз кәрі әйелге қара киінген Фарида Шарипова туысы болып келіп — апа! — дегенде тебе шашың тік түрады. Фариданың даусында үн бояулары дегенің сонша көп болар ма? Жылан ыскырығын естігендей түршігіп қаласың, кемпір де шошынады. Бірақ, жылан арбады, сендерді, кемпір енді жыланды

бас салып даусыз көтеріп, сағыныш құшағына алады. Қамқор туыс табылды, көрі апасына қолқабыс етуге келіпті. Арман не? Бар тізгінді жанашыр бауырының қолына берді.

Жанашыры зыр жүгіріп жүр, торап жүр апасын... ақыр аяғында кемпірді айдап тастап, оның үйін иемденіп алу кезеңіне жетті. Осы тұста жас әйелдің ой-санасы күрт өзгергендігін көреміз. Мана жылан екені де даусыз еді. Енді адамгершілік санаға ауысқаны да даусыз. Фарида Шарипова асқан талант қой, шубесіз сендіреді. Әттең, осы арадан бастап режиссер оны ойыннан шығарып тастайды да, үй таласына оның ерін түсіреді.

Онысы бір сүйкімсіз адам. Сахнаға көрпе жамылып, іш киіммен орданап шығады. Көрерменді осы өрескелдікпен күлдірмек болса, режиссер катты қателескен. Көрермен режиссерге күледі.

Егер бас кейіпкер әйел өз жауыздығын өзі сезініп, енді соны түзетуге бар адамгершілік тапқырлығын, қүшін салса, нағыз жаңара білген совет адамының қандай бейнесі жа-салып шығар еді.

Келесі қойылымында автор да, театр да бұл тілекестікті ескерер деймін. Адамның сыртқы әсермен бірге, әсірессе, өз ішінен жаңаруы психологиялық үлкен табыс болмақ.

Мен үш том болып шыққан драмалық шығармалар жинақтарын түгел оқып шығамын деп недауір қалжырап қалдым. Таныс тақырыптар, таныс шешімдер көп, әрқайсысының өзіндік беталысын айыру қыын-ақ, қызықпай жазған қызықсыз әңгімелер, бейжай оқылады.

Енді аздалап поэзиямызға көшейік. Баяндама тақырыбы көркем әдебиетіміздің тілі жайында, яғни, сөз бен сөйлемді дұрыс пайдалану жайлары екенін тағы бір ескерте кетейік.

Қазақ поэзиясының түп төркіні өзір анықтала қоймаған алыста жатыр. Гомо сапиенс дәуіріне ең берісі 40 мың жыл болса да, сонша ғасырлардың бойында қай халықтың тілі есеймеген, тілімен бірге өлең-жыры тумаған дей алмақпыш? Мен нәсілдестік пен тілдестік (этногенез) дүниеге бірге келеді деген көзқарастамын. Яғни, түркі тілдес дегеніміз — түрік нәсілдес деген сөз. Иран тілдес сақ пен скифке нәсілдес болудың түк дәлелі жоқ. Бір кезде, біздің әрамызға дейінгі жетінші-екінші ғасырларда бүгінгі қазақ жерлерінің бірсынырасын иран тілдес елдер жайлаған болса, одан нәсілдестік тумайды. Оған дейін түрік нәсілдес елдердің нәсілдестігі де анықталып болған.

Әзірше, анықталған шындық Орхон-Енисей жазулары қыпшақ тілінде екен, сол тұста біздің шапырашты:

Бәрлі байрақ көтерсе,
Козып кетер қайдағым!—

деп ұран салады екен. Орхон жазулары да, шапырашты жырлары да біздің поэзиямыздың батырлық эпосымыздың бастамасы екені даусыз. Мүмкін бұл да әзірше ғана!

Бұлардан кейін туған «Кобыланды», «Шора батыр» жырлары, «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» поэмалары, Шал, Қазтуған ақындар көркем әдебиеттік тіліміздің есейгендігімен бірге сюжеттік арқаулардың тұа бастағанына дәлел бола алады. Бұлардан кейін Бұқар жырау, Шортанбай, Махамбет, Дулат және басқа да көп ақындар арқылы Абайға келіп тірелеміз дедік қой. Біржан сал мен Сара қыздың айтысы ауызша айтылса да бұл айтыстағы көркем сөз, бейнелеулер мен теңеулерді мен жазба поэзияға қосар едім.

Біздің поэзиямыздың осындай ұзақ тарихы бар, есейген, өскендігін көрсететін дәлелдер бар. Абай сияқты ұлы ақын, арқа сүйері бар. Абай тек қана поэзия тілін түзеп берген жоқ, жалпы тіліміздің оралымдылығын, бейнелеу шеберлігін, сөйлем құрылышындағы әр сөздің өз орнын, сөйлемдегі ой салмағын қайда, қалай қалауды да үйретіп кетті. Абай бізге ұлы мектеп!

Абайдың соңынан іле-шала шыға келген Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер осы күнгі ақын-жазушыларымыздың қайсысынан кем! Мұхтар ше?!

Біздің шын жайымыз осылай бола тұрса да совет әдебиетінің елу жылдық тойының қарсаңында өзбек ақыны Миршахар «Литературная газетада» жазба әдебиеті әлі ту-маған Қазақстаннан жазушылардың I съезіне жалғыз Жамбыл келді деп жазды.

Бірінші, Жамбыл совет жазушыларының бірінші съезіне қатынасқан жоқ. Екінші, совет жазушыларының бірінші съезіне Сәкен, Ілияс, Бейімбет бастаған 6-7 ақын-жазушылар қатынасты.

Мен әрине, Миршахарға өкпелеген жоқпын. Өзіміздің сыншыларға, әдебиет зерттеушілеріне өкпеледім. Бірде бірі олай емес былай деп үн шығармай қалды.

Қазақ сыншыларына, қазақ әдебиет зерттеушілеріне бұл менің екінші өкпелеуім: бұдан 15 жылдай бұрын, «Абай» роман емес деген мақала болғаны естерінде ме? Біздің әдебиет қорғандары, әшейінде өз пайдалары үшін Мұхтардың атын күнде ауызға алып отыратын сыншыларымыз

онда да ауыздарын ашпай қалды, қадірлі сыншыларымыз Мұхамеджан Қаратаев, Серік Қирабаев, Рахманқұл Бердібаев, тағы басқаларымыз «Ағаш қамшы көп болар, аттан салсаң жок болардың» кебін киіп қала бардыңыздар. Әуезов атындағы институтымыз Әди Шарипов жолдастың қолы қойылған қарсылық қаулысын «Қазақ әдебиеті» газетіне жариялады да, ол да тынды. Осындай жалт беріс — жалтақтыққа қалай өкпелемессің.

Жә, поэзиямызға оралайық. Жоғарыда ескертілгендей, әріден келе жатқан көркем тіл қорымыз мол бола тұrsa да, онын үстіне Ұлы Октябрь революциясынан кейін орыс халқының ұлы мектебінен етсек те, дүние жүзілік әдебиетпен кеңірдектеп танысып отырсақ та, тіл кінәраты бүгінгі поэзиямызда да жеткілікті екен.

Әуелі жаңылыс бір сынды атай кетейін. Ақын Несілбек Айтов Қайрат Жұмағалиевтің «Жұлдыз бол тұңғирыққа қақтым қанат» деген өлең жолын сынапты. «Тұңғирық» төменді білдіреді депті. Қайрат стратосфераға қанат қақтым дейді. Өлendez кате жоқ.

Айтовтың екінші сынаған жолдары «Күн сындып, кек қабағы ашылады» деген өлең жолы. Күн сынса, кек қабағы қалай ашылады дейді сынаушы.

Бұл жерде сынған күннің көзі емес, ауаның жылынғаны. «Бүгін күн сындып екен» дейді ауызша сөзде. Сынши бұл екі жолды да түсінбей сынаған.

Өкім Жайлауов, Максұт Неталиев, Шемішбай Сариев, Тілепалды Жамбылов, Ибраһим Исаев, Бақтыгерей Ысқақов, Байбота Серікбаев тағы бірнеше жас ақындар болашактарында ана тілін осыдан артық біле алмайтын болса, үлкен қауіп бар. Ең алдымен, бұлар пәзія былай тұрсын, кәдүілгі қатардағы сөйлемнің жатық құрылышын біле бермейді.

Поэзияның әр жолы көркем айтылған ой, құлаққа жағымды, көнілге қонымды, үнді болу керек. Не болмаса, арқа қыздыратын, адамға күш-қайрат беретін кесек сөздердің толқыны, найзағайдың жарқылы болуы керек.

Өкім Жайлауовтан бірер жол үзінді келтірейін. Жақсылап тындаңыздаршы:

Тұрлаулы істің табамын деп түйінін...

Тұрлаулы іс деп түйіні де табылған істі айтсақ керек.

Ақ жаңбыры жауа түссін несерлеп...

Ақын ақ жаңбыр мен нөсер жауын екі түрлі жауын
екенін айыра алмайды.
Мақсұт Нетәлиев:

Қайдасың інім күлкілі...

* * *

Жетпейтін екі ортамыз қарға адымға
Осы да шалғай еді арга мұнда...

* * *

Толқындар тербеледі аунап түсіп,
Теңіздей тасалайды тау жақты шық.

* * *

Терінде төлі байлаулы
Колхоздың аты мол шағыл.

Мақсұт Нетәлиев тағы былай деп көпіріпті:

Мені сыйлас жүретін ағайын көп
Мені сыйлас жүретінabyсын көп.

* * *

Жалғыз қызың жақия жаутандаған,
Ердің жоғын сезгендей жалтаңдаған,
Шопан болып қолына құрық ұстап,
Сел жауса да сескенбес салпаңдаған.

Шемішбай Сариев былай дейді:

Шашына шәлі тартып, сәлде ораган
Мұз қайғысы ерімей мәңгі ораган.
Кешегі тағдырындай қазағымның
Алататудың басынан қар бораған.

Ибрагим Исаевта:

Батырсындар алпыс екі айлалы,

деген жол бар. Б. Ысқақов:

Күлкілерден шың бік
Таусылмайтын бақыт бер,— дейді.

Тілепалды Жамбылов:

Еркелеген акқым ойнақ салып,
Келеді тау қолына оймак салып.
Кір шалмаған таза мойынның
Теменнің тереңіне бойлап салып,
Камытын тағдыры қоймақ салып,
Кайт деші, биғіне ойлап танып.

Осылар сияқты «өлеңдерді» қай жағынан тексеруге болатынын мен өзім біле алмадым. Тіл жок, идея жоқ, тіпті елеулі тақырып та жоқ қой.

Төлді төрге байламайды, ерек адам женгелерін абысын демейді, шопан қолына құрық ұстамайды, шәліні шашына орамайды, басына орайды, шәлі ораса әйел сәлде орамайды, ойнақ салған құлыш тау жолына оймак салмайды, таудың қолы жоқ деп қалай үялмай-қызармай сын айтып тұрарсың.

Сондықтан мұндай ақындарда қандай ноқаттар жетпей жатқанын ғана айтып тоқталғым келеді.

Бірінші, ана тілін білмеушілер өздерін білімсіз деп санамайды-ау деймін. Сондықтан өздерін асырап отырған ана тілін қалай болса солай қорлай беруге үядмайды. Ал енді үятты жоқ арсыз адамнан ақындық құтудің керегі жоқ.

Екінші, ақын-жазушы деп аталағын адамдар «Бойы бұлған, сөзі жылман» еркетайлар емес, халық алдында, партия алдында жауапты қалам қайраткері екендерінде жұмыстары да жоқ.

Үшінші, бұларға ақын-жазушылық өнер емес, кәсіп, Толстой айтқан сауын сыйр, пәтер, машина, атақ, гонорар.

Социалистік жаңа заман мәдениетін жасайтын дәуірге молынан кіріп отырған кезде қоқыр-соқырды қөркем әдебиетке санап, жауапсыздыққа мәймәнкелетіп қарауды қояйық. Жолдастар, басылып шығатын енбектердің мұқабасы үшін емес, мазмұны үшін сапа белгісін қоятын болайық.

Қадірлі сыншылар, зерттеушілер, редакторлар, тұтасынан алғанда дүжнис жүзілік мәдениет-әдебиет қорына үлес қосып отырған дәуірімізде өз үйімізден табылып жатқан қоқысқа сіздер де жауаптысыздар.

Бүгін ашылып отырған конференциямыз болады деген хабар аталғалы «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде бірталай ойлы мақалалар басылды. Әлденеше еңбектерге әділ сындар, пайдалы пікірлер ұсынылды. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, көптен бері тіл мәселесіне күйіп-жанып араласып келе жатқан нағыз ғалым адам

Рәбиға қарындас Сыздықова, ақын-драматург Оразалин Нұрлан, Қайролла Нұрманов, Уәлиев Нұргелді «Қаламгер» деп қол қойған жолдас, тағы басқалары шын-ақ көркем әдебиеттің достары, жанашаырлары екенін көрсетті. Соның ішінде Оразалин Нұрланның Фариза Оңғарсыноваға арналған мақаласын ерекше атағым келеді. Оразалин ақындықтың, поэзияның небір терең сырларын, нәзіктігі мен от-жалыны, шуағы мен нессері барын сыншыларымыздың бірде бірі айта алмаған мағыналы, мәнді түрде айтқан. Әсіресе, ақын туралы Маркстың бір айтқанын өз тілімен айта алғаны қатты ұнады.

Әрине, сыншыны бұл биікке, бұл терендікке көтере алған ақын қызымыздың өрен дарынды шығармалары. Фаизаны тыныш отырып оқи алмайсың.

Айта кетпеске амал жоқ, белгілі сыншыларымыз бер том-том кітаптары басылып шыққан әдебиет зерттеушілері осы пікір алысу кезінде ауыздарын ашқан жоқ, қалыс қалды. Бүгін менің оларға қаттырақ соқтығып тұрғаным да соның салдары болу керек.

Тағы бір ескерте кетейін дегенім — менің сынға алып тұрған ақын-жазушыларымың бірде бірі жас емес, отыз бер елудің арасындағы қаламгерлер. Көпшілігі қырық пен елудің аралығында. Шын-ақ ақын, не жазушы болатын таланттар бұл жаста біржола қалыптасып болып, енді өзінен кейінгілерге ағалық етуге міндетті болса, бұлар әлі «жастар» қатарында тұрақтап қалыпты, қашан есейстіндерін өздері біледі. Ана тілін білу жағынан 9-класқа жетпегендегі де аз емес.

Енді бірер ғылыми мақалаларға тоқталғым келеді. Өйткені, тіл ғылымы біздің бөтеніміз емес, жөн сілтеп отыратын, мойнында теориялық парызы бар туысымыз.

Әттен, бұл жағымызда да тіл олақтығы баршылық екен. «Міне, мұның осындей сөз тудырғыш қызметі еңбектерде жиі айтылғанмен, олардың екінші жағы, яғни сөздердің морфологиялық құрамын құрудагы, түрлі синтаксистік конструкцияларды құрудагы атқаратын қызметтіне жеткілікті мән берілмей жүргенін айрып, дұрыс аңғарған,— деп жазды филолог Әмірзак Айтбаев («Қазақ әдебиеті», 24 апрель, 84).

«Метонимия — метафора — кейіптеу» типіндегі синкремикалық тропа, троп сынарларының құрылуы әдепкі мағынаның бір белгісін қайта жаңғырту негізінде пайда болады: метонимиялық өң алған белгі кейіптеу қабаттасқан метафорага негіз болады»,— дейді Бақыт Жантурина («Білім және еңбек»).

Әуелі осы екі мақаланы конференция талқысына салғым келіп еді, кейін орысшасы басылып шыққан соң көрерміз деп тоқталып қалдым. (Тусінгендерің, болса бұл мақалалар жайында сөйлей беруге болады).

Әдеби тіліміздегі кемшіліктерімізді тізе берсек әлі де табылатын. Бірақ, біздің мақсатымыз ол емес: мақсат әрі жедел ағындаған, әрі талап-тұлғамның еселеп өскен шағында қолда бар рухани құшіміздің болмашиға айналқатап ысырап болмауын ойласуда. Болашағы бар ақын-жазушы өзіне-өзі қатал талап қоймаса, сынды ауырлап жасып қалар болса, ондай мінез өсірмейді. Көркем әдебиет өзінің аталуына орай көркемдікті талап етеді. Еңбек мәдениетін толықтыра беруді талап етеді. Ана тілін еркін менгере алмасан, көркемдік те, еңбек мәдениеті де сен үшін жай сез болып қала береді. Осы мәжілісіміздің тек қана әдеби тілімізге байланысты болып отырған себебі де осында. Аузыңбен айта салу оңайға түспейтін тағы да бірер жағдайлар бар: ол — әдебиет тілі бір халықтың тіл байлығын ғана көрсетпейді, сыннымен бірге, сол халықтың елдік дәрежесін, ой-кемерін — сезіну терендігі мен таяздығын да көрсетіл тұрады. Ең ауыры — ана тілін білмеген ақын, жазушы ел-жұртының ескілі-жаңалы тіршілігімен ажырасқанын да көрсетеді.

Қазақ әдебиетінің өскелең кезеңде екенін әр тұста ес-керттік қой деймін. 10—15 ақын-жазушы, тіпті 40—50-інің ана тілін білмеуі, онысына қоса қабілетсіздігі көріне бастағаны әдебиетіміздің бетіне түгел дақ түсіре алмайды. Ондай жеке жайлардан үмітсіздік те тұа алмайды. Тіл мәселеін қatalырақ қойып жатқан басты бір себебіміз — қазіргі құніміздің өзінде қазақ әдебиетінің қайрат-жігерінің негізгі көпшілігі осы слуге дейінгі жастар. Бұл тұсқа дейін кімнің кім екені де танылып болуған тиісті. Біз ұзақ көштің алдыңғы жағында кетіп бара жатқан аксақалдар артымызға да айналып қарауға міндеттіміз.

Сонда не көреміз? Әуелі биік белдерге жарқырап шыға келген, қызыға қарайтын үлкен тобымыз барын көреміз. Әдеби мағынада айттар болсақ — сұлу қызы, әсем жігіт бәрі сонда. Бірақ көш арты шұбаланқы. Ең соңғы жағы әрине, селдір. Біз сол шұбаланқы топта келе жатқандарға «қимылда, биік белдер әлі алдарында» деп бар даусымызбен айқай салуымыз керек. Көрі көз бұлдыр шалып, көрі дауыс жарықшакты шығуы әбден мүмкін. Бірақ айқай салу бізге парыз! Ұзақ гүлденбеген өсімдіктің құр сабағы сорая бер-мек.

Шұбаланқы топтың алдыңғы жағы «биік белдер» деген қырқамыздың етегіне жетіп, енді алға қарай адымдай бастағандары бар. Жоғарыда аздал сыналған Сүндетов, Хамзин, Елубаев, Софы Сматаев, сыналмаған Тұрсын Жұртбаев, Роллан Сейсенбаев, Айтов, тағы бірақ ақын-жазушыларымыз маған осы үлкен үміт деңгейінде сияқты.

Мен созылыңқырап кеткен сезімді сол биіктек көрген сұлу қызы, әсем жігіттердің өздері айтқан — асыл сездерімен аяқтағым келеді.

— Жер, сен адамға басынды и! — деді Олжас Сүлейменов. Бұл ұлы Горькийдің аузынан шаққан «Человек звучит гордо!» дегенине үндес ұлы сез. Мұны Олжасқа дейін бірде-біріміз айта алған емеспіз.

— Биіктік — кендік — өнерендік! — деді ақын Мұхтар Шаханов, бұл да Мұхтарға дейін аузымызға түспеген, ойымызға келмеген сез.

Мен асылы тыныштық құйғе түссем,
Кайрандағы балықтай тұншығармын!

деді Фариза қызымыз Оңғарсынова. Міне, бар өмірін поэзияга берген, іздену үстіндегі тыныштық таппайтын ақын сезі!

Осы үш сезде қандай мағыналы ойлар жатыр. Өзің тауып айтқандай қуанатын сездер. Рух беретін, қанат беретін сездер. Маған биік белдерде жарқырап көрінетін сұлу қызы, әсем жігіттер де осылар ғой.

Егер мен ұзак сезімде осы үш сездің толық мағынасын бере алған болсам, өзіме-өзім риза болар ем. Көңіл қоя тындағандарыңызға көп рақмет!

ӘБДІЛДА

Аман оралдың ба, жаным!

Манағы бір кезде берілген хабарға қарағанда, Сен бүгін Лениң қаласына оралған болуың керек. Егер бұл хабарды бірер күн бұрын естіген болсам, мен бүгін жүріп кетпеген болар едім, әсіресе, осы жолы біраз отырысып, көп сөйлеуге құмартып едім. Енді сол тілекті білдіргеніме қанағат ет. Ұзамай ауылға келерсін, көрісерміз, сөйлесерміз.

Тап осы кезде ауыл аман, қора-қопсы бүтін дей қоярлықтай емес. Көп нәрселер баяғысына тартып, орынсыз алауыздықтар, керексіз алабұртулар, кешіккен балалықтар, ерте келген шалдуарлықтар туғызып жүр. Естірсің, жақын

арада бірталай адамдарды тағы да ұрыс-сөгіп, ұрсатын-сөгетін жайларымыздың көп екенін тағы да әшкерелеп алдық. Өйтпеске болмады да. Бір жағынан соңғы жылдарда ұйымшылдығымыз, бірлігіміз күштеген сияқты еді, екінші жағынан іруіміз де елеулі екен. Соның бәрі анда-санда шырқ бұзып, кейіп кетіріп тұрады.

Ұйымшылдығымыздың да перде жыртыспас, шынды айтқызбас жақтары қоюланып қалыпты. Бір-екі жиналыста Сәбиттің романы әңгіме болғанын, үната алмағанымызды, сол үшін сөз естігенімізді, бет жыртысқанымызды естіген шығарсың. «Шоқан» айналасында да солай болыстық. Сонымен аз ғана енбек ете тұс, аз ғана өндей тұс деуді ұяла білер жастарға ғана айтпасақ бәлеге қалатын болдық. Ұйымшылдық дегеніміз оп-оцай ыдырап кетеді.

Осыдан «Қазақстан әдебиетінің көлемінде қайтпек керек?»— деген сұрау тұрған сияқтанады. Онша ашылып айтпағанмен, осы сұрау Ғабиденің де бір қалтарысында жүр ғой деймін. Әдебиеттің терең талаптарын жете үғынып қайтқалы отырған сендер тіпті қатал болуларың мүмкін. Үрбай-тыrbайға қарамай, әдебиетіміз жөнінде ашық-ашық әділдік айтамыз ба, болмаса, әуелі ыrbай-тыrbайдың аяқталуын күтеміз бе? Ол қырық қашан аяқталады? Жаңағы «қайтпек керектің» осындай жақтары да бар. Оның үстіне, соңғы үш-төрт жылдың ішінде тұа қойған елеулі шығармалар да аз. Мұның себептерін де кейінірек ашу керек, әркімге нақты дейтін жәрдем керек. Тілек қою, ақ айту көбейді де, қолмен істеу сиреп барады.

— Қайтпек керек? Бұл жағымыз да тұр.

Мен саған осы жайларды ойлана кел, айта кел дегім келеді. Елден кеткеніңе екі жыл болса, бәріміз де барып қойып кеткен орнындағыз, сен оған Қанағат етуің керек. Ойлар, ойланар жазушының бірісің, ойланышы. Және енді оқуың бітті, тез қайт, күтіп тұрған істер бар.

Сәлеммен Ғабит.
Кешігетін болсаң, хат жаз. F. M.
1.08.1956

Ақын ит

Есіктің қоңырауы қағылды! Мен жаңа ғана жуынып, енді ғана сүртініп жатыр едім, орамал қолымда есік аштым.

Есік қаққан буырыл шашты ақын екен. Ол да адам болатын, біреуге үлкен ақын, біреуге тентек адам көрінетін жайы бар-ды.

— Немене, үйінде шәйің болмай, таң атпай қаңғырып жүрсің бе?— дедім есікті аша беріп.

Ақын жәбірленген жоқ, ойынға шаптырып.

— Оныңыз да дұрыс болар, бірақ келгім келіп кетті, келдім, қуып шығармассың.

Бұл бір күтпеген келіс еді. Бұдан біраз уақыт бір үйде кездескенімізде:

— Шақырсақ келмейсіз, енді шақырмайтын болармыз,— деп маған азырақ өкпе-назы барын айтқан. Мен ағалық істеп, онысын елемеген ыңғай көрсетумен тоқтағанмын. Енді сол ақын өзі келіп тұрғаны маған үлкен адамгершілік көрінді. Қалжындағы ұрысқан болып кабинетке шақырдым.

2-ақын

Әңгіме неден басталды, ол есімде қалған жоқ, әңгімеміз дүниеден ертерек өткен ағаларымызға көшіп кетті. Ағаларымыздың қай-қайсысымен болса да, көрген өнегелерімен бірге, көрсеткен жәбірлері, әділетсіздіктері бар екен, соларын да еске алдық. Аяқтап келгенде сол ағаларымызды қатты сағынады екенбіз. Әрқайсысының орындары опырылып құлаған жартастай әлі үңірейіп тұрады екен! Ағаларымыздың алдында өзіміз де көп кінелі екенбіз. Ақылымен, ойымен өлшеп жасалған кінә емес, сезім алау-жалауымен қызынып кеткенде жасаппзыз. Ағаларымыз да кейде сезіммен, кейде есеппен жәбірлепті, қейде әлдекімнің айтағына еріп кетіпті. Қалайда, тағдыр сол ғой, ағаларымыздың барлығы ерте кетті. Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Сәбит...

Бұлардың қай-қайсысы болса да бүкіл ел болып сағынатын ардагерлер емес пе? Бұлардың қай-қайсысына болса да тірі кезінде өтелмеген парыз-қарызымды зират басына өтелік деп қалай көніл тынар?

3-ақын

Жалпы жұрт алдына ойсыз қара құш деп танылып қалған палуан Қажымұқан бір жолы бір жас палуанмен

күреспіп, оның күшіне көнілі толып, ол амалсыз басқа жұмысқа кетерін естігенде жылап жіберген еken. Ақын соны айтты. Иә, ақынды ақын, палуанды палуан сағынады да!

Әттең ақынды ақынға, палуанды палуанға қарсы айдан салатын заманда, ақын да, палуан да бірін-бірі түгел түсіне алмай, шын достаса алмай өткен ғой. Өлгеннен кейін өкіріп жоқтасақ, оның қажеті не? «Тірісіндеге сыйламаған, өлгеннен кейін жылаған ағайын көзің ақсын» дейді Махамбет ақын бұдан жүз жыл бұрын. Мұны біз білгелі жарты ғасыр болса да ұқпаппыш. Әй, ұқпадық па еken? Ұққан шығармыз-ау! Арзан не, қымбат не, осыны ұқлаған болуымыз керек.

4-ақын

Ақын да, мен де ішуді қойған кезіміз еді. Шаймен бір-екі рюмка конъяк іштік. Мен ақын жаңының нәзіктігіне, терендігіне қызығып іштім. Ақын да, жалпы адам деген кісінің де жиырма төрт сағат дейтін бір тәуліктің ішінде үнемі бірқалыпты тұра бермейді, бірдемеге іренжиді, бірдемеге қуанады, қызынады. Мен ақынның бір нәрестедей ойы таза, сезімі лапылдан, достық іздел, әлде иені, әлде кімді сағынып келгеніне жылағым келді.

Жылап та еді, мен мас болмайтын адаммын.

Ақын кеткен соң, екеуміздің ішкі сарайымыздың тазаланғаны сонша, сағынышымыздың қосылып кеткені сонша ақынды ертең таңтертең тағы күткенім сонша, тағы да шақырып хат жазғым келді. Өйткені, сонша жаңымды қозғап, жүргегімді сілкіндіргендегей не сөйлескенімізді ұмытып қалдым. Тезірек, тезірек келші, ақын бауырым.

Ғабит.
16.02.1977 ж.

Сафуан Шаймерденұлы

*Қазақстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*

ҒАБЕҢНІҢ БЕЙМӘЛІМ ҚЫРЛАРЫ

Мұсілім Базарбаев жас жағынан менен біршама кіші болса да университетте бірге оқығандықтан ба, әлде мінез-құлқымызыда, дүниетанымымызыда үқсастықтар болған-дыбынан ба, әйтеуір тетелес ескен немесе құрдас жандар секілдіміз. Күні бүгінге дейін солай. Сол Мұсілім Базарбаев 1970-жылдың 13-тамызында Қазақ ССР мәдениет міністірі болып тағайындалды. Көп кешікпей ол мені міністірліктері ең қабырғалы бөлім — Репертуарлық коллегияның бастығы бол деп қызметке шақырды. Онымен бірге қызмет жасасуға өзімнің де құмар екенімді байқамады ма, кім білсін, мен тынысымды алғанша шарттарын да айтып салды: сағат тоғызда жұмысқа кел деп талап қоймаймын. Жұмасындағы бір жұмыс күнің творчестволық күнің болады. Егер түске дейін жұмысынды бітіріп тастар болсан, түстен кейін жұмыста неге жоқ деп тергемендер деп қарамағындағыларға тапсырып қоямын. Ең бастысы — Репертуар коллегиясын Өнер басқармасынан бөліп алып, тікелей міністірдің қол астында ететін жарлық шығарамын.

Шарт осы. Ал бұл ұсынысқа қалай көнбессің?!

Сейтіп, мен 1970-жылдың аяқ шенінде Қазақ ССР Мәдениет міністірлігінің қолакolandай қызметкері болып шыға келдім... Міністірден кейін:— Осы бір асығыстықтың себебі неде?— деп сүраймын ғой.— Сейтсем оның себебі — сол тұста өнер басқармасын басқаратын кеудесі зор, бірақ өзі жөніндегі өз пікірінің өз ісіне қабыса бермейтін азаматтың ерсі қылыштарына байланысты екен.

Міністірліктің Репертуар коллегиясының ауқымы кең. Ол республика қарамағындағы барлық театрларға, атап айтқанда — қазақ, үйғыр, корей, орыс театрларына репер-

туар дайындаиды. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс. Жылдық қоры 200000 сом.

Әлі есімде, бас редактордың креслосына келіп отырғаннан кейін бірінші етіп шешер мәселем мынадай болды: міністрліктің бас бүгальтері Ларин (аты-жөнін ұмыттым) маған бір құжат әкеп көрсетті: Ғабит Мұсіреповке үш мүнай сом қаламақы. «Кездеспей кеткен бір бейне» пьесасы үшін.

— Ғабит Махмұтұлына әлденеше рет телефон шалдым, қаламақының дайын, келіп алып кетіңіз деймін. Жарайды дейді де қояды. Бірақ келмейді. Содан бір күні кассирді үйіне жібердім. Ғабит Махмұтұлы құжатты олай қарап, бұлай қарап, мен мұндай пьеса жазған емеспін дед, ақшаны алмай, кассирді қайтарып жіберген. Мұны енді не істейміз? Мүмкін өзің сөйлесіп көрерсің. Ақшадан безген адамды бірінші рет көріп отырмын,— дейді пұшайман болған Ларин. Құжатқа қарасам, бәрі дұрыс. Репертуар коллегиясының бас редакторы Мұхамеджан Дүзенов дайындаған. Міністір Омаровтың өзі бекіткен. Ордердің Ларинның жәшітінде жатқанына екі жылға айналған.

Мен осы фактіні кейін Ғабене айттым, қаламақыны неге алмағанын сұрадым.

— Мен ондай атты пьеса жазған емеспін,— дейді Ғабен,— бәрі де Мұхамеджанның істеп жүргені.

— Мұхамеджан, көп болса, инсценировка жасаған шығар, «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі сіздікі емес пе?— дедім мен.

Ғабен жауабы келте болды:

— Инсценировка қай уақытта пьеса болып еді?..

Үш мың сомдық сол ордер күні бүгінге Ларин есепшінің архивында жатқан болуға керек, іздеңген адам тауып ала алады.

* * *

Бір жолы Әуезов атындағы академиялық театрдан міністірлікке сұраным тұсті. Шекспирдің «Антонио мен Клеопатра» пьесасын сахналагымыз келеді. Бір майталман жазуышға аудартсаңыздар екен дейді. Біз Мұсілім Базарбаев екеуіміз әрі ойланып, бері ойланып Ғабит Мұсіреповке тоқтадық. Мақсатымыз — театр тарихында Мұхтар Әуезов аударған «Асауға тұсау» қекілді классикалық дүниені өмірге келтіру. Мен осы жайды телефон арқылы Ғабене түсіндірдім. Ғабен көнді. Аудармақ болды. Келесі күні өз қарамағымда

қызмет істейтін Нұрлан Оразалинді барлық керекті құжаттарымен Ғабене жібердім. Көп кешікпеді, көсемсіп жүргілдік алдына түсе бермейтін бүйігі Нұрланым қайтып келді.

— Не болды, Нұрлан?

— Ғабен ғараптасып документке қол қоймады...

— Неге? Әлгіде ғана сенің баратыныңды айттып, келісіп едім ғой?

— «Қаламақыларыңың бары мың сом ба? Ондай ақшага мен Шекспирді аудармаймын», — деді дейді менің атшаба-рым.

Мен тағы телефон құлағына жармасайын. Ғабен ыңыранып сөйлескіңі жоқ.

— Ғабе-ау, біздегі аударманың ең жоғарғысы сол мың сом ғой. Одан артық ақшаны қайдан таппақпыз? Бұрынның рақта талай рет пьеса аудардыныз. Ставка жайын білмейсіз бе?

Ғабенде үн жоқ. Білем деп те, білмеймін деп те ештеңе демейді. Неге екені белгісіз, әйтеуір, өкпелі. Енді не істеу керек? Мендерге бар мақсат қайткен күнде «Асауга тұсау» секілді бір классикалық аударманы дүниеге келтіру. Осылай тығырыққа тірелген қызын кезде біз ақылласар бір білімдар адам бар. Ол автор құбын қорғайтын үйімдағы Ида Борисовна Красилькизикова. Сонымен ақылласайын: Ғабит Махмұтұлы мың сомды қомсынып жатыр, қаламақыны көтерудің қандай жолы бар?

Занға майталман Ида Борисовна жолды оңай тапты:

— Пьесалардың сахналық нұсқасын жасау үшін тағы бір мың жарым сом төлеуге болады.

Сейтіп, екі жарым мың сомдық қаламақының құжатын толтырып, Ғабене өзім алып барайын. Есікті Ғабенің өзі ашты. Бір қызығы, екі қолтығында екі балдақ. Бұл жердегі айта кетерлік жай — Мұсірепов ішпей, жемей өтө сақ жүрсе де әркезде аяғын сындырып алатын әдеті болатын. Мына тұрысы да сондай әдетінің салдары. Таңқаларлығы — ақсақалым есікті ашқанымен мені көрді де, көлденендең тұрып қалды. Шамасы үйге кіргізгіңі жоқ. Мен тік кеттім: «Ау, ақсақал, үйнізге кіргізгіңіз жоқ па өзініздін?!» Ғабен ықылассыз бұрылыш жол берді. Мен бөлек-бөлек екі құжатты көрсеттім.

— Мына мың сом — аударғаныңыз үшін. Ал мына мың жарым сом — «Антонио мен Клеопатра» пьесасының сахналық нұсқасын жасайтыныңыз үшін...

Ғабен қағаздарға көз жүгіртті. Бір ауыз сөз айтпастан қолын қойып, бір данасын өзіне қалдырыды да, бір данасын маған ұсынды.

— Пьеса шынында да қазіргі саҳнаға икемсіздеу екен. Тым ұзак. Кітаптың өзінде жүз елу бет. Машинкамен қанша боларын бір құдайым білсін. Төрт-бес сағаттық қойылымды қазіргі көрермен көтере бермейді ғой, бүгінгі көрермен талабына лайықтап аударып берермін,— деді.

Мен дегеніме жеттім деп қуанып қызметіме кеттім, ал Ғабен болса, риза болғанын қабағымен танытып үйінде қалды.

Арада бір жарым ай ма, екі ай ма уақыт өткенде Ғабен аудармасы біздің қолымызға тиді. Машинкамен есептегендеге көлемі 80-85 бет шамасы. Біз: «Тағы да классикалық аударма дүниеге келді»,— деп қатты қуандық. Машинкаға қайта-қайта бастырып көбейттіріп, әдемілеп түптеттіріп, театрларға жар салдық:

Дүниеге «Антонио мен Клеопатраның» саҳналық нұсқасы келді. Танысыңыздар, оқындар, көрерменге көрсетіндер!

Обалы нешік, елпілден келіп алып кеткен режиссерлер көп болды. Бірақ осы шығарманың қазақша дүниеге келуіне тікелей себепкер болған академтеатрдан бастап, республиканың бір де бір театры мен көрсетем деп құлшына қоймады. Ғабен аудармасы өзінің көп томдық шығармалар жинағына ғана кіргені болмаса, Мәдениет міністірлігінің архивына кеткенін, амалсыздан, айтуға тұра келеді.

«Антонио мен Клеопатра» секілді үздік дүниенің қазақ саҳнасына шықпау себебі неде? Ғабит аудармасының сапа-сызығынан ба? Мұлде олай емес. Мұсірепов аудармасы — өзіміз күткен классикалық деңгейдегі аударма. Жалғыз-ақ кемшилігі — шұнтиып, мұлде қысқарап қалғандығы. Қай режиссермен сәйлессен де айтары — пьеса түгел аударылуы керек еді, қай жерін аламыз, қай жерін қалдырамыз, ол әр режиссердің ез шаруасы...

Сөйтіп, адамзат тірі тұрса заманадан заманаға өте берер Клеопатра ханым қазақ тілінде сөйлей алмай қалды.

Дегенмен үмітімізді ұзбейік, мұмкін тағдырдың жазуымен сөйлесе сөйлеп те кетер, кім білсін оны?!

* * *

Қазақ мәдениетіне еңбегі сіңіп жүрген, ана-мына, қақсоқта шаруасы жоқ Пұсырманов Виктор Балалар мен жасөпірімдер театрында істеп жүрген кезінде бір күні маған келді.

— «Қазақ солдаты» тамаша дүние ғой, саҳнаға шығарғым келеді. Сондай қызығамын,— деді ол аузының суы құрып.

Мен қарсы болмадым. Жалғыз ғана ескертпем, бұл мәселені ең алдымен авторымен келісіп алу керектігін айттым. Шамасы, Виктор кірпияз автормен араға мейі жұмсағысы келген болуы керек, кабинеттен қөңілсіздөу шықты да, арада бірер сағат өтпей қайтып келді. Жүзінде қуаныш: Ғабең жоспарыммен танысып, қабылдады. Енді іске кірісемін.

— Іске сәт, Виктор!

Сөйтіп, «Қазақ солдатының» Пұсырманов жасаған орысша инсценировкасы дүниеге келді. Бәріміз де оқыдық. Ұнаттық. Автордың өзі де дән риза. Ғабеңнің өзі қалауымен Зейнолла Қабдолов инсценировканы қазақшага аударды. «Қазақ солдаты» Жасөспірімдер театрының сахнасына шығатын болды. Қоятын режиссер Пұсырманов Виктордың өзі. Ендігі мәселе қаламақысын қалай төлеуде. Біз Репертуарлық коллегияда ақылдаса отырып, бірауыздан «Қазақ солдатын» инсценировка деп емес, өз алдына көркем туынды — пьеса деп қабылдайтын болдық. Себебі — бұл нұсқаға Мұсіреповтың өз қолының тигені еді. Ғабең шығарманы мұқият оқып, алатын жерін алып, қосатын жерін қосқан. Түзеген, жөндеген. Бір сөзбен айтқанда сінірген енбегі мол. Мен осы шешімді дерек романның ақы иесіне хабарладым. Ол кісі ризашылығын білдіріп, белгілі күні келіп өзіне тиесілі қаламақысын алып кетті. Сол күннің ертеңіне Виктор телефон шылдыратады. Даусы сондай саңқылдан естіледі. Аса қуанышты екені айқын.

— Мына Ғабең шал нағыз адам екен той...

— Е, ол кісінің нағыз адам екенін жаңа ғана білдің бе?

— Рас, бұрын да білетінмін. Сөйтсе де тап осындай екеніне бүгін ғана көзім жетті.

— Иә, не болды?

Сөйтсе Мұсірепов Викторды шақырып алған да кешегі өз қаламақысын бұған берген. Виктор ибалық сақтап алғысы келмеген екен. Ғабең жауабы дәлелді:

— Сен менен гөрі қаламақыны аздау табатын жігітсің той, бала-шагаң бар шығар, бір керегіне жаратарсың.

Пұсырманов қуанышы — міне, осы.

* * *

Мұсірепов дүние саларынан бір жыл бұрын жазушылардың таудағы өнер үйінде біраз жатып, демалғаны бар. Бір күні ақсақал мені өз бөлмесіне шақырды.

— Менде бір тамаша костюм бар. Қазіргі жігіттер киетін нағыз сәнді қаракөк велюр костюм. Маған үлкендеу соқты. Үнатсан қие той.

Костюм шынында да жақсы екен. Бірақ тым қолапайсыз үлкен. 56-размердің 6-тұрқы. Киіп көріп едім, жені салақтап жатыр. Бір женінен тағы бір сондай жен шығарлықтай.

— Ұзын нәрсені қысқарту қын емес қой. Ине сабақтай білетін әйелдердің кез келгені жөндей алады. Ең жақсысы — беліңе белдігі дәл келеді екен,— деді Ғабен. Сөз саптасынан байқаймын, қайтсе де костюмді маған өткізгісі келеді. Биркасына көз салсам, 200 сом.

— Алсам, алайын,— дедім мен.— Жалғыз-ақ, ақшасын кейін беремін, шыдай тұрасыз.

— Қай шама?— деп нақтылады ақсақал.

Мен пұлын қайтаратын күнді айтып, костюмді алып бөлмеге келдім.

Айтылмышты күні таңғы шайға барғанымда орта жолда кездескен Ғабен:

— Өнеугі уәдені үмитқан жоқсың ба? Ақшаны әкелген шығарсың?— деп сұрады.

— Ғабе, таң жана ғана атқан жоқ па? Қалаға тұскі дәмнен кейін барам.

Ғабен ыждиhattы. Кешке таман қарызыымды тағы есіме салды. Ол күні қаламақымды ала алмасам да, інір қараңғысында үйге келіп, бәйбішеміздің кебежесіндегі шайсулығын жиып-теріп, кештетіп апарып, ақсақалға қол тапсырдым.

Ғабен кәдімгідей қуанып қалды.

Габит Мұсіреповтың үлкен қызы Энгелинаның (бізше Галя) сөзінен: Бір жолы бір жерден бельгиялық пальто алмақ болдым. Бірақ ақшам жоқ. Біреулердің айтуымен (Менің жорамалым бойынша өзінің жұбайы Арыстан болса керек) папама бардым.

— Папа, маған бес жұз сом керек болып тұр?..

— Ондай ақша неге керек болып қалды?

— Бельгиялық пальто тұскен екен, соны алайын деп едім...

Ғабен біраз үнсіз отырған. Содан кейін айтқаны:

— Ондай көп ақша менде қайдан болсын... Басқа біреулерден сұрастырып көрсейші.

Арада бірнеше күн өтіпті. Әкесі қызынан: «Пальтоңды алдың ба?» деп сұрапты.

— Ақша таба алмай жүрмін...

— Ақша берсем, қашан қайтарып бере аласың?

— Пәлен уақытта...

Сейтіп, Галя әкесінен 500 сом ақша алғып, атақты бельгиялық пальтоны қуана-қуана киген той. Қарызыда қайтаратын мерзімді уақыты жеткенде қызы қалтасына қарыз ақшаны салып әкесіне барған. Жазу үстелінде отырған Ғабең сөл ғана жымып, Галя ұсынған ақшаны алыпты да, үстел тартпасына салып қойған.

— Енді ғана жинақ кассасына барсам ба деп отыр едім, дұрыс болды.— Бар айтқан сезі осы.

Туған қызы айтқан осындай оқиғадан кейін велюр kostümнің ақшасын ертемен сұрады, кештетіп сұрады деп ренжудің түк жөні жоқ екені өзінен өзі түсінкті болса керек.

* * *

Бір күні Мұсіреповтің үйіне бардым. Раядан ажырасып кеткен, ғазизаға үйленгеніне біраз болып қалған кез. Ғабең ренішті екен:

— Гүлжиһан уақытылы жұмысқа шықпадың деп Рајаны қызметтен босатып жіберіпті...

Ғабең ренішін мен де қостай бастадым.

— Артистерді жұмысқа келмедің деп қызметтен қуу сорақылық қой. Телефон шалмадыңыз ба Әбуовнаға.

— Отінішке директоры бар, бас режиссері бар, құлак аспайды.

Озім жақсы билетін, әрі жақсы көретін, театр өнеріне соншалықты еңбек сініріп келе жатқан сүйкімді қарындастымыз Гүлжиһан Әбуқызы Жанысбаева Ғабеңді қайтіп сыйламаған?.. Адамға жақсылық жасағаннан басқа бетен мінезі жоқ еді ғой деп күйзеліңкіреп отыр едім, Ғабеңнің келесі сезі бірден айықтырып жіберді:

— Театр басшылары сейтіп, Рајаны қызметтен шығарды да, ана екі баланың бар салмағын маған артып қойды...

Адамның өз баласында қандай салмақ болуға керек? Балалардың ішіп-жемі, киім киісі, жүріс-тұрысы, тәрбиесінің бар қырлары мен сырлары әке мойнында болмағанда енді кімнің мойнында болуға керек еді?..— деген ауыр ойға шомдым.

* * *

Бір күні жазушылардың өнер үйінде жатқан Ғабит Мұсіреповке Рајдан туған екі қызы, әрі Райханнан туған.

бірақ өз фамилиясындағы Бекет Мұсірепов келді. Әкесінің, атасының қасында олар әжептәуір уақыт болды. Содан кейін Габен балаларын есік көзіне дейін шығарып салды. Мен сол есік көзінде, кім екені жадымда жоқ, әйтеуір біреумен шахмат ойнап отыр едім, Габен тіл қатты.

— Егер қалаға түсер болсаң, мені ала кетсөн қайтеді?

Габен мынадай тілек білдіріп тұрганда түсер болмасам да, неге түспеймін деп айтамын.

— Машина дайын, жүріңіз онда.

Көп кешікпей Габен менің машинамың алдына келіп отырды. Артында кенже қызым Индира. Басқа балаларымды танығанымен мына кенжемді біле бермейді екен. Мен та-ныстырып әлек.

— Бұл менің кенжем Индира. Тойында болғансыз. Есімін Индира деп қойдық дегенімізде дастарқан басындағы біреулер дау айта бастағанда оларды тоқтатқан да өзіңіз болатынсыз.

— Соңғы жылдары Сафуан Үнді елінің мәдениетіне үлкен еңбек сініріп жүр. Рабиндрнат Тагордың бір емес үш кітабын қазақшалады. Сондықтан Индира деген әдемі атты бұл нәрестеге қиятын болайық,— дегеніңіз біздің күні бүгінгідей есімізде. Сол тілеуіңіздің шарапаты болар, қазір тұрмыста. Шыңғыс деген нәрестесі бар. Жеке отау тікті. Жолдасы Берік политехникалық институтта сабак береді. Сондай тату тұрады.

— Сенің басқа балаларың да бөлек-бөлек үй болып кетті ғой деймін?— деп сұрады Габен.

— Иә, Габе, дұрыс айтып отырсыз.

— Өлгі келген үш баланың екеуі менің қыздарым да, үшіншісі Райханнан туған жиенім Бекет. Тұрмыс құрамыз, үйленем деген ойларында жоқ. Әлі күнге маған қарайды. Бекет осыдан екі күн бұрын келіп жұз сом алып кетіп еді, сол ақшасы бітіп қалыпты. Енді неге келгені белгілі ғой. Кеше ғана қалтамда бес жұз сом бар еді. Бүгін көк тыным жоқ. Мені, ең алдымен, академияның жанындағы сберкассаға апар. Содан кейін Әлжаппар үйінің қасына түсіріп кетесің.

Мен осы жерде көп ретте көлденендереп алдына түсе бермейтін, шамам келгенше барынша сыйлап жүретін қадірлі ағама былай дедім:

— Габе, мен әдебиетке келген кезде сіздің жұқалау жүретініңізді білетінмін. Қазір сізді ең бай жазушы деп таниды. Бұл менің емес, жұрттың аузында жүрген сөз. Мен сізге бір шындықты айтайын — мына машинаға деген

бензинге ақшаны бірде тауып, бірде таптай жүретін адамын. Оның себебі — төрт балама төрт отау тігіп бердім. Оның үстіне ұлым Саяныма машина алып бердім. Сол себепті тақыр кедейдің өзімін. Ал сіз болсаңыз, анада жұз сом бердім, мынада жұз сом бердім деп тиынды есептеп, өз балаларыңызға шот ашып отырысыз. Мұныңыз қалай?

Әрине, мен қатты кеткенімді, ол кісінің жаңына тиетін сөз айтқанымды білемін. Сөйттес де бұл жерде басқаша сөйлеу мен үшін мүмкін емес еді. Ғабең үндемеді. Ойында не бар?— Менің сөзімді құптады ма, әлде құптамады ма?— Ол арасы маған қараңғы. Мен ол кісіні Құрманғазы мен Карл Маркс көшесінің қызылысындағы жинақ кассасына алып келдім. Ғабең қазір шығам деп кіріп кетті де көп кешікті. Артынан не бол қалды деп барсам, кезекте тұрғандардың қарасы әжептәуір екен. Мен алысырақтағы бос тұрған бір көзгілікке барып, аргы жағында жайбақат отырған қызға:

— А나у көзгілікте жұрт соңында тұрған әдемі шляпалы, үстінде ине-жіптен жаңа ғана шыққандай қымбат кәстөмі бар, орта бойлы, толықша келген сұлу кісіні көресіз бе?— дедім.

Көзгіліктің аргы жағындағы қыз көзін салып жіберді де, мен айтқан кісіні бірден таныды.

— Ендеше, ол кісіңіз Ғабит Мұсірепов, керек тиыннын бере көрініш! Тұрғанына бір сағаттай болып қалды.

Көзгіліктің аргы жағындағы қыз таң қалғанын білдіріп, жүгіре жөнелді. Осыдан кейінгі жиырма минөт ішінде мен Ғабит Мұсіреповті Әлжекенің үйінің алдына әкеп түсіріп, өнержайға қайтып оралдым.

* * *

Ғабит Мұсірепов жазушылардың ішіндегі ең жаңашылының бірі болатын. Керітартпа деген ұғыммен Ғабит Мұсірепов деген ұлы мағынаның үш қайнаса сорпасы қосылмайтынын ол кісімен араласқандардың қайсысы болсын біледі. Сөйттес де оның өз нәсілі, өз ұрпағы жөніндегі көзқарасын айырып, талдау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сөзге сараң Мұсірепов кез келген жерде жариялад бермесе де, ұл балаға зар болғанын біз жақсы білеміз. Рая Мұхамедияроваға үйленерде Жазушылар одағы басқармасының секретариатынан рұқсат сұраған еді. Сондағы айтқаны:

— Жас қызға айдарымнан жел ескендіктен үйленейін деп отырғаным жоқ. Менде ұл бала жоқ қой, қазан аузы

жоғары деген, кім біледі, дүниеге мұрагерім келуі де ғажап емес қой!

Әрине, бұл сөзде қырық бес — елу шақты жыл қызу өткен салдық-серілік ғұмырдың салқыны да болуы мүмкін. Сейтсе де айтылып отырған ақтық сөзді шындық емес деп кім таласа алады?!

Сонымен мұрагер күткен Ғабенің өз кіндігінен жарапған қызы балаларына балам деп қарай бермегенін де айта кеткен жөн. Ол кісінің қазақы көрітартпа ұғымының да көрініс бергені осы мәселе. Ғабенің артында үш қызы қалды. Аманат кассасында 192 мың сомы қалды. Осы бір орасан көп ақшаның үш қызына үш тыны да тиген жоқ. Алты аласы, бес бересі жоқ Жиенқұл дей ме, Жиенбек дей ме, бір арамза!?! қарасұр пысықтың қолында кетті. Бұдан артық трагедия болар ма өмірде, Ғабен осы трагедияны ерте сез-генге ұқсайды. Оған мына құжаттар дәлел бола алады.

I-ші құжат «14.3.77 г. 02 ч. ночи. Поднялась температура. (термометра нет). Пульс 92, головокружения. В 01. ч. Газиза подняла подняла (осылай екі рет жазылған. Ес-кертпе менікі, Сафуан) скандал, она со скандалом ушла от Жуманиязовых. Причина скандала со мной: она не была приглашена в Чиликск. р-н, куда я был приглашен А—АТ ОК КПК. Глотаю валидол. Газиза становится нетерпимой». — Бұл жоғарыда көрсетілген жайма күнтізбенің сол күнгі парагына жазылған сөздер. Ыстығы өсіп, басы айналып отырған адамнан не сұрайсыз, со сәттегі Ғабен халін түсіну үшін қолтаңбаны сол күйінде ұсынуды жөн көрдім.

2-ші құжат — «Габиден, Әлжаппар екеуіңе!

Жетпіс бесті артқа салып алғаннан кейін кейір жайларынды ойлау да керек сияқты көрініп, осы хатты екеуіңе «есиетнама» ретінде жазып отырмын. Орысшасы «завещание» болу керек.

Дегенмен, бұл соңғы айтардың соңғы тарауы ғана. Жазушының негізгі аманаты шығармалары жайында болу керек қой, бұл ол емес: семьялық — жабайы мұрагерлік жайлары. Мұхтар айта беретін — көрі арқардың өрісі қысқара бередіден туған ойлардың үшқыны. Артымда семьялық жанжал-дау болмаса екен деген қаупім барлығы.

Менің қазіргі занды әйелім Ғазиза. Бұл кісіге кездейсоқтық емес, ойланып барып үйлендім. Наразылығым жоқ, жақсы күтеді, ұрыс-керісіміз жоқ, үй ұстай біледі, ризамын.

Бұл кісінің бір-ак міні бар — айыбы емес, міні. Бұл пүшпағы қанамаган әйел. Балага деген аналық сезімі де жоқ, жылылық деп аталатын мейірімі де жоқ.

Менің Раядан туған екі қызы балам бар, бірі он үште, екіншісі он екіге шықты. Мен сол екі қызымын жақсы көремін, әкелік жауапкершілігімді де естен шығара алмаймын. Қызы балалар үшін 12—13 жас деген ата-анасына үлкен жауапкершілік артатын кезең. Оқулары жақсы, спортқа да жақсы, талантты дерлік балалар. Осы балала-рымын Газиза үйге жуытқысы келмейді (жоғарыда айтылған наразылығының жоғы, риза екендігі қайда?— жақша ішіндегі ескертпе менікі. Сафуан). Мен ең көп болса, айна екі рет (жексенбі күні) бірнеше сағатқа барып қайтамын. Балаларым көп келмейсін, көп отырмайсын деп өкпелеп қалады. Осы жайларымыз қазір драмалық күйде. Мен олай-бұлай болып кетсем, трагедияға ауысып кете ме деп қауіптенемін.

Мұндайға бас себеп болатын нәрсе артында не қалды, соны бөлісуден басталады ғой. Осы жөнінде сендерге мынадай бір аманатты ертерек тапсырып қойым келеді. Менен не қалса да, соны былай бөліп берсөндер деймін:

Газиза 30 процент.

Гауһар мен Гүлнарға 40 процент.

Галия, Роза, Райхан, Әшім тәртеуіне 30 процент.

(Газиза Еңбек Ерінің әйелі — заң бойынша персональный пенсия алатын болады. Үлкен қыздарым өз алдына үй болды. Ең кіші балаларым әлі жас, аяқтанып кеткенше жоқшылыққа үшіраспаса екен деймін. Олар менің фамилиямда — Мұсіреповалар). Мүмкін, екеуің күлерсіндер маған, күле беріндер. Мен өлім тілеп отырған адам емеспін, өле қоярмын деп қауіптеніп жүрген де адам емеспін. Ондай халге жетсем, алдымен еңбектерім жайын жазар едім. Мына бір үй ішілік мәселе барған сайын шиеленісіп бара жатқан соң, сол мұңымды амалсыз жазып отырмын. Оның өзі жіпке тізе берсөң таусылмайтын, күнде бір тық етіп қалып, болашағың белгісін беріп келе жатқаны амалсыз жаздырып отыр.

Қош, көріскеңше күн жақсы.

Ғабит.

22.5.77

«Москва» 630-бөлме.

Р. С. Менде сақтық кітапшасы үшеу: академияда, екеуі Калинин — Фурманова бүрышында. Мұның біреуі «сроч-ный», біреуі жалпы.

Ф. М.»

Драмаға толы бұл өситет-хатты саналы адамға тебіренбей, бей-жай оқу мүмкін емес.

Осы құжаттарға қараганда қасірет бұлты Мұсірепов ба-
сына дүние саларынан сегіз жыл бұрын үйіріле бастаған.
Ал өлерінен бірер жыл бұрын сүйенері жоқ жалғыз қалған
Ғабен әтқұмбының шын мағынасында трагедияға айналғанын
көреміз.

— Газез Оспановтың естелігі:

Газез өліп бара жатса да өтірік айтпайтын, аса момын,
Ғабенің адад досы еді. Сол кісі бір күні маған былай деді:

Бір күні көңілін сұрайын деп Ғабенде телефон шалдым.
Кіріп шығайын деп едім. Ғабенің өзімізге үйреншікті са-
бырлы да мақамды даусы шықты.

— Үйдемін, келуіңе болады.

Арада көп болса бір сағаттай ғана уақыт өткенде мен
Виноградов пен Мұқан Төлебаев көшесінің қызылысындағы
үйдің үшінші қабатына көтеріліп, 25-пәтердің есігін қаға
берейін дегенімше болмады, үй ішінен — әй, әкеңнің аузын...
деген боктық айғай естілді. Сейткенше болмады, есікті
жұлқып ашып Жиенбек жүгіре шықты. Не болды? — дегеніме құлақ та қойған жоқ, менің үйге кіргелі тұрғаныма
қарамастан есікті сарт еткізді де төмен қарай жүгіре жөнелді.
Мен үйге кірдім. Ғабен болса, өз кабинетінде, Ғазиза болса,
ас ішетін бөлмеде. Екеуі де үнсіз. Үй іші тып-тыныш.—
Не болды? — деп үрэйлене сұрап едім, бір де бірі үн қатпады.
Мен Мұсірепов үйіне тірі барып, өліп шықтым. Бұл не
сүмдүк? Ғабит Мұсіреповке тіл тигізетін бұл неткен хай-
уандық?!

Газездің маған айтқан екінші әңгімесі:

— Тағы бір күні Ғабенде тағы да телефон шалдым. Ғабен
даусы дұрыс.— Үйдемін. Келуіңе болады,— деді. Арада
қанша уақыт өтті, есімде жоқ, көп болса, сол бір сағаттың
ол жақ, бұл жағы. Келсем, дәлізде Жиенбек, Ғазиза, Ғабен
тұр. Бәрі де киініп алған. Сыртқа бет қойыпты.

— Өзу, Ғабе, жаңа ғана кел демеп пе едініз, енді қайда
кетіп бара жатырысыз?

Ғабен қиналыңқырай сөйлемеді:

— Мыналар қояр емес, завещаниеге қол қоясың деп
қоймаған соң нотариусқа бара жатырмын. Құтылмасам бол-
майтын секілді.

Мен тағы да салым суға кетіп үйге оралдым.

Міне, жаны таза, ары таза, жаңсақ сөйлеуді білмейтін,
қой аузынан шөп алмас сибек торысы Газез Оспановтың
екі естелігі осындай. Бір жақсысы бұл әңгімені Газез ақсақал
маған ғана емес басқа кіслерге де айтыпты. Солардың
ішінен қазақ әдебиетінің бұл күнгі ақсақалы Әлжаппар
Әбішевті куәлікке тартсам да жетіп жатыр.

Өнер адамдарының сорына қарай дүниеге келетін, ұят-аят дегенді білмейтін Жиенқұлдарды құтырытып жүрген 192 мың сомның тарихы, міне, осындай. Дүние өлшемі басқа қырынан көрініп, жарқ-жүрк етіп жатқан бүгінгі нарық заманында, әрине, екі жұз мың дегенің түк те емес. Ал бұл ақшаны кешегі заманың түзу кезіндегі 1984-жылдың өресімен қарасаң, телегей-теңіз байлық. Ол кездегі екі жұз мың сомның не екенін бүгінгі еті өліп кеткен оқырманға нақтылад жеткізу үшін мынадай салыстырманы пайдалансам да жетіп жатыр: ол кездегі мандай алды «Жигули» машинасы 8000 сом тұратын. Бұл сонда Жиенқұлдардың әл үстінде жатқан адамды қорқыту, үркітумен алып қалған 192 мың сомы 24 «Жигули» машинасы деген сөз. 24 «Жигулидің» бүгін неше миллион теңге тұратынын сауатты оқырманның өздері-ақ шығарып ала алады.

Әйтеуір дәтке қуат деріміз — Ғабит Мұсіреповтың өзі тұрған үйде музейінің ашылуы, үй қабырғасына мемориалдық тақтаның қағылуы. Арада жеті жыл өтіп кетсе де республика Президенті Н. Ә. Назарбаевқа барып, жағдайды түсіндіріп, басына ескерткіш орнатқанымыз. Бұған да шукіршілік. Қазақтың сөз зергері Ғабиттың аруағына ақ селеу басымды идім.

Ғабит Махмұтұлы Мұсіреповтың өміріндегі мен білетін, бірақ адам баласы түсініп болмайтын қырлары осындай...

Фажайып суреткер Ғабит Мұсіреповтің артында қыруар мол «Қойын дәптер» қалғаны газет-жорналдарда жазылып, радио-теледидарлардан әлденеше рет айтылғаны халайық-қауымға айдан анық, күннен жарық. Ғабаңың барлық жазылған көркем туындысының кейбір көріністері, штрихтары, ондагы айтылатын негізгі ойлары мен уақиға желісі де осы дәптерлерден табылады. Мұнда ел қамы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимеген ұлы хандарымыз бер билеріміз, ақын-жазушыларымыз бер әнші-күйшілеріміз туралы да мол-мол мәлімет бар. Жазушының бұл дүниелерінің дені маржандай тізіліп араб қарпімен жазылған.

Енді Ғабаңың «Қойын дәптеріне» қалай барғаным жайлы бір-екі ауыз сөз айта кетсем, Жазушылар одағының кең залында ол кісі «Ана тілін арымыздай ардақтайық» деген атпен аса маңызды баяндама жасады. Бұл мәжіліске жүрттың мол жиналғаны сонша, отыраға орын болмай, көпшілік қауым аяғынан тік тұрып тыңдады.

Бір қызығы, ұлы суреткердің ұзак баяндамасы араб ҳарпімен жазылған екен. Бұл дүниені қазіргі қаріпке түсіріп беруді жазушы Шерхан Мұртаза маган өтініш айтып, қасыма бір машинисткасын қосып берді, ол кісі екеуміз үйқтамай күндіз түні жұмыс жасадық. Шерхан ағамыз біздің дайындаған материалымызды шетінен алдырып отырды, сөйтсе ол кісі Ғабана оқып беріп, кейбір қате сөз, жаңылыс кеткен тіркестерді түзетіпти.

Осы аталған Ғабаңың еңбегі сол аптадағы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді. Бұл еңбек тек қана филологтарды ғана емес, дүйім саналы қауымның «көзін қойып, көкірегін ашқан» аса парасат-пайымы мол іс болды,

тіпті бүгінгі біздерге ғана емес, болашақ ұрпаққа да үлгі-өнеге екені сөзсіз еді. Сондықтан аталған баяндамадан әрбір маман иелері өзіне керекті деген дүниені табатыны белгілі. Міне, осыған қарағанда, бір кездегі Жұсіп Баласағұнидың:

Рақат іздесең — бейнетінен қорықпа,
Куаныш іздесең — қайғысынан қорықпа,—

дегені ойымызға оралады. Ұлы адам Ғабаңың «бейнеттен де», «қайғыдан да» именбегені өз елі, өз жұрты үшін ерінбей «инемен құдық қазғаны» осы бір тіл жайындағы ғылыми еңбегінен анық көреміз.

Біздіңше, тарихшыларға да үлгі-өнеге боларлықтай Ғабаңың ғажап тереңдігі, білімдарлығы бүл еңбектің өн бойынан жан-жақты көрінеді. Ол былай дейді: «Нәсілдестік, тілдестік деген тарихи ұғымдар бірер мың жылдардың ішіне сыймайды. Түркі тілдес үлкен елдердің бірі көп тайпалы ұлы жұз — үйсін. Үйсін дүние тарихына әлдеқашан кірсе де, оның тас күәгерлері енді-енді ашылып келеді. Талас бойынан адам баласының бейнесін суреттеген тастың та-былғаны ұлы жұз түріктерінің тіршілігіне көркемөнер де кіргенін куәландырады. Бейнеленген бас кімдікі болса да мейлі оның жүзінен өзімізге таныс біреуді танығандай боласың, бір кенпейіл, ақылды адам сенін де айтқанына сене қалмаса да, оныңа кешірім жасап, жымып «иә, айта бер» дегендегі тірі пішінде» тебірленсе автор бұдан асқан шеберлік, бұдан өткен терендік болар ма, тіпті жазушының қара тасқа «тіл бітіріп» жібергеніне не дер едіңіз?»

Құн шығып, батқандай ғана мезгіл өткендей еді, кеше ғана қасиетті ана тіліміз жайлы бүкіл халайық-қауымды дүрліктіріп, баға жетпес асыл пікірлер айтқан Ғабаң да дүниеден озған. Енді ол кісінің артында қыруар қолжазбалардың қалғаны белгілі. Оны қалай алып қаруға болар екен деп жүргенде тағы да Шерхан ағамыздан көмек сұрадым, ол кісі «бұл игілікті іс болар еді, бізде Хакім Бекішевтің кешіргені бар, бірақ ауруханада жазған екен, сөйлемдері онша үйлеспейді» деп Ғабаңың қызы Фалияға телефон соқты. Жазушы музейінің директоры Нәзира Дәулетова екеуі қуана қарсы алып, осында отырып қара деп бірнеше дәптерін ұсынды. Бұл дүниелердің бәрі де жоғарыда айтқанымыздай араб қарпімен өрнектеліп, өте әсем жазылышты.

Қанша оқысанызы да тоймайсыз, қадалып оқып отыра бересіз. Бір кезде газеттің тапсырмасы есінізге түскенде...

барып, көшіре бастайсыз. Бұл 1989-жылдың шілде айы болатын, тамыздың төрті күні «Жазушының жан сыры» деген атпен Габаңың бірнеше ойлары мен толғаныстары «Қазақ әдебиетіндегі» жарық көрді.

Араға біраз уақыт салып, қыркүйектің бірі күні «Әйел туралы» деген айдармен ұлы жазушының ана туралы нәзік сезімдері аталған газетте тағы да басылған болатын.

Габаңың қойын дәптеріндегі қыруар материал «Егемен Қазақстан» газетінің (24-қазан, 1990 ж) бетінде «Габаңың гибрраттары» деген атпен жарық көрді.

Жоғарыда аталған газетте, яғни 21-наурыз, 1992-жылы тағы да «Өзі асылдың болады сөзі де асыл» деген тақырыппен Габаңың қойын дәптеріндегі інжу-маржан сөзі қайтадан басылды. Бұл ұлы жазушының туғанына тоқсан жыл то-туымен байланысты жарияланған болатын.

Енді Габаңың «Тұсімде көрген бір желі» атты («Пара-сат» 1991, № 1, 4—5 беттер) тақырыппен берілген қойын дәптеріндегі материалдардың жөні де, жолы да бөлек, тіпті терең жазылған дүние. Әсіресе бұл күндері өз орнын әлі де ала алмай отырған, біреу түсініп, біреу түсінбей, біреу менсініп, біреу менсінбей келе жатқан халқымыздың асқан ғұламасы Мәшіхұр Жұсіп Көпейұлын Ғабит Махмұтұлының терең танығанына қайран қалмасқа болар ма?! Халқымыздың данышпан екені «зер қадірін зергер таниды» деген сөзінен де көрініп түр емес пе?! Біз де ұлы жұрты-мыздың парасаты мен тереңдігін әлі де мойындал болмаған сияқтымыз.

Ұлы суреткердің тоқсан жылдық тойына арнаап, (1992 ж № 3, 11—13-беттер) «Парасат» журналы «Ар мен адам» деген айдармен тағы да Габаңың «Қойын дәптеріндегі» материалдарынан берген болатын. Атақты жазушының бұл жан сыры көптеген оқушыға ой салды, тіпті жазушылар мен ғалымдар бір жерде кездесе қалса, маған «Габаң ұлы ғой шіркін, ойы қандай терең, сезімі қандай нәзік» деп өздері сұрағалы тұрған боп әңгіме қозғаса да, жауабын сенен күтпей, өз ішкі ойларын жосылта жәнеледі. Сен үндемей басынды изей бересің, әңгіме осымен бітті ғой деп жүре бастасаң, тоқтатып қойып: «Айтпақшы, Габаң күнделігін қандай қаріппен жазыпты?» деп сұрайды. «Араб қарпімен» деп жауап бересің.

Ғабит ағамызбен біраз жылдар бірге болып, қимас та қызық сәттерді бірге өткізген Раиса Мұсірепова-Мұхамеди-ярованың («Қазақстан әйелдері», 1992 ж. № 5, 6, 11, 12 сандары) естеліктері, ұлы жазушының ол кісіге жазған

жібектей нәзік, теңіздей терең, гүлдей үлбіреген хаттары адам жанын ғажайып бір әсем күйге бөлері сөзсіз.

Бұл «Қойын дәптерге» Әбділда Тәжібаев пен Әлжаппар Әбішевтің де кезінде ұлы суреткер Ғабаңмен жазысқан хаттары және Сафуан Шаймерденовтың «Ғабеңнің беймәлім қырлары» атты «Халық кеңесі», 14 мамыр) естелігі де еніп отыр.

Сәрсенбі Дәуітұлы.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
ЖАЗУШЫНЫҢ ЖАН СЫРЫ	5
ӘЙЕЛ ТУРАЛЫ	65
КЕЗДЕСІП ЕДІ СОЛ БЕЙНЕ	70
АНА ТЛІМІЗДІ АРЫМЫЗДАЙ АРДАҚТАЙЫҚ	91
ҒАБЕНІНІҢ БЕЙМӨЛІМ ҚЫРЛАРЫ	126
ҚҰРАСТАРЫШЫДАН	139.

М 83 Мұсірепов Ф. Ой-сезім сәттері /Құраст. С. Дәүітұлы. — Алматы: Жалын, 1996. — 144 б.
ISBN-5-610-01191-4

Өзінің шырайлы шығармаларымен бәрімізге сөз қадірін ұғындырыптаған Ғабенің күнделігіндегі, қойын дәптеріндегі әр тақырыпты қамтыған жазбалары оның тексті ойының, көркем тілінің және бір қырын ашқандай. Оның ауыз адебиеті, қазіргі казақ адебиеті, еркілы түрмис көріністері, мінез құлықтар, әйел, махаббат, достық жайындағы еш өндесіз, қаз-қалпында түсе қалған ой-сезімдері кімге де болса қызықты, тағылымды болары хақ.

М 4702250202-18
408(05)96 Құлақтандырылмаған 96
ISBN-5-610-01191-4

Фабит Мұсірепов

ОЙ-СЕЗІМ СӘТТЕРІ

Сараышылары — Ж. Әбдіғапарова, Ж. Әлмагамбетова

Суретшісі — С. Макаренко

Көркемдеуші сараши — С. Макаренко

Техникалық сараши — Л. Самойлова

ХУ № 4848

Теруге 1.02.95 жіберілді. Басуға 8.08.95 қол койылды. Қағазы тип № 2. Қалпы 84x1081/32 Қаріп түрі т. таймс. Шығынды басылыш. Шартты бояу колемі 8,03. Шартты баспа табагы 7,56. Есептік басылу табагы 6,97. Ұзын саны 2000 дана. Тапсырыс 423. Келісімді баға.

Казақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі үлттық агенттігінің «Жалын» Баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңырлық, 143-үй.

Казақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі үлттық агенттігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Макатаев көшесі, 41-үй.

102

102-11

